

**Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы**  
Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

**Осы кодекстің қолданысқа енгізілу тәртібін 283-баптан қараңыз.**

Осы Кодекс неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарын реттеудің мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды, отбасының дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

**ЖАЛПЫ БӨЛІМ**  
**1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**  
**1-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢНАМАСЫ**

**1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілері – адамды дараландыратын және оның құқықтары мен міндеттерінің туындауымен, болуымен және тоқтатылуымен байланысты болатын заңдық тұрғыдан ресімделген мән-жайлар;

2) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

3) аккредиттеу - Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үәкілдегі органдың бала асырап алу жөніндегі агенттіктердің өз қызметін жүзеге асыру құқығын ресми тануы;

4) алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат;

5) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алушын бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мүқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

6) ата-анасы бас тартқан бала (ата-анасы бас тартқан балалар) – тиісті заңды құжаттарды ресімдеу жолымен оны одан әрі тәрбиелеуден, оқытудан, материалдық қамтамасыз етуден ата-аналары (ата-анасы) бас тартқан бала;

7) әке болуды анықтау - баланың аласымен некеге тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) адамның балаға қатысты әке болуын тіркеуші органдың анықтауы не сот тәртібімен анықтау;

8) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

9) бала асырап алу - нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер туындастын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны;

10) бала асырап алу жөніндегі агенттіктер - өз мемлекетінің аумағында балаларды асырап алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында осындай қызметті жүзеге асыру үшін аккредиттелген коммерциялық емес шетелдік ұйымдар;

10-1) бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы;

11) балалық шақ – кәмелетке толмаган адамдардың құқықтық жай-күйі;

11-1) баланы қабылдайтын отбасы – жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынысыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарындағы кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынысыз қалған баланы тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына орналастыру нысаны;

12) баланың занды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін коргауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастыруши басқа да адамдар;

13) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (ага-қарындастар), ата, әже, немерелер;

14) жалған неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің отбасын құру ниетінсіз, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қылған неке (ерлі-зайыптылық);

15) жеке басты куәландыратын құжат – жеке басты сәйкестендіру мақсатында оның иесінің жеке басын және құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін, жеке тұлғаның дербес деректері туралы тіркелген ақпараты бар белгіленген үлгідегі материалдық объект.

Жеке басты куәландыратын құжаттарға "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттар жатады;

16) жекжаттық – ерлі-зайыптылардың бірінің екінші жұбайының жақын туыстарына қатысы;

17) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

17-1) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынысыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынысыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынысыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын дереккөр;

18) Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын орталық атқарушы орган;

19) қамқоршылық – он терттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарына салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін коргаудың құқықтық нысаны;

20) қын өмір жағдайындағы бала (балалар) – қалыптасқан мән-жайлар салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар); арнаулы білім беру үйымдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарындағы бала (балалар); пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмаған бала (кәмелетке толмағандар);

21) қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қоргаудың құқықтық нысаны;

22) қорғаншы – немесе қамқоршы - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға;

23) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар - азаматтардың репродуктивтік қызметін түзеуге бағытталған диагностика, емдеу және оңалту жөніндегі медициналық іс-шаралар кешені;

24) материалдық жағдай – жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы; олардың мөлшері; мүлкінің болуы; отбасының басқа да мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы;

25) мұліктің шарттық режимі – ерлі-зайыптылардың неке шартымен белгіленген меншік режимі;

26) неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың еркіті және толық келісімімен жасалған ерекк пен әйел арасындағы тең құқықты одақ;

27) неке (ерлі-зайыптылық) жасы – осы Кодексте белгіленген, адамның некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) құқығына жеткендегі жасы;

28) некеде тұрмаган (ерлі-зайыпты болмаган) ана - бала (балалар) тұған, бірақ тіркеуші органдарда тіркелген некеде тұрмаган (ерлі-зайыпты болмаган) әйел;

29) отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындаитын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

30) отбасылық жағдай – некеде (ерлі-зайыпты) болу не болмау немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, жесірлік, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы;

31) патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығының қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны;

32) репродуктивтік денсаулық – адамның толымды ұрпақ туғызуға қабілетін көрсететін денсаулығы;

33) суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел;

34) суррогат ана болу – сыйақы төлене отырып, суррогат ана мен ерлі-зайыптылар арасындағы шарт бойынша, күні жетпей босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балаларды) көтеру және туу;

35) суррогат ана болу шарты - некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және балалы болғысы келетін адамдар мен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану жолымен бала көтеруге және тууға өз келісімін берген әйел арасындағы нотариатта куәландырылған жазбаша келісім;

36) туыстар – үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы адамдар.

2. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, "бала (қызы) асырап алу" және "бала асырап алу", "бала (қызы) асырап алушылар" және "бала асырап алушылар", "асырап алынған балалар (қыздар)" және "асырап алынған балалар", "бала (балалар)" және "бала", "ата-аналар (ата-ана)" және "ата-аналар", "ерлі-зайыптылар (жұбайы, зайыбы)" және "ерлі-зайыптылар" деген үғымдардың мәні бірдей.

**Ескерту.** 1-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2013.01.29 № 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 № 236-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасының негіздері**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы:

- 1) ерекк пен әйелдің некелік (ерлі-зайыптылық) одағының еркітілігі;
- 2) отбасындағы ерлі-зайыптылар құқықтарының тенденсі;
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу;
- 5) балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық;

6) отбасының кәмелетке толмаған, қарт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мұдделерін басымдықпен қорғау;

7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері;

8) отбасының барлық мүшелерінің салауатты өмір салтын қолдау қағидаттарына негізделеді.

3. Тек мемлекеттік органдар қиган неке (ерлі-зайыптылық) ғана танылады.

Діни жоралар мен рәсімдер бойынша қылған неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органдарда тіркелген некеге (ерлі-зайыптылыққа) теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдарлар тудырмайды.

Ерекек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке (ерлі-зайыптылық) деп танылмайды.

4. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, нәсілі, ұлты, тілі немесе діни көзқарасы немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тығым салынады.

Азаматтардың неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және бұл тек конституциялық құрылышты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілік құндылықтарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сол шамада шектелуі мүмкін.

### **3-бап. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен реттелетін қатынастар**

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы:

1) отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді;

2) некеге отырудың (ерлі-зайыпты болудың), некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін белгілейді;

3) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды;

4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді;

5) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайды.

### **4-бап. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Кодекстен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

### **5-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарына қолдану**

1. Осы Кодекстің 3-бабында аталған, Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен реттелмеген отбасы мүшелері арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы қолданылады, өйткені бұл неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарының мәніне қайшы келмейді.

2. Осы Кодекстің 3-бабында көзделген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмеген және оларға қолданылатын әдет-ғұрып болмаған жағдайларда, бұл олардың мәніне қайшы келмейтіндіктен, мұндай қатынастарға ұқсас қатынастарды реттейтін (заң ұқсастығы) Қазақстан Республикасының неке-отбасы және (немесе) азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады. Аталған жағдайларда заң ұқсастығын пайдалану мүмкін болмаған кезде, неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының неке-отбасы немесе азаматтық заңнамасының жалпы негіздері мен мәні және адалдық, парасаттылық пен әділеттілік талаптары (құқық ұқсастығы) негізге

алынып, сондай-ақ заңын үақытка, кеңістікке және адамдар тобы бойынша қолданылу қағидаттары сақтала отырып, айқындалады.

## **2-тарау. НЕКЕ-ОТБАСЫ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ-ОТБАСЫ) ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ**

### **6-бап. Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарында құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру**

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарынан туындайтын өздеріне тиесілі құқықтарды, оның ішінде осы құқықтарды қорғауға арналған құқықты өз қалауы бойынша пайдаланады.

Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарының жүзеге асырылуы мен міндеттердің орындалуы отбасының басқа мүшелері мен өзге де құқық субъектілерінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

### **7-бап. Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын қорғау**

Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын қорғауды азаматтық сот ісін жүргізу қағидалары бойынша сот жүзеге асырады. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) құқықтарын қорғауды мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде және осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Бұзылған құқықты қорғау үшін билік немесе басқару органына жүгіну құқық қорғау туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге кедергі жасамайды.

### **8-бап. Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарында талап арыздың ескіруін қолдану**

1. Бұзылған құқықты қорғау мерзімі, осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, талап арыздың ескіруі неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарынан туындайтын талаптарға қолданылмайды.

2. Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарынан туындайтын дауларды қараған кезде, талап арыздың ескіруі белгілейтін нормаларды қолдану кезінде сот Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларын басшылыққа алады.

## **2-БӨЛІМ. НЕКЕ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ)**

### **3-тарау. НЕКЕ ҚИЮДЫҢ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУДЫҢ) ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІВІ**

#### **9-бап. Неке қиюдышты (ерлі-зайыпты болудың) шарттары**

1. Неке қилю (ерлі-зайыпты болу) үшін некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) ерек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке (ерлі-зайыптылық) жасына толуы қажет.

2. Осы Кодекстің 11-бабында көрсетілген мән-жайлар болған кезде неке қылмайды (ерлі-зайыпты болмайды).

#### **10-бап. Неке (ерлі-зайыптылық) жасы**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

2. Мынадай дәлелді себептер болған:

1) жүкті болған;

2) ортақ бала туған кезде неке қиюдышты (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендеді.

3. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін.

4. Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) келісімімен жол беріледі.

5. Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке (ерлі-зайыптылық) жасына толған адам мен неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адам

арасындағы некеге (ерлі-зайыптылық) неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі.

### **11-бап. Арапарында неке қызылуына (ерлі-зайыпты болуына) жол берілмейтін адамдар**

Некелесуге (ерлі-зайыпты болуға):

- 1) бір жынысты адамдардың;
- 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;

3) жақын туыстардың;

4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;

5) сottың заңдық құшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді.

### **12-бап. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарды медициналық зерттеп-қарау**

1. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілерге медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродуктивтік денсаулық сақтау мәселелері бойынша консультация беруді және зерттеп-қарауды денсаулық сақтау үйымдары және тек олардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді.

2. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарды зерттеп қараудың нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол неке қиоға (ерлі-зайыпты болуға) ниеттенген адамға зерттеп қараудан өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамның некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) басқа адамның денсаулығына қауіп төндіретін ауруының болуы ерекше жағдайлар болып табылады.

### **13-бап. Неке қиодың (ерлі-зайыпты болудың) тәртібі**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың тікелей қатысуымен тіркеуші органдарда не арнайы мемлекеттік неке сарайларында қылады.

Некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірген адамдардың біреуі тіркеуші органға келе алмайтын айрықша жағдайларда (ауыр науқастануы, жүріп-тұру қындығымен байланысты мүгедектігі, күзетпен ұсталуы немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы) некені қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үйде, медициналық немесе өзге де үйимда тиісті үйимның әкімшілігімен міндетті тұрде келісіле отырып, некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

2. Неке қио (ерлі-зайыпты болу) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер тіркеуші органға өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші орган құжаттамамен расталған дәлелді себептер болғанда, бұл мерзімді қысқартады немесе ұзартады.

Айрықша мән-жайлар (жүктілік, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да айрықша мән-жайлар) болған кезде некені қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) қалауы бойынша өтініш берілген күні жүргізіледі.

3. Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі, сондай-ақ олардың заңды өкілдері тіркеуші органның неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V Заңымен (01.01.2016 бастап енгізіледі).**

### **4-тарату. НЕКЕНІ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚТА) ТОҚТАТУ**

### **14-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату**

Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату өздеріне байланысты емес мән-жайлар салдарынан (қайтыс болу, олардың біреуін қайтыс болған деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тану) не осы Кодексте белгіленген тәртіппен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жолымен ерлі-зайыптылардың екеуінің де не біреуінің өз еркі бойынша іс-әрекеттер жасауды нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасында зандық қатынастардың тоқтатылуы болып табылады.

Ерлі-зайыптылар арасында некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылуы ата-аналар мен осы некеде (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалар арасындағы құқықтық қатынастарды үзбейді және тоқтатпайды.

**15-бап. Ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы, соттың оны қайтыс болды деп жариялауы немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тануы салдарынан некенің(ерлі-зайыптылықтың)тоқтатылуы**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болуы, сондай-ақ сот оны қайтыс болды деп жариялауы немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тануы салдарынан тоқтатылады.

2. Сот қайтыс болды деп жариялаған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімдері күшін жойған жағдайда ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) қалпына келтіруі мүмкін.

3. Неке қиу (ерлі-зайыпты болу) кезінде тараптарға (немесе тараптардың біріне) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған жұбайы тірі екені белгілі болған жағдайларды қоспағанда, егер басқа зайыбы жаңадан некеге отырса (ерлі-зайыпты болса), некенің (ерлі-зайыптылықтың) қалпына келтірілуі мүмкін емес.

**16-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша оны бұзу жолымен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғанышының өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін.

2. Некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінен бұзуга болмайды.

**17-бап. Тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу**

1. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жок ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуга өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде тіркеуші органдарда неке (ерлі-зайыптылық) бұзылатын болады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуін:

- 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- 3) сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныса;

4) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

3. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын мемлекеттік тіркеуді осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркеуші орган жүргізеді.

**18-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде ерлі-зайыптылар арасында туындастын дауларды қарау**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың арасында ортақ мүлікті бөлуге, еңбекке қабілетсіз жұбайын, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаларын күтіп-багуға қаражат төлеуге қатысты туындастын даулар медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен қаралады.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.11.2014 № 254-В Заңымен (алғашқы реңми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**19-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу**

1. Егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сактауды мүмкін еместігін анықтаса, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

2. Мынадай:

1) осы Кодекстің 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған;

2) ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған;

3) егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған;

4) ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

3. Ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сотқа өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

4. Ерекше жағдайларда сот осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқылы.

**20-бап. Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу**

Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған кезде сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім тағайындан отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Ерлі-зайыптыларға татуласу үшін мерзім тағайындалып, істі қаралуы кейінге қалдырылған жағдайда, сот ерлі-зайыптылардың бірінің талап-арызы бойынша осы Кодекстің 22-бабы 2-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді шешеді.

Егер ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды талап етсе, неке (ерлі-зайыптылық) бұзылады.

**21-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) өзге де негіздер бойынша сот тәртібімен бұзу**

1. Кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі болған кезде, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу себептерін анықтамастан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуы мүмкін.

2. Егер кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың біреуі бір-біріне мүліктік талаптар болмаған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өтініш берсе, ал екіншісі өзінің қарсылықтарының болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарса, сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу себептерін анықтамастан, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуы мүмкін.

**22-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы шешім шығару кезінде сот шешетін мәселелер**

1. Неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылуы кезінде ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлү туралы келісімді сottың қарауына ұсына алады. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін ерлі-зайыптылар өзінің тегін таңдауды некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын мемлекеттік тіркеу кезінде шешеді.

2. Егер ерлі-зайыптылар арасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, осы келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мұдделерін бұзатындығы анықталған жағдайда, сот:

1) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-аналарының қайсысымен тұратындығын айқындауға;

2) ата-аналардың қайсысы және қандай мөлшерде балаларды күтіп бағуға алименттер төлейтінін айқындауға;

3) кәмелетке толмаған балалардың және (немесе) ерлі-зайыптылардың өздерінің мұдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуге;

4) жұбайынан ақша қаражаттын алуға құқығы бар екінші жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін айқындауға міндетті.

3. Егер мүлікті бөлү үшінші бір адамдардың мұдделерін қозғайтын болса, сот мүлікті бөлү туралы жеке іс жүргізуі талап етуге құқылы.

**23-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған жағдайда оның тоқтатылуу кезі**

1. Тіркеуші органдарда бұзылатын неке (ерлі-зайыптылық) - азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке (ерлі-зайыптылық) сотта бұзылған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сottың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

Сот некені (ерлі-зайыптылықтың) бұзу туралы сottың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жер бойынша, сондай-ақ неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеген жер бойынша тіркеуші органга жіберуге міндетті.

2. Некені (ерлі-зайыптылықтың) бұзу туралы заңды күшіне енген сottың шешімі сот шешімі шығарылған жер бойынша не ерлі-зайыптылардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органдарда мемлекеттік тіркеуге жатады.

Ерлі-зайыптылар алдындағы некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге (ерлі-зайыптылыққа) отыруға (тіркелуге) құқылы емес.

#### **24-бап. Некені (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатудың салдары**

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатулымен ерлі-зайыптылардың өздерінің неке-отбасылық (ерлі-зайыптылық-отбасылық) қатынастарынан туындайтын мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттері тоқтатылады.

### **5-тарау. НЕКЕНИҢ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚТЫҢ) ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ**

#### **25-бап. Некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп тану**

1. Осы Кодекстің 9-11-баптарында белгіленген шарттар бұзылған кезде, сондай-ақ мынадай жағдайларда:

- 1) жалған неке (ерлі-зайыптылық) қыылған кезде;
- 2) мәжбүрлеп неке (ерлі-зайыптылық) қыылған кезде;

3) егер некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретін ауруы бар екенін жасырса, сот некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп таниды.

2. Сот некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп тану туралы сottың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сottың осы шешімінің үзінді көшірмесін неке қиодың (ерлі-зайыпты болудың) мемлекеттік тіркелген жері бойынша тіркеуші органга жіберуге міндетті.

3. Неке (ерлі-зайыптылық) қыылған күннен бастап жарамсыз деп танылады.

#### **26-бап. Некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдар**

1. Некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп тану туралы талап етуге:

1) егер неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адаммен неке қыылса (ерлі-зайыпты болса), кәмелетке толмаған жұбайы, оның заңды өкілдері немесе прокурор;

2) неке қиомен (ерлі-зайыпты болумен) құқығы бұзылған жұбай, сондай-ақ, егер мәжбүр ету, алдау, қателесу нәтижесінде немесе неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде өз іс-әрекеттерінің мәнін түсінбеген және өзін-өзі билей алмаған жай-күйінің салдарынан ерлі-зайыптылардың біреуінің некеге отыруға ерікті келісімі болмаған кезде неке қыылса (ерлі-зайыпты болса), прокурор;

3) неке қиоға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін білмеген жұбайы, әрекетке қабілетсіз деп танылған жұбайдың қорғаншысы, алдындағы бұзылмаған неке (ерлі-зайыптылық) бойынша жұбайы;

4) прокурор, сондай-ақ жалған неке қио (ерлі-зайыпты болу) жағдайында, некенің (ерлі-зайыптылықтың) жалғандығы туралы білмеген жұбайы;

5) осы Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар болған кезде құқығы бұзылған жұбайы құқылы.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адаммен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адаммен қыылған некені (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп тану туралы істі қарау кезінде іске қатысуға қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган тартылады.

## **27-бап. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыздығын жоютын мән-жайлар**

1. Егер некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы істі қарау кезіне неке қиуға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтірген мән-жайлар жойылса, сот осы кезден бастап некені (ерлі-зайыптылықты) жарамды деп тануға құқылы.

2. Сот неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адаммен қыылған некені (ерлі-зайыптылықты), егер мұны қемелетке толмаған жұбайдың мүдделері талап етсе, сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тануга оның келісімі болмаған кезде жарамсыз деп тану туралы талап-арыздан бас тартуы мүмкін.

3. Егер мұндай некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеткен адамдар істі сот қарағанға дейін іс жүзінде отбасын құрса, сот некені (ерлі-зайыптылықты) жалған деп тани алмайды.

4. Ерлі-зайыптылардың арасында жақын туыстық болған не некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде ерлі-зайыптылардың біреуі басқа бұзылмаған некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) жағдайларды қоспағанда, неke (ерлі-зайыптылық) ол бұзылғаннан кейін жарамсыз деп таныла алмайды.

## **28-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп танудың салдары**

1. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, сот жарамсыз деп таныған неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттерін туғызбайды.

2. Некесі (ерлі-зайыптылығы) жарамсыз деп танылған адамдар бірлесіп сатып алған мұліктің құқықтық режимі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен реттеледі. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылар жасасқан неке шарты жарамсыз деп танылады.

3. Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану мұндай некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жұз сексен күн ішінде туған балалардың құқығына нұқсан келтірмейді.

4. Некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы шешім шығарылған кезде сот некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылған мән-жайлар неке қиу (ерлі-зайыпты болу) кезінде өзіне белгілі болмаған жұбайдың (адал ниетті жұбайдың) екінші жұбайдан осы Кодекстің 148 және 149-баптарына сәйкес қаражат алу құқығын тануға құқылы, ал неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған кезге дейін бірлесіп сатып алынған мұлікті бөлуге қатысты осы Кодекстің 33, 37 және 38-баптарында белгіленген ережелерді қолдануға, сондай-ақ неке шартын толық немесе ішінара жарамды деп тануға құқылы.

Адал ниетті жұбай Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес екінші жұбайдан өзіне келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

5. Адал ниетті жұбай некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану кезінде неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезіндегі өзі таңдаған тегін сақтауға құқылы.

## **6-тарау. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **29-бап. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерінің туындауы**

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындаиды.

### **30-бап. Ерлі-зайыптылардың отбасындағы тенденсі**

1. Ерлі-зайыптылар тең құқықтар пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

2. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет түрін, кәсібін және діни сенімін тандауға ерікті.

3. Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұрғылықты, болатын жерлері мәселелерін және отбасы өмірінің басқа да мәселелерін бірлесіп шешеді.

4. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық пен өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілудіне және олардың әл-ауқат жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

### **31-бап. Ерлі-зайыптылардың тектерді тандау құқығы**

1. Неке қиу (ерлі-зайыпты болу) кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ тегінде өздерінің біреуінің тегін тандайды не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге дейінгі тегін сақтап қалады, не біреуі (екеуі де) өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосып алады.

Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің болса да некеге тұрганға дейінгі тегі қосарлас болса, олардың тектерін қосуға жол берілмейді.

Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде тегі өзгерген жағдайда, азамат бір ай мерзімде жеке басын күэландыратын құжаттарды ауыстыруға міндетті.

2. Ерлі-зайыптылардың біреуінің тегін өзгертуі екіншісінің тегін міндетті түрде өзгертуіне әкеп соқпайды.

3. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар неке қио (ерлі-зайыпты болу) кезінде таңдаған тектерін сақтауға немесе өздерінің некеге дейінгі тектерін қалпына келтіруге құқылы.

## **7-тaraу. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ МУЛКІТІК ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **§1. Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі**

#### **32-бап. Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі ұғымы**

1. Егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады.

2. Ерлі-зайыптылардың шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің бірлескен ортақ меншігі болып табылатын мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалады.

#### **33-бап. Ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігі**

1. Ерлі-зайыптылар некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

2. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкінен ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтеннен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған табыс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ табыс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүлкітер, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған, капиталдағы үлестер және ол отбасында кімнің атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылар некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

3. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінекеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде үй шаруашылығын жүргізуі, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке табысы болмаған жұбайфа да тиесілі болады.

#### **34-бап. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету**

1. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екеуінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін билік ету жөнінде ерлі-зайыптылардың біреуі мәміле жасасқан кезде екінші жұбайының келісімі қажет болады. Екінші жұбайдың тек қана оның талап етуі бойынша оның келісімі болмаған себептері бойынша және егер басқа тарап осы мәмілені жасасуға екінші жұбайдың келіспеуі туралы білгендігі немесе көрінеу білуге тиіс болғандығы дәлелденген жағдайлардаған сот ерлі-зайыптылардың біреуінің ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін билік ету жөнінде жасасқан мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін.

3. Ерлі-зайыптылардың біреуі жылжымайтын мүлікке иелік ету жөнінде мәміле және нотариатта күэландыруды және (немесе) заңда белгіленген тәртіппен тіркеуді қажет ететін мәміле жасасуы үшін екінші жұбайдың нотариатта күэландырылған келісімін алу қажет.

Аталған мәмілені жасасуға нотариатта күэландырылған келісімі алынбаған жұбай осы мәміленің жасалғандығы туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде мәмілені сот тәртібімен жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

### **35-бап. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі**

1. Мыналар:

1) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлкі;

2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлкі;

3) некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, жеке пайдаланатын заттары (киім-кешек, аяқиім және басқалар) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады.

2. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрган кезеңде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы жинаған мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп таниды.

### **36-бап. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкін олардың бірлескен ортақ меншігі деп тану**

Егер некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе ерлі-зайыптылардың бірінің мүлкі не олардың кез келгенінің еңбегі есебінен осы мүліктің құнын едәуір арттырған салыным жасалғаны (күрделі жөндеу, реконструкциялау, қайта жабдықтау және басқаларды) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып танылады.

### **37-бап. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу**

1. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу ерлі-зайыптылардың кез келгенінің талап етуі бойынша некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде де, ол бұзылғаннан кейін де, сондай-ақ кредит беруші ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы талабын мәлімдеген жағдайда да жүргізілуі мүмкін.

2. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі олардың келісімі бойынша ерлі-зайыптылар арасында бөлінуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікті бөлу туралы келісімі нотариатта куәландырылуға тиіс.

3. Дау туған жағдайда, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың осы мүліктегі үлестерін айқындау медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот кәмелетке толмаған баланың мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай мүліктің берілуге жататынын айқындаиды. Егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, екінші жұбайға тиісті ақшалай немесе өзге өтемақы алып беріледі.

4. Тек қана кәмелетке толмаған балалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқиім, мектеп және спорт керек-жарагы, музикалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлуге жатпайды және балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі.

Ерлі-зайыптылар өздерінің кәмелетке толмаған ортақ балаларының атына ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі есебінен салған салымдары сол балаларға тиесілі болып есептеледі және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлген кезде есепке алынбайды.

5. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ортақ мүлкін бөлген жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің бөлінбegen бөлігі, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде бұдан әрі жинаған мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігін құрайды.

6. Некесі (ерлі-зайыптылығы) бұзылған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы ерлі-зайыптылардың талаптарына неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезден бастап талап-арыз есқіруінің үш жылдық мерзімі қолданылады.

**Ескеरту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-В Заңымен (алғашкы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **38-бап. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде үлестерді айқындау**

1. Егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы мүліктегі үлестерін айқындау кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі тен деп танылады.

2. Егер жұбайлардың біреуі дәлелсіз себептермен табыс таппаса немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін екінші жұбайдың келісімінсіз отбасының мұдделеріне нұқсан келтіріп жұмсаса, сот кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін негізге ала отырып және (немесе) ерлі-зайыптылардың біреуінің мұдделерін негізге ала отырып, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі олардың үлестерінің тенденцияларынан танылады.

3. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ борыштары олардың арасында өздеріне берілген үлеске барабар түрде болінеді.

## §2. Ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық режимі

### 39-бап. Неке шарты

1. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі (ерлі-зайыптылықтағы) және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындаитын келісім неке шарты деп танылады.

2. Неке шартында некеде (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алған балалардың мүліктік құқықтары көзделуі мүмкін.

### 40-бап. Неке шартын жасасу

1. Неке шарты тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен бастап неке қио (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелгенге дейін де, некеде тұрган (ерлі-зайыпты болған) кезеңіндегі кез келген уақытта да жасалуы мүмкін.

Неке қио (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелгенге дейін жасалған неке шарты неке қио (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

2. Неке шарты жазбаша түрде жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландырылуға жатады.

### 41-бап. Неке шартының мазмұны

1. Ерлі-зайыптылар неке шартымен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген тұрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлек меншік режимін белгілеуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкіне қатысты да, болашақтағы мүлкіне де қатысты жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің табыстарына қатысу тәсілдерін, өздерінің әрқайсысының отбасылық шығыстар шығару тәртібін айқындауға; неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті айқындауға, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді, сондай-ақ осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алған балалардың мүліктік жағдайын енгізуге құқылы.

2. Неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдермен шектелуі не белгілі бір жағдайлардың туындауына немесе туындауда қарай қойылуы мүмкін.

3. Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілеттілігін немесе әрекетке қабіletтін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; енбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың күтіп-бағу қараждатын алуға құқығын шектейтін ережелерді және Қазақстан Республикасы неке-отбасы заңнамасының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды көздей алмайды.

### 42-бап. Неке шартын өзгерту және бұзу

1. Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез келген уақытта өзгертулуй немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, неке шартын орындаудан біржакты бас тартуға жол берілмейді.

2. Ерлі-зайыптылардың біреуінің талап етуі бойынша неке шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде шартты өзгерту және бұзу үшін белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

3. Неке шартында неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылғаннан кейінгі кезенге көзделген міндеттемелерді қоспағанда, неке шартының қолданылуы неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

#### **43-бап. Неке шартын жарамсыз деп тану**

1. Неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәмілелер жарамсыздығының негіздері бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. Егер шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайда қалдыраса немесе осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтарын бұзса, сот ерлі-зайыптылардың осы біреуінің талап етуі бойынша неке шартын толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы да мүмкін. Осы Кодекстің 41-бабы 3-тармағының талаптарын бұзатын неке шартының талаптары жарамсыз деп танылады.

### **§3. Ерлі-зайыптылардың міндеттемелер бойынша жауапкершілігі**

#### **44-бап. Ерлі-зайыптылардың мүлкінен өндіріп алу**

1. Ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша тек сол жұбайының мүлкі ғана өндіріп алынады. Бұл мүлік жеткіліксіз болған кезде кредит беруші өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде борышкер жұбайға тиесілі болатын борышкер жұбайдың үлесін бөліп беруді талап етуге құқылы.

2. Егер сот ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша алынғандардың бәрі отбасының мұқтажына пайдаланылғанын анықтаса, өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ міндеттемелері бойынша, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың біреуінің міндеттемелері бойынша ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі өндіріп алынады. Бұл мүлік жеткіліксіз болған кезде ерлі-зайыптылар көрсетілген міндеттемелер бойынша өздерінің әрқайсысының мүлкімен ортақ жауапкершілікте болады.

Егер сottың үкімімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыстық жолмен алған қаражат есебінен сатып алынғаны немесе көбейтілгені анықталса, тиісінше ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе оның бір бөлігі өндіріп алынады.

3. Ерлі-зайыптылардың өздерінің кәмелетке толмаған баласы келтірген зиян үшін жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады. Ерлі-зайыптылардың өздерінің кәмелетке толмаған баласы келтірген зиянды өтеуі кезінде осы балтың 2-тармағына сәйкес олардың мүлкінен өндіріп алыну жүргізіледі.

#### **45-бап. Неке шартын жасасу, өзгерту және бұзу кезіндегі кредит берушілердің құқықтарына кепілдік**

Борышкер жұбайдың кредит берушісі (кредит берушілері) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес, өзгерген мән-жайларға байланысты ерлі-зайыптылар арасында жасалған неке шартының талаптарын өзгертуді немесе оны бұзуды талап етуге құқылы.

### **3-БӨЛІМ. ОТБАСЫ 8-тaraу. БАЛАНЫҢ ТУУ ТЕГІН АНЫҚТАУ**

#### **46-бап. Ата-аналардың және баланың құқықтары мен міндеттерінің туындауы үшін негіздер**

1. Бала тұғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап атын алуға және азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге құқығы және олардың қамқорлығына құқығы болады.

2. Ата-аналардың және баланың құқықтары мен міндеттері баланың Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.

3. Бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың құқықтары мен міндеттері асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне негізделеді.

#### **47-бап. Баланың түү тегін анықтау**

1. Баланың анасы жағынан түү тегін (анасын) аданың баланы медициналық ұйымда туғанын растайтын құжаттардың негізінде тіркеуші орган анықтайды.

Бала медициналық ұйымнан тыс жерде туған жағдайда, оның түү тегін түү фактісін растайтын медициналық құжаттардың негізінде тіркеуші орган анықтайды, ал олар болмаған жағдайда, баланың түү тегінің фактісі сот тәртібімен анықталады.

2. Бір-бірімен некеде тұратын (ерлі-зайыпты) адамдардан туған баланың түү тегі ата-анасының некені (ерлі-зайыптылықты) қиу туралы күелігімен расталады.

Бала суррогат анадан туған жағдайда баланың түү тегі суррогат ана болу жөнінде жасалған шарт негізінде күеландырылады.

3. Егер өзгеше дәлелденбесе, бала неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жұз сексен күн ішінде туған жағдайда, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылуы мүмкін.

4. Егер баланың анысы өзінің жұбайы не бұрынғы жұбайы баланың әкесі емес деп мәлімдесе, баланың әкесі баланың өз анасының және әкесінің не жұбайының, бұрынғы жұбайының бұл туралы жазбаша өтініші болған кезде, осы баптың 5-тармағында немесе осы Кодекстің 48-бабында көзделген қағидалар бойынша анықталады. Мұндай өтініш болмаған жағдайда бұл мәселе сот тәртібімен шешіледі.

5. Баланың анысымен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамның әке болуы баланың әкесі мен анысының тіркеуші органға бірлесіп өтініш беруі арқылы анықталады. Анысы қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасының болған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда немесе ол ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда - қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен баланың әкесінің өтініші бойынша, мұндай келісім болмаған кезде - сот шешімі бойынша анықталады.

Егер анысының жұбайы болып табылмайтын еркектің әке екендігі анықталған болса, баланың анысы босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдердің ішінде өзін құтіп-бағу жөніндегі шығыстарға арналған тиісті ақша қаражатын одан сот тәртібімен талап етуге құқылы. Сот ақша қаражатының мөлшерін және төлемдердің кезеңділігін тараптардың материалдық, отбасылық және назар аударуға тұратын басқа да мұдделерін негізге ала отырып, ақша қаражатын төлеу кезінде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген арақатынасымен айқындайды.

6. Тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасындағы баланың әкесі туралы мәліметтерді алып тастау туралы сот шешімі негізінде тіркеуші орган баланың анысының жұбайы немесе бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып көрсетілген түү туралы акт жазбасындағы баланың әкесі туралы мәліметтерді алып тастайды.

7. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толған адамға қатысты әке болуды анықтауға - тек қана оның келісімімен, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылса, оның қорғанышының немесе қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен жол беріледі.

#### **48-бап. Эке болуды сот тәртібімен анықтау**

Бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) ата-аналардан бала туған жағдайда және ата-аналарының бірлескен өтініші немесе баланың әкесінің өтініші болмаған кезде баланың нақты адамнан түү тегі (әкесі) ата-аналарының біреуінің, бала қорғанышының немесе қамқорышының өтініші бойынша немесе баланы асырап отырған адамның өтініші бойынша, сондай-ақ бала кәмелетке толған соң оның өз өтініші бойынша сот тәртібімен анықталады. Бұл ретте сот баланың нақты адамнан түү тегін дәйекті түрде растайтын айғақтарды назарға алады.

#### **49-бап. Соттың әке болуды тану фактісін анықтауы**

Өзін баланың әкесімін деп мойындаған, бірақ баланың анысымен некеде тұрмайған (ерлі-зайыпты емес) адам қайтыс болған жағдайда оның әке екенін тану фактісі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот тәртібімен анықталуы мүмкін.

#### **50-бап. Баланың ата-аналары (ата-анасы) туралы түү туралы актілер жазбалары кітабына жазу**

Баланың ата-аналары (ата-ана) туралы түу туралы актілер жазбалары кітабына жазу осы Кодексте көзделген тәртіппен жүргізіледі.

### **51-бап. Эке (ана) болуды даулау**

1. Түү туралы актілер жазбалары кітабына ата-аналардың жазуы баланың әкесі немесе анасы ретінде жазылған адамның, іс жүзінде баланың әкесі немесе анасы болып табылатын адамның, бала кәмелетке толған соң оның өзінің, баланың қорғаншысының немесе қамқоршысының, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған ата-ана қорғаншысының талап етуі бойынша тек қана сот тәртібімен даулануы мүмкін.

2. Баланың әкесінің өтініші бойынша немесе әке болудың құшін жою туралы сот шешіміне сәйкес әке мен ананың бірлескен өтініші негізінде баланың әкесі болып жазылған адамның талабы, егер жазу кезінде бұл адамға өзінің іс жүзінде баланың әкесі емес екендігі белгілі болса, қанағаттандырылмауға тиіс.

Егер баланың тууы туралы акті жазбасында баланың анасының жұбайы немесе бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып көрсетілсе, сот түү туралы актілер жазбасынан баланың әкесі туралы мәліметтерді алып тастау туралы мәселені шешкенге дейін тіркеуші орган әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуден жазбаша түрде бас тартуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға жазбаша түрде келісім берген адамдардың әке (ана) болуды даулау кезінде осы мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Басқа әйелге эмбрионды ауыстырып салуға келісім берген адамдардың, сондай-ақ суррогат ананың ана және әке болуды даулау кезінде осы мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

### **52-бап. Бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес)адамдардан туған баланың құқықтары мен міндеттері**

Осы Кодекстің 47-49-баптарында көзделген тәртіппен әке болуы анықталған жағдайда, баланың бір-бірімен некеде тұратын (ерлі-зайыпты) адамдардан туған бала сияқты, ата-аналары мен олардың туыстарына қатысты сондай құқықтары мен міндеттері болады.

### **53-бап. Жеке өмірге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия**

1. Жеке өмір, жеке және отбасылық құпия заңының қорғауында болады.

2. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке өмір туралы өзгеше түрде хабардар болған басқа да адамдар жеке және отбасылық құпияны сақтауға міндетті.

3. Азаматтардың жеке және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жаупаптылыққа әкеп соғады.

## **9-тарау. СУРРОГАТ АНА БОЛУ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ РЕПРОДУКТИВТІК ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

### **54-бап. Суррогат ана болу шарты**

1. Суррогат ана болу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландыруға жатады.

2. Суррогат ана болу шартының жасалуы қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған балаға ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) ата-аналық құқықтары және міндеттерінің болуын әдейі көздейді.

3. Суррогат ана болу шартымен бір мезгілде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) тиісті қызметтер көрсететін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық үйиммен шарт жасасады.

### **55-бап. Суррогат ана болу шартының мазмұны**

Суррогат ана болу шартында:

- 1) ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) және суррогат ананың деректері;
- 2) суррогат ананың күтіміне арналған материалдық шығыстарды төлеу тәртібі және шарттары;
- 3) тараптардың шарт талаптары орындалмаған кездегі құқықтары, міндеттері және жаупапкершілігі;

- 4) 57-баптың 1-тармағында көзделген өтемақының мөлшері және оны төлеу тәртібі;
- 5) өзге де, оның ішінде төтенше оқиға жағдайлары қамтылуға тиіс.

#### **56-бап. Суррогат анаға қойылатын талаптар**

1. Суррогат ана болуға тілек білдірген әйел жиырмадан отыз беске дейінгі жаста, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған, қанағаттанарлық тән денсаулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы, сондай-ақ өзінің дені сау баласы болуға тиіс.

2. Егер суррогат ана тіркелген некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) жағдайда, суррогат ана болу шартын жасасу кезінде жұбайының нотариат тәртібімен куәландырылуға тиіс жазбаша келісімі ұсынылуы қажет.

3. Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйым балалы болуға тілек білдірген адамдардың өздерінің не донор банктің биоматериалдарының сол үшін пайдаланылғаны туралы толық әрі жеткілікті ақпаратпен оларды қолдану туралы қорытынды шығаруға міндетті.

Қорытындының бір данасы нотариатта куәландырылған суррогат ана болу шартына қоса беріледі және мәміленің жасалған жері бойынша сақталады.

#### **57-бап. Суррогат ана болу шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері**

1. Суррогат ана болу шартын жасасу кезінде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер):

1) суррогат ананың медициналық зерттең-қараудан өтуімен байланысты материалдық шығыстарды көтеруге;

2) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылуына байланысты материалдық шығыстарды көтеруге;

3) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйымға тән саулығы, психикалық денсаулығы туралы медициналық қорытындыны, сондай-ақ медициналық-генетикалық зерттең-қараудың нәтижелерін ұсынуға;

4) суррогат ананың жүктілігі, босануы кезеңінде және босанғаннан кейін елу алты күн ішінде медициналық қызмет көрсету бойынша шығыстарды төлеуге, ал жүктілікпен және босанумен байланысты асқыну болған жағдайда, жетпіс күн ішінде шығыстарды төлеуге міндетті.

2. Суррогат ана болу шартын жасасу кезінде суррогат ана 56-баптың талаптарына сәйкес:

1) тапсырыс берушілерге өзінің тән саулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы туралы медициналық қорытындыны ұсынуға;

2) дәрігердің үнемі бақылауында болуға және оның ұсынымдары мен тағайындаған емдерін қатаң сақтауға;

3) өзімен шарт жасасқан адамдарды суррогат ана болу шартында ескерілген кезеңділігімен жүктілікті барысы туралы хабардар етуге;

4) туған баланы өзімен суррогат ана болу шартын жасасқан адамдарға беруге міндетті.

3. Суррогат ана баланы өзге адамдарға беруге құқылы емес.

4. Суррогат ананың тұрақты жұмысы болған кезде еңбек қызметін жалғастыру мәселесі суррогат ана болу шарты тараптарының өзара келісімі бойынша шешіледі.

5. Суррогат ана репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін суррогат ана болу шартында көзделген жүктілік үшін жауаптылықта болады және табиғи жүкті болу мүмкіндігін болғызыбауға міндетті.

6. Көп құрсақ көтеріп жүкті болу туралы мәселе суррогат ана болу шарты тараптарының өзара келісімі бойынша шешіледі.

#### **58-бап. Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану**

1. Тіркелген некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған), сондай-ақ кәмелетке толған, некеде тұрмаган (ерлі-зайыпты болмаған) және медициналық ұйымның қорытындысымен расталған, қанағаттанарлық тән саулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы бар әйелдерге қатысты қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға жол беріледі.

2. Донордың шәуетін қоса алғанда, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде өзі баланы көтеретін және туатын әйел генетикалық ана болып табылады.

3. Бала қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған жағдайда, бұл баланың ата-аналары туралы мәліметтер осы Кодексте белгіленген тәртіппен жазылады.

## **59-бап. Суррогат ана болу шартының немесе қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданудың құқықтық салдары**

1. Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) суррогат ана болу шарты негізінде қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған баланың ата-аналары болып танылады.

Мұндай әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде не суррогат ана болу шартына сәйкес екі және одан да көп бала туған жағдайда ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) әрбір туған бала үшін тең жауаптылықта болады.

2. Суррогат ана болу шартын жасасқан жұбай (тапсырыс беруші) бала туғаннан кейін туу туралы медициналық күелікте оның анасы болып жазылады.

3. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) баладан бас тартуы оның туылғаны тіркеуіш органда тіркелгенен кейін белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолдануға өз келісімін берген не суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан жағдайда, суррогат анадан материалдық шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

Суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан жағдайда, ана болу құқығы өз қалауы бойынша суррогат анада қалатын болады, ал ол бас тартқан жағдайда, бала мемлекет қамқорлығына беріледі.

Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан кезде және баланы суррогат ана қабылдап алған кезде бұл адамдар суррогат анаға шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен өтемекі төлеуге міндетті.

4. Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған жағдайда, суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік ерлі-зайыптылардың екеуіне де жүктеледі.

5. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) біреуі қайтыс болған жағдайда суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік олардың көзі тірісіне жүктеледі.

6. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) екеуі де қайтыс болған және олардың жақын туыстары туған баланы асырап алудан бас тартқан жағдайда, бұл бала суррогат ананың тілегі бойынша - оған, ал ол бас тартқан жағдайда, мемлекет қамқорлығына берілуі мүмкін.

Қорғаншылық нысанында баланың суррогат анаға не мемлекеттік ұйымдарға берілуі оның суррогат ана болу шарты бойынша ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) мұрагері ретіндегі құқықтарын тоқтатпайды.

7. Суррогат ана болу шарты жасалғаннан кейін шартта көрсетілген мерзім ішінде қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялардың пайдаланылмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

8. Суррогат ана болу шарты жасалғаннан кейін суррогат ана табиғи түрде жүкті болған жағдайда шарт бұзылады, ол суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер жұмсаған барлық шығыстарды төлейді.

## **10-тарау. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

### **60-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы**

Өзінің мұдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүрге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар.

Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, өз мұдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Ата-аналары болмаған кезде, олар ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген кезде және ата-ана қамқоршылығынан айрылған басқа да жағдайларда осы Кодекстің 13, 15 және 18-тарауларында белгіленген тәртіппен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың отбасында тәрбиелену құқығын қамтамасыз етеді.

### **61-бап. Баланың ата-аналарымен және басқа да туыстарымен араласу құқығы**

1. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апасінлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар. Ата-

аналары некесінің (ерлі-зайыптылығының) бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-аналарының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс.

Ата-аналары бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен араласуға құқығы бар. Сондай-ақ, ата-аналары әртүрлі мемлекеттерде тұрған жағдайда, баланың олармен араласуға құқығы бар.

2. Өмірлік қыын жағдайға үшінша баланың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің ата-аналарымен және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар.

## **62-бап. Баланың өз пікірін білдіру құқығы**

Бала отбасында өз мұдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарau барысында тындалуға құқылы. Бұл өз мұдделеріне қайшы келетін жағдайларды қосағанда, он жасқа толған баланың пікірі міндепті тұрде ескерілуге тиіс. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар немесе сот он жасқа толған баланың және занды өкілдердің қатысуымен өзі берген келісімімен ғана шешім қабылдай алады.

Баланың пікірі ата-аналарының немесе баланың тұратын жері бойынша басқа да занды өкілдердің қатысуымен қабылданған, қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның шешімімен ресімделеді.

## **63-бап. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы**

1. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар.

2. Баланың атын өзара келісім бойынша ата-аналары немесе баланың басқа да занды өкілдері береді. Әкесінің аты ата-аналарының немесе баланың басқа да занды өкілдерінің тілегі бойынша оның әкесі болып көрсетілген адамның аты бойынша беріледі.

Бөлек жазылған жағдайда қосарланған ат беруге рұқсат етіледі, бірақ ол екі аттан аспауға тиіс.

Әкесінде қосарланған ат болған жағдайда, балаға әкесінің аты ретінде олардың біреуі не әкесінің екі аты бірге жазылып беріледі.

Әкесі атын өзгертуken кезде - оның кәмелетке толмаған баласының, ал кәмелетке толған бала бұл туралы өтініш берген кезде, оның әкесінің аты өзгереді.

3. Баланың тегі ата-аналарының тегімен айқындалады. Ата-аналарының тегі әртүрлі болған кезде ата-аналарының келісімі бойынша балаға әкесінің немесе анасының тегі беріледі.

Ата-аналарының қалауы бойынша баланың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесі сияқты, анасы тарапынан да әкесінің немесе атасының аты берілуі мүмкін.

4. Ата-аналар арасында баланың атына және (немесе) тегіне қатысты туындаған келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

5. Егер әкесі анықталмаса, баланың аты анасының көрсетуі бойынша беріледі, әкесінің аты баланың әкесі ретінде жазылған адамның аты бойынша, тегі – анасының тегі бойынша немесе ұлттық дәстүрлер ескеріліп, баланың атасының аты бойынша беріледі.

6. Егер баланың ата-аналарының екеуі де белгісіз болса, баланың тегін, атын, әкесінің атын қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, медициналық немесе баланың тұрған жері бойынша оның құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын басқа да ұйымдар береді.

## **64-бап. Баланың атын және (немесе) тегін өзгерту**

1. Ата-аналарының екеуі де тегін өзгертуken кезде кәмелетке толмаған балалардың тегі өзгереді.

Бала он алты жасқа толғанға дейін ата-аналарының бірлескен өтініші бойынша тіркеуші орган баланың мұдделерін негізге ала отырып, баланың атын, сондай-ақ оған берілген текті ата-анасының екіншісінің тегіне өзгертуге рұқсат береді.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған немесе неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған жағдайда бала өзіне туған кезде берілген тегін сактайды.

3. Егер ата-аналары некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдеместен бөлек тұрса және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені баланың мұдделеріне қарай және нотариатта ресімделген

басқа ата-ананың пікірін ескере отырып шешеді. Ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған, ол ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген, әрекетке қабілетсіз деп танылған кезде, сондай-ақ ата-ана баланы күтіп-бағудан және тәрбиелеуден дәлелсіз себептермен жалтарған жағдайларда, ата-ананың пікірін ескеру міндетті емес.

4. Егер ата-аналары некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдей отырып, бөлек тұrsa және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені ата-аналарының екіншісінің пікірін ескермesten, баланың мүдделеріне орай шешеді.

5. Егер бала бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамдардан туса және әкесі заңды тәртіппен анықталмаса, тіркеуші орган баланың мүдделерін негізге ала отырып, оның тегін анасының осындай өтініш жасаған кезде болған тегіне өзгертуге рұқсат етеді.

6. Он жасқа толған баланың аты және (немесе) тегі заңды өкілдердің қатысуымен алынған оның келісімімен ғана өзгертиледі.

## **65-бап. Баланың ұлты**

1. Баланың ұлты оның ата-аналарының ұлтымен айқындалады.

2. Егер ата-аналарының ұлты әртүрлі болса, ұлты балаға жеке куәлік немесе паспорт берілген кезде оның қалауы бойынша әкесінің немесе шешесінің қай ұлтқа жататынына сәйкес айқындалады.

3. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша тек қана ата-аналарының екіншісінің ұлтына өзгертилуі мүмкін.

## **66-бап. Баланың мұліктік құқықтары**

1. Баланың өзі ата-аналарынан және отбасының басқа да мүшелерінен осы Кодекстің 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде күтіп-бағу қаражатын алуға құқығы бар.

2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар ұйымдарының басшыларын қоспағанда, балаға алимент, жәрдемақы ретінде тиесілі сомалар баланың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің билік етуіне түседі және олар осы сомаларды баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсайды.

3. Баланың өзі алған табыстарға, өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртіппен алған мұлікке, сондай-ақ оның өз қаражатына алынған басқа да кез келген мұлікке меншік құқығы бар.

Оз енбегінен табыс алатын бала, егер ол ата-аналарымен бірге тұrsa, отбасын күтіп-бағу жөніндегі шығыстарға қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мұлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады.

Ата-аналар баланың мұлкін басқару жөніндегі құқықтылықты жүзеге асыру кезінде оларға осы Кодекстің 128-бабында белгіленген қағидалар қолданылады.

4. Бірге тұратын бала мен ата-аналар бір-бірінің мұлкін өзара келісім бойынша иеленіп, пайдалана алады.

5. Ата-аналар мен баланың ортақ меншік құқығы туындаған жағдайда олардың ортақ мұлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады.

## **67-бап. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы**

1. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқығы бар.

Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ата-аналары немесе баланың басқа да заңды өкілдері, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, прокурор және сот, сондай-ақ ішкі істер органдары және өз күзыretі шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмаган баланың өз құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Баланың ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қияннаттан қорғалуға құқығы бар.

Баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындаған кезде немесе тиісінше орындаған кезде не ата-ана (қорғанышылық,

камқоршылық) құқықтарын теріс пайдаланған кезде бала - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, ал он төрт жасқа толғанда сотқа өз құқықтарын қорғау үшін өз бетінше жүгінуге құқылы.

3. Баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылғандығы туралы өздеріне белгілі болған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары және өзге де азаматтар бұл туралы баланың нақты тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті. Мұндай мәліметтер алынған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау жонінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

## **11-тaraу. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **68-бап. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің тенденциялары**

1. Ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары және тең міндеттері (ата-ана құқықтары) болады.

2. Осы тарауда көзделген ата-ана құқықтары балалары он сегіз жасқа (кәмелетке) толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде тоқтатылады.

### **69-бап. Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары**

1. Кәмелетке толмаған ата-аналардың баламен бірге тұруға және оның тәрбиесіне қатысуға құқығы бар.

2. Некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған), кәмелетке толмаған ата-аналар өздерінде бала туған жағдайда және өздерінің ана және (немесе) әке болуы анықталған кезде олар он алты жасқа толған соң ата-ана құқықтарын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы. Кәмелетке толмаған ата-аналар он алты жасқа толғанға дейін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган балаға қорғаншы тағайындауды, ол баланың кәмелетке толмаған ата-аналарымен бірге оны тәрбиелеуді жүзеге асырады. Баланың қорғаншысы мен кәмелетке толмаған ата-аналары арасында туындаған келіспеушіліктерді кәмелетке толмаған баланың және ата-аналарының мұдделері мен құқықтарын ескере отырып, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган шешеді.

3. Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын тануға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ өздері он төрт жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуды анықтауды талап етуге құқығы бар.

### **70-бап. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.

2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.

Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.

Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дene бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сұру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру үйімін және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

4. Баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді баланың мұдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, өзара келісу арқылы ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушіліктер болған кезде, бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органғанемесе сотқа жүгінуге құқылы.

### **71-бап. Ата-аналардың баланың құқықтары мен мұдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мұдделерін қорғайды.

2. Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса, ата-аналар өз баласының мүдделерін білдіруге құқылы емес. Ата-аналар мен баланың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Егер ата-аналар балага қатысты ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген жағдайда, баланың мүдделерін білдіруге құқылы емес.

## **72-бап. Ата-ана құқықтарын баланың мүддесінде жүзеге асыру**

Ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайши жүзеге асырылмауга тиіс. Баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысанасы болып табылады.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немкүрайлылықты, қатыгездікті, дәрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс.

## **73-бап. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыруы**

1. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен араласуға, оның тәрбиесі мен баланың білім алуды мәселелерін және бала үшін басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға құқығы бар.

Егер мұндай араласу баланың тән саулығы мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтірмесе, баласы өзімен бірге тұратын ата-ана баланың екінші ата-анасымен араласуына кедергі жасамауга тиіс.

2. Ата-аналары бөлек тұратын кезде баланың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы ата-аналарының келісімімен белгіленеді.

Келісім болмаған кезде ата-аналардың арасындағы дау баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, ата-аналардың талап етуі бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Бұл ретте сот баланың ата-аналардың әрқайсысына, аға-інілеріне және апа-сінлілеріне (қарындастарына) үйірлігін, баланың жасын, ата-аналардың адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін, ата-аналардың әрқайсысы мен баланың арасындағы қарым-қатынастарды, баланың дамуы және тәрбиесі үшін жағдайлар жасау мүмкіндігін (ата-аналар қызметінің түрін, жұмысының режимін, ата-аналардың материалдық және отбасылық жағдайын және басқа да осындай жағдайларды) ескереді.

3. Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар келісімге келе алмаса – дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда – дау осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.

4. Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы сот шешімі орындалмаған жағдайда, кінәлі ата-ана Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Сот шешімі қасақана орындалмаған кезде баласынан бөлек тұратын ата-ананың талап етуі бойынша сот баланың мүдделерін негізге алып және баланың пікірін ескере отырып, баланы оған беру туралы шешім шығара алады.

5. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың білім беру ұйымдарынан, медициналық және басқа да ұйымдардан өз баласы туралы ақпарат алуға құқығы бар.

Ата-ана тараپынан баланың өмірі мен денсаулығына қатер болған жағдайда ғана ақпарат беруден бас тартылуы мүмкін. Ақпарат беруден бас тартуға сот тәртібімен дау айтылуы мүмкін.

**Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-V Заңымен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **74-бап. Ата-аналардың баланы басқа адамдардан талап ету құқығы**

1. Ата-аналар баланы заңын немесе сот шешімінің негізінсіз өз қолында ұстап отырған кез келген адамнан оны қайтаруды талап етуге құқылы. Дау туындаған жағдайда ата-аналар өз құқықтарын қорғау үшін сotқа жүгінуге құқылы.

Бұл талаптарды қарау кезінде сот, егер баланы ата-аналарына беру баланың мүдделеріне сай келмейді деген қорытындыға келсе, баланың пікірін ескере отырып, ата-аналардың талапарызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

2. Егер сот ата-аналары да, бала қолында отырған адамның да оның тиісті түрде тәрбиесін және дамуын қамтамасыз етуге жағдайы келмейтінін анықтаса, сот баланы қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына береді.

## **12-тaraу. АТА-АНА ҚҰҚЫҚТАРЫНАН АЙЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕКТЕУ**

### **75-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру**

1. Егер ата-аналар:

1) ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;

2) өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үйымдарынан және өзге де үйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;

3) өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;

4) балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;

5) спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарына салынса, психотроптық заттарды және (немесе) осыларға ұқсас заттарды теріс пайдаланса, олар ата-ана құқықтарынан айрылады.

2. Ата-аналар өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қары қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айрылылады.

**Ескеरту. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап енгізіледі).**

### **76-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру тәртібі**

1. Ата-ана құқықтарынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің, кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе үйымдардың өтініштері, сондай-ақ прокурордың талабы бойынша қаралады.

2. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер прокурордың және қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен қаралады.

3. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істі қарау кезінде сот ата-ана құқықтарынан айрылыған ата-аналардан алимент өндіріп алу туралы мәселені шешеді.

4. Егер сот ата-ана құқықтарынан айыру туралы істі қарау кезінде ата-аналардың іс-әрекетінен қылмыстық жазаланатын әрекет белгілерін байқаса, ол мұны жеке қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті.

5. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот бұл шешімнің үзінді көшірмесін баланың туын мемлекеттік тіркеу орыны бойынша тіркеуші органға және баланың тұратын жері бойынша қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберуге міндетті.

### **77-бап. Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары**

1. Ата-ана құқықтарынан айыру баламен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан күтіп-багу қаржатын алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген женілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақыны алу құқықтарынан айрылуға әкеп соғады.

2. Ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарды өз баласын күтіп-багу міндетінен босатпайды, бұл міндет оны асырап алуға байланысты тоқтатылады.

3. Бала мен ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың одан әрі бірге тұруы туралы мәселе сот тәртібімен шешіледі.

4. Ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған бала тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сактайды.

5. Баланы басқа ата-анага беру мүмкін болмаган кезде немесе ата-аналарының екеуі де ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда, бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқоршылығына беріледі.

6. Егер бұл балаға теріс етпесе, ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың өтініші бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баламен жолығуға рұқсат етеді.

7. Ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала асырап алуға соттың ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң жол беріледі.

Ата-аналарының біреуі ата-ана құқықтарынан айырылған баланы асырап алуға екінші ата-анасының келісімімен жол беріледі.

#### **78-бап. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру**

1. Егер ата-аналар мінез-құлқын, тұрмыс салтын және бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерткен болса, сот олардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіруі мүмкін.

2. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың өтініші бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы істер ата-ананың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен қаралады.

3. Егер ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың мүдделеріне қайшы болса, сот баланың пікірін ескере отырып, ата-аналардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

Он жасқа толған балаға қатысты ата-ана құқықтары оның келісімімен ғана қалпына келтірілуі мүмкін.

Егер бала асырап алынса және асырап алудың күші жойылмаса, ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге жол берілмейді.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **79-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу**

1. Сот баланың мүддесін ескере отырып, баланы ата-аналардан оларды ата-ана құқықтарынан айырмай алу жолымен ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім шығаруы мүмкін.

Ата-аналары немесе олардың біреуі ата-ана құқықтарынан айырылған немесе шектелген баланы баланың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган орналастырады.

2. Егер баланың ата-аналарымен қалуы:

1) ата-аналарға байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауруы, ауыр мән-жайларға душар болуы) бойынша;

2) ата-аналардың мінез-құлқының салдарынан, бірақ бұл ретте ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру үшін жеткілікті негіздер анықталмай, ол үшін қауіпті болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі.

Егер ата-аналар өз мінез-құлқын өзгертпесе, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-ана құқықтарын шектеу туралы сот шешімі шыққаннан кейін алты ай өткен соң оларды ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап-арыз беруге міндетті.

3. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы талапты баланың жақын туыстары және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ прокурор береді.

4. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің міндетті түрде қатысуымен қаралады.

5. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер қаралған кезде сот ата-аналардан балаға алимент өндіріп алу туралы мәселені шешуге құқылы.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **80-бап. Ата-ана құқықтарын шектеудің салдары**

1. Сот ата-ана құқықтарын шектеген ата-аналар баланы жеке өзі тәрбиелеу құқығынан айрылады, ал осы Кодекстің 79-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, балалары бар азаматтар үшін белгіленген женілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақы алу құқығынан да айрылады.

2. Ата-ана құқықтарын шектеу ата-аналарды баланы күтіп-бағу жөніндегі міндеттерден босатпайды.

3. Өзіне қатысты ата-аналарының ата-ана құқықтары шектелген бала түрғын жайға меншік құқығын немесе түрғын жайды пайдалану құқығын сақтайды, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сақтайды.

4. Ата-аналарының екеуінің де ата-ана құқықтары шектелген жағдайда бала қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына беріледі.

5. Егер бұл балаға теріс әсер етпесе, сот ата-ана құқықтарын шектеген ата-аналарға баламен қатынасуға рұқсат етеді. Қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның не қорғанышысының немесе қамқорышысының, баланың патронат тәрбиешілерінің немесе бала тұрып жатқан үйым әкімшілігінің келісімімен ата-аналардың баламен қатынасуына жол беріледі.

## **81-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу салдарының қүшін жою**

1. Егер ата-аналардың ата-ана құқықтары шектелген негіздер жойылса, сот ата-аналардың талабы бойынша баланы ата-аналарына қайтарып беру туралы және осы Кодекстің 80-бабында көзделген шектеулер салдарының қүшін жою туралы шешім шығарады.

2. Егер баланы ата-аналарына қайтарып беру оның мүдделеріне қайшы келсе, сот баланың пікірін ескере отырып, талапты қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

## **82-бап. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алу**

1. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланы ата-аналардан немесе оны қамқоршылыққа алған басқа да адамдардан дереу айырып алуға құқылы.

Қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган сот шешімі қабылданғанға дейін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының актісі негізінде баланы дереу айырып алады.

2. Баланы айырып алу кезінде қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кешіктірмей прокурорға хабарлауға, баланы уақытша орналастыруды қамтамасыз етуге және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды баланы айырып алу туралы актіні шығарғаннан кейін жеті күн ішінде ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге міндетті.

## **83-бап. Баланы айырып алуға байланысты істер бойынша сот шешімдерін орындау**

1. Баланы ата-аналарынан айырып алуға және оны басқа адамға (адамдарға) беруге байланысты сот шешімдері қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің және бала берілетін адамның (адамдардың) міндетті түрде қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда ішкі істер органдары өкілінің қатысуымен мәжбүрлі түрде орындалатын болады.

2. Баланы оның мүдделеріне нұқсан келтірмей ата-аналарынан айырып алу және оны басқа адамға (адамдарға) беру туралы сот шешімін орындау мүмкін болмаған кезде, бала соттың

ұйғарымы бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда уақытша орналастырылуы мүмкін.

## 13-тaraу. БАЛА АСЫРАП АЛУ

### 84-бап. Асырап алуға жол берілетін балалар

1. Тууды осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркелген және толық тән саулығы, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуын қамтамасыз ету мүмкіндіктері ескеріле отырып, кәмелетке толмаған балаларға қатысты тек қана солардың мүддесінде асырап алуға жол беріледі.

Бұл ретте баланың жас мөлшері, естиярлық дәрежесі және өзін асырап алуға келісімі ескеріледі.

2. Жалғыз ата-анаы немесе екеуі де:

1) қайтыс болған;

2) баладан бас тартқан;

3) ата-ана құқықтарынан айрылған және олар қалпына келтірілмеген;

4) туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдарға баланы асырап алуға келісім берген;

5) сот тәртібімен әрекетке қабілесіз, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған;

6) белгісіз болған жағдайда, балалар асырап алуға жатады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) — 3), 5) және 6) тармақшаларында аталған, Республикалық деректер банкінде есепте тұрған балалар азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, балалардың туыстарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен асырап алуға берілуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға берілуі мүмкін.

Баланы туыстары, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алмаған жағдайларда ғана Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар шетелдіктерге асырап алуға берілуі мүмкін.

Шетелдіктердің бала асырап алуы туралы істерді қарған кезде сот азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан баланың туыстарының не Қазақстан Республикасы азаматтарының осы баланы бірінші кезекте асырап алу құқығын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының іске асырганын анықтауға міндетті.

5. Шетелдіктердің бала асырап алуына балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында Қазақстан Республикасымен тең мәнді халықаралық міндеттемелері бар елдердің азаматтарына ғана рұқсат етіледі.

6. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Осы баптың 2-тармағының 1) — 3), 5) және 6) тармақшаларында аталған балаларды асырап алуға беру туралы рұқсатты қорғаныштық және қамқорыштық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган комиссия қорытындысы негізінде береді.

8. Комиссияның қызмет тәртібі мен құрамын Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаиды.

**Ескерту.** 84-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз) Зандарымен.

### 85-бап. Балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдардың құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары баланы жеке өзі таңдауға, онымен кемінде

екі апта тікелей қатынасуға, баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға баланы асырап алуға тілек білдірген туралы жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын тексеріп-каруа актісін, жиынтық табыс мөлшері, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы туралы, сottalmaғандығы туралы анықтамалар ұсынуға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім-балаларды, ата-аналарының қамқорлығының қалған бір жасқа дейінгі балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алушың рәсімдері аяқталғанға дейін балаларды қорғаншылыққа немесе патронатқа алуға құқығы бар.

3. Бала асырап алуға үміткер Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына баланы асырап алуға тілек білдірген туралы жазбаша өтініш, сондай-ақ арнайы уәкілетті шетелдік мемлекеттік органдар және бала асырап алу жөніндегі ұйымдар беретін, табыстары, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы, оның ішінде психикалық хал-жайы туралы, есірткіге (уытқұмарлыққа), алкогольге тәуелді еместігі туралы, сottalmaғандығы туралы, ықтимал ата-аналардың жеке басының адамгершілік қасиеттері туралы анықтамалар береді. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына құжаттарды табыс еткеннен кейін және асырап алушы баланы асырап алуға келіскең жағдайда асырап алушы баламен кемінде төрт апта тікелей қатынаста болуға тиіс.

### **86-бап. Бала асырап алушының құқықтары мен міндеттері**

1. Бала асырап алушы баланы тәрбиелеуғе, оның денсаулығына, деңе бітімі, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қамқорлық жасауға міндетті.

2. Бала асырап алушы баланың пікірін және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның ұсынымдарын ескере отырып, баланы тәрбиелеу тәсілдерін өз бетінше айқындауға құқылды және осы Кодексте көзделген талаптарды сактауға міндетті.

Республика аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала асырап алушының жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлем алуға құқығы бар.

Бала асырап алушың күші жойылған жағдайда бала асырап алушы жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты төленген біржолғы ақшалай төлемді бюджетке қайтаруға міндетті.

Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығының қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару тәртібін және оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқынайды.

3. Бала асырап алушы баланың пікірін ескере отырып, ол міндетті жалпы орта білім алғанға дейін білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

4. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын бала асырап алушылар бала он сегіз жасқа толғанға дейін жылына кемінде бір рет бала асырап алу туралы сот шешімі шыққан жер бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға асырап алынған баланың тұрмыс, оқу, тәрбие жағдайы және денсаулық жағдайы туралы есептер ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын бала асырап алушылар және шетелдік бала асырап алушылар Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бала он сегіз жасқа толғанға дейін алғашқы үш жылда әрбір алты ай сайын, кейінгі жылдары - жылына кемінде бір рет асырап алынған баланың тұрмыс, оқу, тәрбие жағдайы және денсаулық жағдайы туралы есептер ұсынуға міндетті.

Жекелеген жағдайларда, есептерді ұсыну кезеңділігі бала асырап алушылардың отбасында қалыптасқан нақты ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленеді.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын бала асырап алушылар және шетелдік бала асырап алушылар есептерді бала асырап алушы және бала тұрып жатқан елде орналасқан Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы ұсынады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын бала асырап алушылар және шетелдік бала асырап алушылар осы тармақта көзделген тәртіппен есептер ұсынбаган немесе уақытылы ұсынбаган жағдайда Қазақстан Республикасында бала асырап алу кезінде олардың мүдделерін білдірген бала асырап алу жөніндегі агенттіктің қызметі осы Кодекстің 112-бабы 8-тармағының 6) тармақшасында көзделген негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатады.

Асырап алынған баланың өмір сұру, оку, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулық жағдайы туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін, нысанын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

**Ескеरту.** 86-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 31.03.2014 № 180-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **87-бап. Бала асырап алу тәртібі**

1. Бала асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың (адамның) өтініші бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді.

Сот балаларды асырап алу туралы істерді бала асырап алушылардың өздерінің, қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен қарайды.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік болып табылатын баланы асырап алған кезде баланың заңды өкілінің және бала азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының келісімін, сондай-ақ бұл аталған мемлекеттің заңнамасына сәйкес қажет болса, асырап алуға баланың келісімін алуы қажет.

3. Бала асырап алушы азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын баланы асырап алуды жүргізуі оның тұратын жері бойынша жергілікті атқарушы органнан немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге кеткенге дейін оның ата-аналарынан асырап алуға алдын ала рұқсат алған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұратын шетелдіктердің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Қазақстан Республикасының аумағында асырап алуы осы Кодексте шетелдіктер үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту.** 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **88-бап. Бала асырап алушылардың құқықтары мен міндеттерінің басталу кезі**

Бала асырап алушының және асырап алынған баланың құқықтары мен міндеттері бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындаиды.

Баланы асырап алу туралы сottтың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сот осы шешімнің үзінді көшірмесін бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуши органға және шешім шығарылған жер бойынша қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберуге міндетті.

**Ескерту.** 88-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

### **89-бап. Асырап алуға жататын балаларды және балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу**

1. Асырап алуға жататын балаларды есепке алу осы Кодекстің 117-бабының 5 және 6 тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алууды Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үәкілетті органы белгілеген тәртіппен қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар жүргізеді.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды, шетелдіктерді есепке алууды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындастырып тәртіппен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді.

**Ескерту.** 89-бап жана редакцияда - КР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **90-бап. Бірнеше бала асырап алу**

1. Бір адамның ағалы-інілік және апалы-сіңлілік (карындастырылған) болып табылатын немесе бір-бірімен өзара туыстық қатынасы жоқ бірнеше баланы асырап алуы мүмкін.

Өзара туыстық қатынасы жоқ асырап алған балалардың арасында ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілердің (карындастырылған) арасындағы сияқты құқықтар мен міндеттер туындаиды.

2. Асырап алу балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстырылған білмеген, бірге тұрмадан және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тәрбиеленген ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілердің (карындастарды) әртурлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді.

## **91-бап. Бала асырап алушы болуға құқығы бар адамдар**

1. Бала асырап алушы адамның отбасында баланың қалыпты дене бітімі, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуы, тәрбиеленуі және білім алуы үшін жағдайлар болған кезде бала асырап алуға рұқсат етіледі.

2. Мыналарды:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған ерлі-зайыптыларды;

3) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;

4) өзіне Қазақстан Республикасының зандарында жүктелген міндеттерді тиісінше орындағаны үшін қорғаныш немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілген адамдарды;

5) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алуудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

6) деңсаулық жағдайына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда. Адамның бала асырап алуы, оны қорғаныштыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылданап алуы мүмкін болмайтын аурулар болған кезде, олардың тізбесін деңсаулық сақтау саласындағы үәкілетті орган белгілейді;

7) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

8) дәстүрлі емес жыныстық бағдар ұстанатын адамдарды;

9) асырап алған кезде қасақана кылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған сottalғандығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 14) тармақшасында аталған адамдарды;

10) азаматтығы жоқ адамдарды;

11) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде тұрмадан (ерлі-зайыпты болмаған) ерек жынысты адамдарды;

12) асырап алған кезде асырап алған баланы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

13) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды;

14) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық күкірткыштары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін сотталғандағы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші болігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін.

3. Бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты болмаған) адамдар сол бір баланы бірлесіп асырап ала алмайды.

Ескеरту. 91-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Зандарымен.

## **92-бап. Бала асырап алушы мен асырап алынушы бала арасындағы жас айырмасы**

1. Бала асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде он алты жас болуга тиіс. Сот дәлелді деп таныған себептер бойынша жас айырмасы қысқартылуы мүмкін.

2. Өгей әкесі (өгей шешесі) бала асырап алған кезде, осы баптың 1-тармағында белгіленген жас айырмасының болуы талап етілмейді.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Зандарымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **93-бап. Бала асырап алуға заңды өкілдердің келісімі**

1. Егер ата-ана құқықтарынан айрылмаған болса, баланы асырап алу үшін оның ата-аналарының келісімі қажет.

Кәмелетке толмаған, жасы он алтыға толмаған ата-аналардың баласын асырап алған кезде, сондай-ақ заңды өкілдерінің келісімі қажет.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың заңды өкілдері болмаған кезде немесе кәмелетке толмаған ата-аналар баланы туған кезде медициналық ұйымда қалдырыған және үш айдан аса оның тағдырына ешкім қарайлласпаған жағдайда, - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган растаған өтініште көрсетілуге тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін.

Бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылғанға дейін ата-аналар бала асырап алуға өздері берген келісімінің күшін жоюға құқылы.

2. Бала асырап алуға ата-аналардың келісімі нотариалды куәландырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұратын ұйымның басшысы не бала асырап алған жердегі немесе ата-аналар тұратын жердегі қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган растаған өтініште көрсетілуге тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін.

3. Ата-аналары туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдарға баланы асырап алуға келісім бере алады. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар сотқа асырап алуудың баланың мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытынды береді. Баланы өгей әкесі (өгей шешесі) асырап алған немесе баланы ата-аналарының келісімі бойынша туыстары асырап алған жағдайда, асырап алуудың баланың мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытынды талап етілмейді.

4. Қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы балаларды асырап алу үшін олардың қорғаншыларының немесе қамқоршыларының жазбаша нысандағы келісімі қажет.

5. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт бойынша тәрбиеленіп жатқан балаларды асырап алу үшін патронат тәрбиешілерінің жазбаша нысандағы келісімі қажет.

6. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру үйимдарындағы, медициналық және басқа да үйимдардағы балаларды асырап алу үшін осы үйимдар басшыларының жазбаша нысандағы келісімі қажет.

7. Осы баптың 1, 4, 5 және 6-тармактарында аталған адамдардың келісімінсіз, сот баланың мүддесінде оны асырап алу туралы шешім шығаруға құқылы.

Ата-анасының екеуі не некеде (ерлі-зайыптылы) тұрмаған анасы бас тарту туралы өтінішті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен ресімдеместен, медициналық ұйымда туған баладан бас тартқан жағдайда, сондай-ақ үш жастан аспаған тастанды (ата-анасы бас тартқан) бала табылған кезде, ол қалдырылғаннан немесе табылғаннан кейін үш ай өткен соң сот баланың мүддесінде Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алуы туралы істі қарауға құқылы.

**Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **94-бап. Баланы ата-аналарының келісімінсіз асырап алу**

Егер ата-аналар:

1) белгісіз болған немесе сот оларды қайтыс болған деп жариялаған, хабар-ошарсыз кеткен деп таныған;

2) сот оларды әрекетке қабілетсіз деп таныған;

3) сот оларды ата-ана құқықтарынан айырган;

4) баламен бірге тұрмаған және сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша алты айдан астам уақыт бойы оны тәрбиелеу мен күтіп-бағудан жалтарған жағдайларда, олардың баланы асырап алуға келісімі талап етілмейді.

Некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) ананың Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен ресімделген, медициналық ұйымдағы баладан бас тарту туралы жазбаша өтініші болған кезде сот ата-аналардың баланы асырап алуға келісімін растайтын басқа да құжаттарды талап етуге құқылы емес.

#### **95-бап. Баланың асырап алуға келісімі**

Он жасқа толған баланы асырап алу үшін оның келісімі қажет.

Баланың асырап алуға келісімін ата-аналарының не баланың басқа да занды өкілдерінің, прокурордың қатысуымен сот анықтайды.

#### **96-бап. Ерлі-зайыптылардың біреуінің бала асырап алуға келісімі**

1. Егер баланы ерлі-зайыптылардың екеуі асырап алмаса, ерлі-зайыптылардың біреуі баланы асырап алған кезде бала асырап алуға екінші жұбайдың жазбаша келісімі талап етіледі.

2. Егер ерлі-зайыптылар іс жүзінде отбасылық қатынастарды тоқтатқан болса немесе бір жылдан астам уақыт бөлек тұрып жатса, бала асырап алуға екінші жұбайдың жазбаша келісімі талап етілмейді.

#### **97-бап. Асырап алынған баланың аты, әкесінің аты және тегі**

1. Асырап алынған баланың өз аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі сақталуы мүмкін.

2. Егер бұл баланың мүдделеріне қайшы келмесе, асырап алынған балаға бала асырап алушының өтініші бойынша бала асырап алушының тегі, сондай-ақ ол көрсеткен аты беріледі. Егер бала асырап алушы ер адам болса, асырап алынған баланың әкесінің аты - асырап алушының аты бойынша, ал баланы әйел асырап алған кезде, ол асырап алынған баланың әкесі ретінде көрсеткен адамның аты бойынша айқындалады.

Егер бала асырап алушы ерлі-зайыптылардың тектері әртүрлі болса, бала асырап алушы ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша, асырап алынған балаға олардың біреуінің тегі беріледі.

3. Баланы некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты болмаған) адам асырап алған кезде, оның өтініші бойынша бала асырап алуды тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу кезінде бала асырап алушының көрсетуі бойынша тууды жазу кітабына асырап алынған баланың әкесінің (анасының) аты, әкесінің аты және тегі жазылады. Бала асырап алушының тілегі бойынша әкесі (анасы) туралы мәліметтер көрсетілмеуі мүмкін.

4. Бала асырап алу құпиясын талап ететін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған асырап алынған баланың аты, әкесінің аты және тегі оның келісімімен ғана өзгерілуі мүмкін.

5. Асырап алынған баланың атының, әкесінің аты мен тегінің өзгеруі туралы оны асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

## **98-бап. Асырап алынған баланың тұған күні, айы, жылы мен тұған жерінің өзгертілуі**

1. Бала асырап алу құпиясын қамтамасыз ету үшін бала асырап алушының өтініші бойынша асырап алынған баланың тұған күні, айы, жылы алты айдан аспайтын мерзімге, сондай-ақ оның тұған жері өзгертілуі мүмкін.

Үш жасқа дейінгі баланы асырап алған кезде ғана асырап алынған баланың тұған күнін, айын, жылын өзгертуге жол беріледі.

Асырап алынған баланың тұған жерін өзгерту Қазақстан Республикасы аумағының шегінде ғана жүргізіледі және баланың жасына қарамастан асырап алушының қалауы бойынша жол беріледі.

2. Асырап алынған баланың тұған күнінің, айының, жылышын және (немесе) тұған жерінің өзгеруі туралы оны асырап алған баланың ата-аналары ретінде жазу туралы шешімінде көрсетіледі.

## **99-бап. Бала асырап алушыларды асырауға алынған баланың ата-аналары ретінде жазу**

1. Бала асырап алушылардың өтініші бойынша сот туу туралы актілер жазбалары кітабына оларды өздері асырап алған баланың ата-аналары ретінде жазу туралы шешім қабылдайды.

2. Мұндай жазбаның қажеттілігі сottың бала асырап алу туралы шешімінде міндетті тұрде көрсетіледі.

## **100-бап. Бала асырап алудың құқықтық салдары**

1. Асырап алынған бала және оның ұрпағы - бала асырап алушылар мен олардың туыстарына қатысы бойынша, ал бала асырап алушылар мен олардың туыстары асырап алынған бала мен оның ұрпағына қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерінде шыққан тегі бойынша туыстарына теңестіріледі.

2. Асырап алынған бала жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарынан айрылады және өзінің тұған ата-аналарына қатысты міндеттерден босатылады.

3. Баланы бір адам асырап алған кезде, егер бала асырап алушы ер адам болса - анасының тілегі бойынша немесе, егер бала асырап алушы әйел болса - әкесінің тілегі бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттердің сақталуы мүмкін.

4. Бала асырап алушы асырап алынған баланың меншігіндегі мүліктің сақталуы үшін жауаптылықта болады. Бала асырап алудан бас тартылған жағдайда, осы мүлікті қайтару жөніндегі міндет те бала асырап алушыға жүктеледі.

5. Асырап алынған баланың ата-аналардың біреуімен немесе қайтыс болған ата-анасының туыстарымен қарым-қатынастарының сақталуы туралы бала асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

6. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген бала асырап алудың құқықтық салдары, осы баланың туу туралы актілер жазбалары кітабында бала асырап алушылардың ата-анасы ретінде жазылуына қарамастан туындаиды.

## **101-бап. Асырап алынған баланың жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығының сақталуы**

Өзі асырап алынған кезге қарай ата-аналарының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтарына, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығы бар бала осы құқықты асырап алынған кезде де сақтайды.

**Ескерту. 101-бап жаңа редакцияда - КР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **102-бап. Бала асырап алу құпиясы**

1. Бала асырап алу құпиясы заңмен қорғалады.

2. Ата-аналары, туыстары, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған ұйымдардың және (немесе) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей тұрде хабардар болған басқа да адамдар бала асырап алу құпиясын сақтауға міндетті.

## **103-бап. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану**

1. Бала асырап алу:

- 1) бала асырап алу туралы сот шешімі жалған құжаттар негізінде қабылданған;
- 2) осы Кодекстің 93-бабында аталған адамдардың келісімінсіз бала асырап алынған;

3) некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) адам басқа жұбайының жазбаша келісімінсіз бала асырап алған;

4) осы Кодекстің 91-бабының 2-тармағында көзделген ережелер бұзылған жағдайларда жарамсыз деп танылады.

2. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану сот тәртібімен жүргізіледі.

3. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы істі асырап алушылардың, прокурордың және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің міндетті түрде қатысуымен сот қарайды.

#### **104-бап. Бала асырап алуды жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдар**

Асырап алынған баланың ата-аналары, бала асырап алушының жұбайы, бала асырап алуға байланысты құқықтары бұзылған адамдар, прокурор, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы талап қоюға құқылы.

#### **105-бап. Бала асырап алуды жарамсыз деп танудың салдары**

1. Бала асырап алу туралы сот шешімі шыққан кезден бастап бала асырап алу жарамсыз деп танылады.

2. Бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда, егер бұл баланың мұдделері үшін қажет болса, асырап алынған баланың және бала асырап алушылардың, бала асырап алушылардың туыстарының өзара құқықтары мен міндеттері тоқтатылады және бала мен оның ата-аналарының (оның туыстарының) өзара құқықтары мен міндеттері қалпына келтіріледі.

3. Егер олар асырап алу кезінде өзгерсе, ата-аналардың талап етуі бойынша балаға бұрынғы аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі беріледі, сол сияқты бұрынғы туған күні, айы, жылы мен туған жері қалпына келтіріледі.

4. Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап сот үш күн ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесін бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жіберуге міндетті.

#### **106-бап. Бала асырап алудың күшін жою негіздері**

1. Егер бала асырап алушы:

1) өзіне жүктелген ата-аналар міндеттерін атқарудан жалтарған;

2) ата-ана құқықтарын теріс пайдаланған;

3) асырап алынған балаға қатігездік көрсеткен;

4) асырап алынған балаға күш қолданған немесе психикалық зорлық жасаған;

5) асырап алынған баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаған;

6) маскүнемдікпен, нашақорлықпен және (немесе) уытқұмарлықпен ауырады деп танылған;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген бала құқықтарын бұзған жағдайда бала асырап алудың күші жойылады.

2. Сот баланың мұдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, басқа негіздер бойынша да баланы асырап алудың күшін жоюға құқылы.

#### **107-бап. Бала асырап алудың күшін жою**

1. Бала асырап алудың күшін жою сот тәртібімен жүргізіледі.

2. Бала асырап алудың күшін жою туралы іс бала асырап алушылардың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен қаралады.

3. Бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бала асырап алу тоқтатылады.

Бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот осы шешімнің үзінді көшірмесін бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жіберуге міндетті.

#### **108-бап. Бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар адамдар**

Баланың ата-аналарының, бала асырап алушылардың, бала асырап алушының жұбайының, он төрт жасқа толған асырап алынған баланың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың баланың мүддесінде бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар.

### **109-бап. Бала асырап алудың күшін жоюдың салдары**

1. Сот бала асырап алудың күшін жойған кезде, егер бұл баланың мүдделері үшін қажет болса, асырап алынған баланың және бала асырап алушылардың, бала асырап алушылардың туыстарының өзара құқықтары мен міндеттері тоқтатылады және бала мен оның ата-аналарының (оның туыстарының) өзара құқықтары мен міндеттері қалпына келтірледі.

2. Бала асырап алудың күші жойылған кезде бала сот шешімі бойынша ата-аналарына беріледі. Ата-аналары болмаған кезде, сондай-ақ баланы ата-аналарына беру оның мүдделеріне қайшы келсе, бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқоршылығына беріледі.

3. Сот сондай-ақ баланың асырап алынуына байланысты оған берілген аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі сақталды ма, сондай-ақ бала асырап алу кезінде өзгерген туған күні, айы, жылы мен туған жері қалпына келтірілді ме деген мәселені шешеді.

Он жасқа толған баланың аты, әкесінің аты немесе тегі оның келісімімен ғана өзгеріліуі мүмкін.

4. Сот баланың мүдделерін негізге ала отырып, осы Кодекстің 139 және 141-баптарында белгіленген мөлшерде бұрынғы бала асырап алушыны баланы күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуге міндеттеуге құқылы.

### **110-бап. Асырап алынған бала кәмелетке толған соң бала асырап алудың күшін жоуга жол бермеу**

Бала асырап алудың күшін жоуга бала асырап алушы мен асырап алынған баланың, сондай-ақ егер ата-ана құқықтарынан айырылмаған не олар шектелмеген немесе сот әрекетке қабілетсіз деп танымаған асырап алынған баланың ата-аналары тірі болса, олардың өзара келісімі болған жағдайларды қоспағанда, егер бала асырап алудың күшін жоу туралы талап қойылған кезде асырап алынған бала кәмелетке толса, бала асырап алудың күшін жоуга жол берілмейді.

## **14-тарау. БАЛА АСЫРАП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІКТЕРДІ АККРЕДИТТЕУДІ ЖҮРГІЗУ**

### **111-бап. Жалпы ережелер**

1. Аккредиттеу туралы өтініш берген кезде өз мемлекеттің аумағында аталған салада филиалдар немесе өкілдіктер құру жолымен өз қызметтің кемінде он жыл жүзеге асыратын бала асырап алу жөніндегі агенттіктер (бұдан әрі – агенттіктер) аккредиттеуге жатады олардың құрылтайшылары агенттік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылады.

2. Аккредиттеу агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі есептік тіркелгенге дейін жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органдардың, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар ұйымдарының қызметкерлері, олардың жұбайларын және жақын туыстарын қоса алғанда, агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметкерлері бола алмайды.

4. Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаиды.

5. Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің жалпы саны жиырмадан аспауға тиіс.

Ескерту. 111-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

### **112-бап. Агенттіктерді аккредиттеуді жүргізу тәртібі**

1. Агенттіктерді аккредиттеу, соның ішінде аккредиттеуден бас тарту туралы мәселені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қарайды.

2. Агенттіктің сенім білдірген адамы Қазақстан Республикасының аумағында балаларды асырап алу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру үшін мынадай құжаттарды:

1) құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін;

2) оның тиісті салада қызметті жүзеге асыруға өкілеттігін раставтың, агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органы берген құжаттың көшірмесін;

3) агенттіктің өкілеттігін раставтың құжатты берген немесе агенттіктің Қазақстан Республикасының аумағында тиісті қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі туралы қызметіне бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттің құзыретті органының ұсыным хатын;

4) бала асырап алуға үміткерлерге агенттік ұсынатын, көрсетілетін қызметтердің тізбесін;

5) асырап алынған балалардың тұрмыс жағдайлары мен тәрбиесіне бақылауды жүзеге асыру және белгіленген тәртіппен тиісті есептер және ақпарат беру жөніндегі міндеттемені;

6) бала асырап алушылардың өздері тұратын мемлекетке келген соң асырап алынған баланың Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде есепке қойылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесін;

7) агенттіктің сенім білдірген адамға берген нотариатта куәландырылған сенімхатты;

8) агенттік орналасқан мемлекеттің аумағында немесе Қазақстан Республикасының аумағында агенттіктің қызметі тоқтатылған жағдайда, белгіленген тәртіппен асырап алынған балалардың өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары туралы есептер мен ақпаратты беріп отыратын органды немесе ұйымды тағайындау туралы агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының міндеттемесін;

9) агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының баланың қайтыс болу, оған қатыгездік көрсету, оның ішінде балаға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастық жасау фактісі анықталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына хабар беру туралы міндеттемесін;

10) агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының агенттіктің құрылтай құжаттарындағы өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органын хабардар ету туралы міндеттемесін қоса бере отырып, өтініш беруге міндетті.

Осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында санамаланған құжаттар олар берілген күннен бастап алты ай бойы жарамды болады. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қажет болған жағдайда осы құжаттардың түпнұсқа даналарын қосымша сұратуға құқылы.

Барлық ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен заңдастырылуға тиіс.

3. Агенттікті аккредиттеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы өз құзыреті шегінде аккредиттеу мүмкіндігі туралы тиісті қорытындылар беретін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен, денсаулық сактау саласындағы уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып қабылдайды.

4. Аккредиттеуден бас тартқан жағдайда, оны негіздей отырып, Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді ол қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шығарады.

5. Сенім білдірілген адамның аккредиттеу туралы өтініші Қазақстан Республикасының жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы заңнамасында көзделген мерзімдерде қаралады.

6. Агенттікті аккредиттеу туралы шешім жоғалған кезде, өкіл тиісті өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органында оның телнұсқасын алуы мүмкін.

7. Агенттік бір жыл мерзімге аккредиттеледі. Аккредиттеу туралы шешім иеліктен шығарылмайды және басқа адамдарға беруге жатпайды.

8. Агенттікті аккредиттеуден, оның қызмет мерзімін ұзартудан және (немесе) оның қызметін мерзімінен бұрын тоқтатудан бас тарту негіздері:

1) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;

2) өз қызметі туралы дәйексіз мәліметтер ұсынуы;

3) агенттіктің немесе оның филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметі туралы шет мемлекеттің құзыретті органдарынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан келіп түсken келенсіз ақпараттың болуы;

4) агенттіктің орналасқан жері, қолайсыз әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық ахуал, мемлекетте өскери іс-кимылдардың жүзеге асырылуы;

5) агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы;

6) агенттіктің асырап алынған балалардың түрмис жағдайлары мен тәрбиесін бақылау және белгіленген тәртіппен тиісті есептер және ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы;

7) агенттіктің асырап алынған баланың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде есепке қойылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы;

8) агенттіктің өз мемлекеті аумағында қызметінің тоқтатылуы;

9) Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің белгіленген санынан асыру болып табылады.

9. Өз қызметін аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді алған агенттік алты ай өткен соң Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына қайтадан жүгінуге құқылы.

**Ескеrtу. 112-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді).**

### **113-бап. Агенттіктер филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметін ұзарту, тоқтата тұру және (немесе) тоқтату**

1. Агенттікті аккредиттеу мерзімін ұзарту үшін ол аккредиттеу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына мерзімді ұзарту туралы өтініш береді.

Агенттікті аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы өтінішті Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы өтінішті қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды. Агенттікті аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы (ұзартудан бас тарту туралы) дәлелді шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қабылдалап, агенттіктің филиалына және (немесе) өкілдігіне шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

2. Егер олар агенттікті алғашқы аккредиттеуден кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық талаптарды сақтаған болса, осы баптың 1-тarmaғында көзделген мерзім өткен соң аккредиттеу мерзімі өздігінен ұзартылады.

3. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы:

1) осы Кодекстің нормалары сақталмаған;

2) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және (немесе) өзге де мемлекеттік органдарға агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметіне негізделіп шағымдар жасалған жағдайда, агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұрады.

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы Агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларға хабарлайды.

4. Агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соқкан бұзушылықтар бір ай ішінде жойылған кезде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы оны қайтадан қолданысқа енгізеді.

5. Агенттіктің филиалдары және (немесе) өкілдіктері мынадай жағдайларда:

1) балаларды асырап алу жөніндегі қызметтің агенттіктің құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырмаса;

2) агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соқкан бұзушылықтарды бір ай ішінде жоймаса;

3) агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі қызметтің тоқтату туралы өтініш берсе;

4) агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылу мерзімі өтсе және аккредиттеу мерзімін жаңа мерзімге ұзарту мүмкін болмаса, өз қызметтің тоқтатады.

6. Агенттік филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметтің тоқтату мәселелері осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар анықталған (туындаған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметтің тоқтату туралы дәлелді шешімді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы қабылдайды және шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған жібереді.

7. Агенттік филиалын және (немесе) өкілдігін аккредиттеу, олардың қызмет етуін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының ресми интернет-ресурсына шешімді орналастыру арқылы Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы таратады.

**Ескерту. 113-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **114-бап. Агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің құқықтары мен міндеттері**

1. Агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі:

1) агенттік орналасқан мемлекеттің азаматтарына бала асырап алуда жәрдем көрсетуге;

2) асырап алынатын бала туралы белгіленген тәртіппен және қолемде ақпарат алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымды адамдардың және мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне шағым жасауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы, бала асырап алу тәртібіндегі өзгерістер туралы ақпарат және өздерінің тікелей қызметтіне қатысты басқа да ақпарат алуға құқылы.

2. Агенттіктердің филиалы және (немесе) өкілдігі белгіленген тәртіппен:

1) аккредиттеу алынғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында заңды тұлғалардың филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін есептік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен есептік тіркеуден өтуге;

2) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органына филиалды (өкілдік) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органын өз қызметтінің басталғаны туралы бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге;

4) берілген күнінен бастап алты ай ішінде жарамды болатын (асырап алуға кандидаттардың құжаттарында көрсетілген мерзімдерді қоспағанда) асырап алуға баланы таңдау үшін асырап алушыға кандидаттардың құжаттарын Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына, сондай-ақ асырап алу үшін сотқа ұсынуға;

5) бала асырап алуға үміткерлердің өтініштері негізінде баланың аты, жасы, жынысы, денсаулық жағдайы туралы ақпарат алуға;

6) бала асырап алуға үміткерлерді қабылдау мен орналастыруды және оларға бала асырап алууды ресімдеуде қажетті көмек ұйымдастыруға;

7) бала асырап алу туралы істерді қарau кезінде сот отырыстарына қатысуға, бала асырап алу туралы сот шешімін алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен кету үшін баланың тууы, бала асырап алу туралы күеліктерді және баланың паспортын ресімдеуде бала асырап алушыларға жәрдем көрсетуге;

8) Қазақстан Республикасының аумағында бала асырап алуға үміткерлердің, сондай-ақ бала асырап алушылардың мұдделерін білдіру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыруға міндепті.

3. Агенттіктердің филиалдары және (немесе) өкілдіктері Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына аумағында асырап алынған бала тұратын мемлекеттің құзыретті органы дайындаған, бала асырап алушылардың өздерінің отбасындағы балалардың тұрмыс жағдайы мен тәрбиесі туралы есептер (бұдан әрі - есептер) ұсынуды ұйымдастырады.

4. Бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін алғашқы үш жылда есеп әрбір алты ай сайын ұсынылады. Кейіннен есептер жыл сайын ұсынылады.

5. Есептер тиісті шет мемлекеттің ресми тілінде ұсынылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ұсынылатын есептер белгіленген тәртіппен заңдастырылуға, сондай-ақ қазақ немесе орыс тіліне аударылуға тиіс. Бұл ретте, аударманың мәтіні не аудармашының қолтаңбасы бала асырап алушылардың тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде куәландырылады не оны Қазақстан Республикасының аумағындағы нотариус куәландырады.

6. Асырап алынған балаларды консулдық есепке қою туралы есептер мен ақпараттың есепке алынуы Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындастырын тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 114-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **4-БӨЛІМ. Қорғаншылық немесе қамқоршылық, Республикалық деректер банкі, баланы қабылдайтын және бала қонақтайтын отбасылар**

Ескерту. 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **15-тарау. ЖЕТИМ БАЛАЛАРДЫ, АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҰДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ**

##### **115-бап. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау**

1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және өз өкілдіктері шегінде басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ осы балалардың заңды өкілдеріне жүктеледі.

2. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру, балаларды орналастырудың нысандарын таңдау, сондай-ақ оларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын одан әрі бакылау жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

3. Мемлекеттік органдардың өз құзыретті шегіндегі қызметін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды іріктеу, орналастыру, беру жөніндегі қызметі бойынша делдалдық және кез келген өзге де қызметке тыйым салынады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру бойынша өздеріне жүктелген міндептерді, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды орындастырын басқа да ұйымдардың қызметі, сондай-ақ агенттіктердің осы Кодексте көзделген қызметі бала асырап алу жөніндегі делдалдық қызмет болып табылмайды.

Осы бапта аталған жеке және заңды тұлғалар өз қызметінде коммерциялық мақсаттарды көздей алмайды.

## **116-бап. Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау нысандары**

1. Жетім балалардың, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы жүзеге асырылады, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде — жетім балаларға, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық типтегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.

2. Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады.

**Ескерту. 116-бап жаңа редакцияда - КР 19.05.2015 № 315-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **117-бап. Жетім балаларды, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу**

1. Жетім балаларды, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауды ата-анарапарының қамқорлығынсыз болмауы туралы өздеріне белгілі болған барлық жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалар жетім балалар, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы олардың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

3. Медициналық ұйымдардың лауазымды адамдары жаңа туған бала қалдырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органына бұл туралы хабарлауға міндетті.

4. Жергілікті атқарушы орган оның ата-анарапары немесе оның туыстары жағынан қамқорлықтың болмау фактісі анықталған кезде, мәліметтер алынған күннен бастап үш күн ішінде баланың тұрмыс жағдайын зерттеп-қарап шығуға және баланы орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жетім балалардың, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша олар туралы мәліметтер түсken күннен бастап бір ай ішінде баланы орналастыруды қамтамасыз етеді (Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне алу).

Баланы отбасына тәрбиеге беру мүмкін болмаған кезде Республикалық деректер банкінің өнірлік есебіне алу және кейіннен баланы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына тәрбиелеуге орналастыруда жәрдем көрсету үшін бір ай өткен соң бала туралы мәліметтерді тиісті аумақтық-әкімшілік бірліктердің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органына жібереді.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жетім балаларды, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, баланы қабылдайтын отбасына, патронат тәрбиешілердің отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған кезде өзіне бала туралы мәліметтер түсken күннен бастап екі ай мерзім өткен соң жетім балаларды, ата-анарапарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Республикалық

деректер банкінің орталықтандырылған есебіне қою үшін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органына хабарлауға міндettі.

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы акпаратқа қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органы айқындейдьы.

**Ескерту. 117-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Заңдарымен.

### **118-бап. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру**

1. Азырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа отбасына тәрбиелеуге немесе баланы қабылдайтын немесе қонақтайтын отбасына беру туралы шарт бойынша патронаттық тәрбиелеуге берілген, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде — барлық типтегі ұйымдарға (білім беру, медициналық және басқалар) берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырган кезде баланың мұддесінде оның ұлты, белгілі бір дінді және мәдениетті ұстанатыны, ана тілі, тәрбиелеу мен оқытуда сабактастықты қамтамасыз ету мүмкіндігі ескерілуі мүмкін.

2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, отбасы тәрбиесіне немесе осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұйымдарға орналастырылғанға дейін балаларға қорғаншылық немесе қамқоршылық міндептерін атқару баланың түрган жері бойынша уақытша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүктеледі.

**Ескерту. 118-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **15-1-тaraу. Республикалық деректер банкі**

**Ескерту. 4-бөлім 15-1-тaraумен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **118-1-бап. Республикалық деректер банкін қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын талаптар**

1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орналасқан жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдары және Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органы республикалық деректер банкін қалыптастырады.

2. Республикалық деректер банкінде қамтылатын мәліметтер мемлекеттік электрондық акпараттық ресурстар болып табылады.

### **118-2-бап. Республикалық деректер банкін қалыптастыру**

1. Республикалық деректер банкін қалыптастыру және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органы айқындейдьы.

2. Республикалық деректер банкін қалыптастыру үшін ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді міндепті тәртіппен ұсынатын, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар осындаі мәліметтерді пайдалануға ез құқықтарын жоғалтпайды.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарды мұндай балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыру немесе орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі міндептен босатпайды.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орналасқан жері бойынша аудандардың, облыстық

маңзы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңзы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарына немесе кейіннен тіркеу үшін Республикалық деректер банкіне өзі туралы мәлімет береді.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам мұны олардың тұратын жеріне қарамастан, кез келген облыстың, республикалық маңзы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыруға құқылы.

### **118-3-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратқа қол жеткізу**

1. Балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратқа қол жеткізуі олар Республикалық деректер банкінде тіркелген және Республикалық деректер банкінің мәліметтерін жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратты жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша аудандардың, облыстық маңзы бар қалалардың, республикалық маңзы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарының жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы түндерде ақпаратты коммерциялық мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы түндерде ақпаратқа Республикалық деректер банкінде қамтылған, жынысы жөніндегі, жасы, денсаулық жағдайы, мінезінің ерекшеліктері, ата-ана қамқорлығынсыз болмау себептері, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының), кәмелетке толған туыстарының бар-жоғы, сондай-ақ отбасыларға тәрбиелеуге орналастырудың ықтимал нысандары туралы ақпарат және балалардың фотосуреттері жатқызылады.

### **118-4-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтату**

1. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған бала туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтатуға:

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына тәрбиелеуге орналастыру;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы оның ата-аналарына немесе ата-анасына қайтару;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың кәмелетке толуы немесе мұндай баланың өзі кәмелетке толғанға дейін толық әрекетке қабілеттілікке ие болуы;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың қайтыс болуы;

баланың сот тәртібімен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуы, қайтыс болған деп жариялануы негіздер болып табылады.

2. Баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтатуға:

адамның баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдау;

баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамның ол туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтату туралы жазбаша нысандығы өтініші;

адамға баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдау мүмкіндігін берген мән-жайлардың өзгеруі;

баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамның қайтыс болуы негіздер болып табылады.

**118-5-бап. Республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны және оларды жария еткені үшін жауаптылық**

Республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны және оларды жария еткені үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

## **16-тарау. ҚОРҒАНШЫЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚТЫ БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ**

### **119-бап. Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленетін адамдар**

1. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

2. Сондай-ақ, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

3. Бұл мән-жайлар балалардың мұдделеріне сай келетін жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тәрбиеленген бірге туған ағалы-інілер мен апалы-сіңлілерді әртүрлі адамдардың қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алуына жол берілмейді.

### **120-бап. Мемлекеттің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функциялары**

1. Мемлекет кәмелетке толмағандарға және әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қатысты қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі өз функцияларын жергілікті атқарушы органдар арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдардың және ұйымдардың кәмелетке толмағандарға қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі қызметін үйлестіруді және өзара іс-қимылын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үәкілдегі органы жүзеге асырады.

3. Мемлекеттің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 120-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2013 N 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **121-бап. Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу**

1. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамның тұрғылықты жері бойынша не қамқорлыққа жататын мүліктің орналасқан жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілейді. Жекелеген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық қорғаншының немесе қамқоршының тұрғылықты жері бойынша белгіленуі мүмкін.

2. Адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы шешім заңды құшіне енген кезден бастап үш күн ішінде сот оған қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін бұл туралы сол адамның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.

3. Адамға қорғаншылықты немесе қамқоршылықты немесе мүлікке қорғаншылықты белгілеу қажеттігі туралы тиісті органдарға белгілі болған кезден бастап бір ай ішінде қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

4. Қорғаншы немесе қамқоршы тағайындауға мұдделі адамдар сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

### **122-бап. Қорғаншылар немесе қамқоршылар**

1. Мыналарды:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;
- 2) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;
- 3) өзіне Қазақстан Республикасының заңында жүктелген міндеттерді тиісінше орындағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілген адамдарды;

4) егер сот олардың кінәсі бойынша бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

5) денсаулық жағдайына байланысты қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін жүзеге асыра алмайтын адамдарды;

6) тұрақты тұратын жері жоқ адамдарды;

7) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаган немесе алынбаган сottалғандығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 12) тармақшасында аталған адамдарды;

8) азаматтығы жоқ адамдарды;

9) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқығынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұrmайтын ерекк жынысты адамдарды;

10) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде қамқорлыққа алынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

11) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды;

12) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін сottалғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады.

2. Қорғаншы немесе қамқоршы тек қана оның келісімімен тағайындалуы мүмкін. Егер бұл қамқорлыққа алынушының мұдделеріне қайши келмесе, жұбайы, ата-аналары, туыстары немесе қамқорлыққа алынушыға жақын басқа да адамдар қорғаншы немесе қамқоршы болып тағайындалуда басым құқыққа ие болады.

Егер қамқорлыққа алынушылардың мұдделерінің арасында қайшылықтар болмаса, бірнеше адам үшін бір қорғаншы немесе қамқоршы тағайындауға жол беріледі.

3. Әрекетке қабілетті және ата-ана құқықтарынан айрылмаған, бірақ олардың тәрбиесін жүзеге асыра алмайтын ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау кезінде, қорғаншылар немесе қамқоршылар ата-аналардың тілегі ескеріле отырып тағайындалады.

Балаға қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау кезінде қорғаншының немесе қамқоршының адамгершілік және өзге де жеке қасиеттері, оның қорғаншылық немесе қамқоршылық міндеттерін орындауға қабілетті, қорғаншы немесе қамқоршы мен баланың арасындағы қатынастар, қорғаншының немесе қамқоршының отбасы мүшелерінің балаға көзқарасы, сондай-ақ, егер бұл мүмкін болса, баланың өз тілегі ескеріледі.

Егер кәмелетке толмаған балаға қорғаншы немесе қамқоршы болып тағайындалатын адам некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса), оның жұбайының келісімі талап етіледі.

4. Қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж және тиісті білім беру, медициналық үйымдардағы, халықты әлеуметтік қорғау үйымдарындағы адамдардың қорғаншылары немесе қамқоршылары осы үйымдардың әкімшіліктері болып табылады.

Қорғаншының немесе қамқоршының мұндай үйымға баланы уақытша орналастыруы қорғаншының немесе қамқоршының осы балаға қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

5. Қорғаншылар немесе қамқоршылар кез келген адамдарға қатысты, оның ішінде сottа өкілеттіктерін арнайы растамастан, өз қамқорлығына алынғандардың құқықтары мен мұдделерін қорғайды.

**Ескерту. 122-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**17-тарау. ҚОРҒАНШЫЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ ҚАМҚОРШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ  
ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛЫНҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

## **123-бап. Қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы адамдардың құқықтары**

Осы Кодекстің 60-62 және 67-баптарында көзделген құқықтармен қатар, қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы адамдардың сондай-ақ:

- 1) өздерінің адамдық қадыр-қасиеттерінің құрметтелуіне;
- 2) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан қамқорлық жасалуына;
- 3) осы Кодекстің 126-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, онымен беріге тұруға;
- 4) өздеріне тиесілі алиментке, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге;
- 5) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтауға;
- 6) қорғаншы немесе қамқоршы тарапынан жасалатын қияннан қорғалуға;
- 7) қорғаншының немесе қамқоршының отбасында тәрбиеленуге;
- 8) өздеріне күтіп-бағу, тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты даму үшін жағдайлардың қамтамасыз етілуіне;
- 9) тұрғын үйі болмаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға құқықтары бар.

## **124-бап. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру, медициналық үйымдардағы және басқа да үйымдардағы балалардың құқықтары**

1. Осы Кодекстің 60-62 және 67-баптарында көзделген құқықтармен қатар, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және білім беру, медициналық үйымдардағы және басқа да үйымдардағы балалардың сондай-ақ:

- 1) күтіп-бағуға, тәрбиеленуге, білім алуға, жан-жақты дамуға, өздерінің адамгершілік қадыр-қасиеттерінің құрметтелуіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне;
- 2) өздеріне тиесілі алиментке, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге;
- 3) тұрғын үйге меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын сақтауға, ал тұрғын үйі болмаған жағдайда, оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға;
- 4) жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын жұмысқа орналасуда жәрдем көрсетілуіне құқықтары бар.

2. Осы үйымдар түлектерінің құқықтарын қорғау қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүктеледі.

## **125-бап. Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың өз міндеттерін атқаруы**

1. Қорғаншылар заң жүзінде қамқорлыққа алынушылардың өкілдері болып табылады және олардың атынан және олардың мүддесінде барлық қажетті мәмілелерді жасайды.

2. Қамқоршылар өздерінің қамқоршылығындағы адамдардың өз бетінше жасауға құқығы жоқ мәмілелерді жасауға келісім береді, қамқорлыққа алынушыларға өз құқықтарын жүзеге асыруына және міндеттерін атқаруына жәрдем көрсетеді, сондай-ақ оларды үшінши тұлғалардың тарапынан жасалатын қияннан қорғайды.

Қорғаншы немесе қамқоршы қамқорлыққа алынушыларды өз есебінен күтіп-бағуға міндетті емес. Қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағу қамқорлыққа алынушының алатын жалақысы, алименті және басқа да әлеуметтік төлемдері есебінен, сондай-ақ оған тиесілі мүліктің есебінен жүзеге асырылады.

Қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағуға жеткілікті қаражат болмаған кезде, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар оны күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындаиды.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібін және төлеу мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

3. Қорғаншылар немесе қамқоршылар өздерінің қамқорлығына алынғандарды күтіп-бағу, олардың күтімі мен емделуін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде қамқорлық жасауға міндетті. Көрсетілген міндеттер сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныған кәмелетке толған адамдардың және әрекетке толық қабілетті деп жарияланған кәмелетке толмағандардың қамқоршыларына жүктелмейді.

4. Егер адам әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған негіздер жойылса, қорғаншы немесе қамқоршы қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану туралы сотқа өтініш беруге міндетті.

## **126-бап. Баланың қорғаншысының немесе қамқоршысының құқықтары мен міндеттері**

1. Баланың қорғаншысы немесе қамқоршысы қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дene бітімі, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасауға міндетті.

Көрсетілген міндеттер сот тәртібімен әрекет қабілеті шектелген кәмелетке толған адамдардың қамқоршыларына жүктелмейді.

Қорғаншы немесе қамқоршы баланың пікірі мен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның ұснымдарын ескере отырып, сондай-ақ осы Кодекстің 72-бабында көзделген талаптар сақталған жағдайда, қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланы тәрбиелеудің тәсілдерін өз бетінше айқындауға құқылы.

Қорғаншы немесе қамқоршы баланың пікірін ескере отырып, баланың білім алу үйымын және оку нысанын таңдауға құқығы бар және баланың міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Қорғаншы немесе қамқоршы қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланы өздерінде занды негіздерсіз ұстап отырған кез келген адамдардан, оның ішінде баланың жақын туыстарынан қайтарып алуды сот арқылы талап етуге құқылы.

3. Мұндан араласу баланың мүдделеріне сай келмейтін жағдайларды қоспағанда, қорғаншы немесе қамқоршы баланың өз ата-аналарымен және басқа да жақын туыстарымен араласуына кедергі келтіруге құқылы емес.

4. Қамқорлыққа алынушылар білім беру үйымында немесе медициналық үйымда тәрбиленуде немесе емделуде болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың қорғаншылары немесе қамқоршылары өздерінің қамқорлығына алғандармен бірге тұруға міндетті. Бұл қамқорлыққа алынушының тәрбиесіне және оның құқықтары мен мүдделерін қорғауға қолайсыздық туғызбайтын болса, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның рұқсатымен қамқоршының он алты жасқа толған қамқорлыққа алынушыдан бөлек тұруына жол беріледі.

Қорғаншылар немесе қамқоршылар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

5. Қорғаншы кемінде алты айда бір рет қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы туралы және оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ оның мүлкін басқару жөніндегі жұмыс туралы есептер беруге міндетті.

### **127-бап. Әрекетке қабілетті азаматтарды қамқоршылыққа алу**

1. Денсаулық жағдайына байланысты өз құқығын жүзеге асыра алмайтын және қорғай алмайтын және міндеттерін орындаі алмайтын әрекетке қабілетті кәмелетке толған адамның өтініші бойынша оған қамқоршылық белгіленуі мүмкін.

2. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган әрекетке қабілетті кәмелетке толған адамның келісімімен ғана оған қамқоршы тағайындауы мүмкін.

3. Әрекетке қабілетті кәмелетке толған қамқорлыққа алынушыға тиесілі мүлікке билік етуді қамқоршы қамқорлыққа алынушымен жасалған тапсырма шарты немесе мүлікті сенімгерлікпен басқару негізінде жүзеге асырады.

Қамқоршы қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағуға және оның тұрмыстық қажеттерін қанагаттандыруға бағытталған тұрмыстық және өзге де мәмілелерді жасасуды қамқорлыққа алынушының келісімімен жүзеге асырады.

4. Әрекетке қабілетті кәмелетке толған адамның талап етуі бойынша оны қамқоршылыққа алу тоқтатылуы мүмкін.

Қамқоршылыққа алынған адамның қамқоршысы осы Кодекстің 129-бабында көзделген жағдайларда өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан босатылады.

### **128-бап. Қамқорлыққа алынушының мүлкіне билік ету**

1. Қамқорлыққа алынушының өз бетінше билік етуге құқығы бар табыстарын қоспағанда, қамқорлыққа алынған адамның табыстарын, оның ішінде қамқорлыққа алынушының мүлкін басқарудан түсken оған тиесілі табыстарды тек қана қамқорлыққа алынушының мүддесінде және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның алдын ала рұқсатымен қорғаншы немесе қамқоршы жұмсайды.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның алдын ала рұқсатының, қорғаншы немесе қамқоршы қамқорлыққа алынушының табысы ретінде оған тиесілі, қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағу үшін қажетті сома есебінен ең төмен күнкөріс шегінде шығыстар шығаруға құқылы.

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығының қалған балалар ұйымдарының басшылары тәрбиеленушілердің алименттен, жәрдемақылардан түскен қаражаттарын және басқа да әлеуметтік төлемдерін банк шоттарынан алуға құқығы жоқ.

2. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның алдын ала рұқсатының қорғаншы қамқорлыққа алынушының мүлкін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту жөніндегі мәмілелерді жасасуға немесе оның атынан кепілгерлік, осы мүлікті жалға (жалдауға), өтеусіз пайдалануға беру немесе кепілге салу шартын, қамқорлыққа алынушының заң бойынша және өсiet бойынша мұрагерлікпен тиесілі құқықтарынан бас тартуына, оның мүлкін бөлуге немесе одан үлесті бөліп алуға әкеп соғатын мәмілелерді жасасуға, сондай-ақ қамқорлыққа алынушының мүлкін азайтуға әкеп соғатын кез келген мәмілелерді жасасуға, ал қамқоршы оларды жасасуға келісім беруге құқылы емес. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган көрсетілген мәмілелердің нәтижесінде қорғаншы алған қаражаттың қалай жұмысалуға тиіс екенін айқындейді.

Қамқорлыққа алынушының мүлкін басқару тәртібі Қазақстан Республикасының заннамасында айқындалады.

3. Мүлікті қамқорлыққа алынушыға сый ретінде немесе өтеусіз пайдалануға беруді қоспағанда, қорғаншының немесе қамқоршының, олардың жұбайлары мен жақын туыстарының қамқорлыққа алынушымен мәмілелер жасасуға, сондай-ақ мәмілелер жасасу немесе қамқорлыққа алынушы мен қорғаншы немесе қамқоршының жұбайы және олардың жақын туыстары арасында сот істерін жүргізу кезінде қамқорлыққа алынушының атынан өкілдік етуге құқылы емес.

Қамқорлыққа алынушының қорғаншыға немесе қамқоршыға, оның жұбайына немесе туыстарына осы адам қорғаншы немесе қамқоршы болып тағайындалғанға дейін туындаған борыштары қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның рұқсатымен төленеді.

## **129-бап. Қорғаншыларды немесе қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету**

1. Кәмелетке толмаған қамқорлыққа алынушы оның ата-аналарына немесе оны асырап алушыларға қайтарылған жағдайларда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қорғаншыны немесе қамқоршыны өз міндеттерін атқарудан босатады.

Қамқорлыққа алынушы тиісті білім беру ұйымына, медициналық және медициналық-әлеуметтік үйімға немесе басқа да арнайы ұйымға орналастырылған кезде, егер бұл қамқорлыққа алынушының мүдделеріне қайшы келмесе, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган бүрын тағайындалған қорғаншыны немесе қамқоршыны өз міндеттерін атқарудан босатады.

2. Қорғаншы немесе қамқоршы дәлелді себептер болған кезде (науқастануы, мүліктік жағдайының өзгеруі, қамқорлыққа алынушымен өзара түсіністіктің болмауы және басқалары) өз өтініші бойынша немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның бастамасы бойынша өз міндеттерін атқарудан босатылады.

3. Қорғаншының немесе қамқоршының өз міндеттерін тиісінше атқармауына, оның ішінде қорғаншылықты немесе қамқоршылықты жеке басының мақсаттарына пайдалануына не қамқорлыққа алынушыны қадағалаусыз және қажетті көмексіз қалдыруына тыйым салынады.

Осы тармактың бірінші белгінде көзделген жағдайларда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қорғаншыны немесе қамқоршыны осы міндеттерді атқарудан шеттетуге және қажетті шаралар қолдануға міндетті.

## **130-бап. Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты тоқтату**

1. Қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану немесе қорғаншының немесе қамқоршының не қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның өтініші бойынша оның әрекет қабілеті шектелуінің күшін жою туралы сот

шешім шығарған жағдайларда кәмелетке толған адамдарға қорғанышылық немесе қамқорышылық тоқтатылады.

2. Қамқорлыққа алынған жас бала он төрт жасқа толған соң оған қорғанышылық тоқтатылады, ал қорғанышылық міндеттін жүзеге асырған адам бұл туралы қосымша шешімсіз кәмелетке толмаған баланың қамқорышы болады.

3. Қамқорлыққа алынушы он сегіз жасқа толған соң, сондай-ақ ол некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде кәмелетке толмаған балага қамқорышылық ерекше рұқсатсыз-ақ тоқтатылады.

### **131-бап. Қорғанышлардың немесе қамқорышлардың іс-әрекеттеріне шағым жасау**

Қамқорлыққа алынушының мүддесінде оның тұрғылықты жері бойынша қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органды не сотта қорғанышлардың немесе қамкорышлардың іс-әрекеттеріне шағым жасалуы мүмкін.

### **132-бап. Қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдың шешімдеріне шағым жасау**

Мүдделі тұлғалар барлық мәселелер бойынша қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдеріне сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

#### **17-1-тарау. Баланы қабылдайтын отбасы**

Ескерту. 4-бөлім 17-1-тараумен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

### **132-1-бап. Баланы қабылдайтын отбасы**

1. Баланы қабылдайтын ата-аналардың, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен білім беру үйімы арасында жасалған жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беруге негіз болып табылады.

Аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) қоспағанда, баланы қабылдайтын отбасы тәрбиелеуге кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы қабылдай алады.

2. Баланы қабылдайтын отбасылар туралы ережені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органы бекітеді.

### **132-2-бап. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт**

1. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шартта жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру жағдайлары, баланы қабылдайтын ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру үйімінің баланы қабылдайтын ата-аналарға қатысты міндеттері, сондай-ақ осындаш шартты тоқтатудың негіздері мен салдарлары көзделуге тиіс.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар баланы қабылдайтын ата-аналарға көрсетілген шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі.

Баланы қабылдайтын отбасына берілген әрбір жетім балаға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаға жеке шарт жасалады.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың мерзімі аяқталған жағдайда, оның отбасында болу мерзімін ұзарту жаңа шарттың негізінде жүргізіледі.

2. Баланы қабылдайтын ата-аналарға еңбекақы және ақшалай төлемдер төлеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу:

1) дәлелді себептер (ауруы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалды қатынастар және басқалар) болған кезде баланы қабылдайтын ата-аналардың бастамасы бойынша;

2) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның немесе жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру үйымының бастамасы бойынша;

3) бала ата-аналарына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мүмкін болады.

### **132-3-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналар**

1. Баланы қабылдайтын ата-аналар тәрбиелеуге қабылданған жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты қорғанышлар мен қамқоршылар сияқты дәл сондай құқықтар мен міндеттерді иеленеді. Оларға осы Кодекстің 122-бабының 1-тармағында көзделген талаптар қойылады.

2. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін баланы қабылдайтын ата-аналардың меншік құқығында әр адамға кемінде он бес шаршы метр мөлшерінде жеке тұрғынжайы немесе пайдалану құқығымен тұрғынжайы болуға тиіс.

3. Баланы қабылдайтын ата-аналар алты айда бір реттен сиретпей жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру үйымдарына жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың деңсаулық жағдайы туралы және оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы есептерді, қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуға бөлінген қаражатты жұмсау туралы, сондай-ақ олардың мүлкін басқару жөніндегі есепті ұсынуға міндетті.

### **132-4-бап. Баланы қабылдайтын отбасына берілетін жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар**

1. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт бойынша беру үшін оларды алдын ала таңдауды жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болатын білім беру үйымымен және қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады.

Балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өзінің туыстық қатынасы туралы білмейтін, бірге тұрмажан және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, аға-інілер мен апа-сінлілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

2. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру олардың пікірлері ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар өздерінің келісімдерімен ғана берілуі мүмкін.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды беру кезінде баланы қабылдайтын ата-аналардың имандылық және өзге де жеке қасиеттері, баланы қабылдайтын ата-аналардың міндеттерін орындауға олардың қабілеттілігі, баланы қабылдайтын ата-аналар мен жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар арасындағы қарым-қатынастар ескеріледі.

4. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар өздеріне тиесілі алименттерге, бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетакы қорларынан төленетін ата-аналарының зейнетакы төлемдеріне, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғынжайға меншік құқығын немесе тұрғынжайды пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғынжай болмаған кезде баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім

балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес оларға тұрғынжай берілуіне құқығы бар.

Жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға тиесілі ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті сақтау жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру туралы шарттың қолданылу уақытында баланы қабылдайтын ата-аналарға жүктеледі.

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар осы Кодекстің 60, 61, 62 және 67-баптарында көзделген құқықтарды да иеленеді.

### **132-5-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру**

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырылады.

## **18-тaraу. ПАТРОНАТ**

### **133-бап. Патронат**

1. Патронат нысанындағы қорғанышылық немесе қамқорышылық кәмелетке толмаған жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдардағы балаларға белгіленеді.

2. Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам мен қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган арасында жасалған баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың туындауына негіз болып табылады.

3. Патронаттық тәрбие туралы ережені Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

**Ескеरту. 133-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **134-бап. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт**

1. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру жағдайларын, патронат тәрбиешілердің құқықтары мен міндеттерін, патронат тәрбиешілерге қатысты қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның міндеттерін, сондай-ақ мұндай шарттың тоқтатылу негіздері мен салдарларын көздеуге тиіс.

Бала патронат тәрбиешігеп көрсетілген шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі.

Патронаттық тәрбиелеуге берілген әрбір балаға жеке шарт жасалады.

Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың мерзімі аяқталған жағдайда, оның отбасында болу мерзімін ұзарту жана шарттың негізінде жүргізіледі.

2. Патронат тәрбиешілердің енбегіне ақы және оларға ақшалай төлем төлеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

3. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (науқастануы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде патронат тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның бастамасы бойынша;

3) бала ата-анасына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

### **135-бап. Патронат тәрбиешілер**

1. Патронат тәрбиешілердің тәрбиелеуге қабылдап алынған балаға қатысы бойынша қорғанышлар мен қамқорышлар сияқты құқықтары мен міндеттері болады. Оларға осы Кодекстің 122-бабында көзделген талаптар қойылады.

2. Патронат тәрбиешілерді іріктеуді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен патронат тәрбиешілерге қойылатын талаптар туралы қағидаларға сәйкес жүргізеді.

### **136-бап. Патронат белгіленетін бала**

1. Баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт бойынша беру үшін оны алдын ала таңдауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдың және баланы күтіп-бағатын ұйым әкімшілігінің келісімі бойынша баланы отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады.

Ағалы-інілерді, апалы-сінлілерді ажыратуға, бұл балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмеген, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

2. Баланы патронат тәрбиешілерге беру оның пікірі ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Он жасқа толған бала оның келісімімен ғана берілуі мүмкін.

3. Патронат тәрбиешілерге берілген бала өзіне тиесілі алименттерге, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін ата-аналарының зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын сақтайды. Патронат тәрбиешілерге берілген баланың тұрғын жай болмаған кезде Қазақстан Республикасының тұрғын үй заннамасына сәйкес оған тұрғын жай берілуіне құқығы бар.

Тәрбиеленушіге тиесілі ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті сақтау баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың қолданылу уақытына патронат тәрбиешіге жүктеледі.

Патронат тәрбиешілерге берілген бала осы Кодекстің 60-62 және 67-баптарында көзделген құқықтарға да ие болады.

**Ескерту. 136-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **137-бап. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы күтіп-бағу**

1. Патронат тәрбиешілерге берілген әрбір баланы күтіп-бағуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

2. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган патронат тәрбиешілерге қажетті көмек көрсетуге, баланың өмірі мен тәрбиесіне қалыпты жағдай жасауға жәрдемдесуге міндетті, сондай-ақ патронат тәрбиешілерге жүктелген баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру жөніндегі міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

### **18-1-тaraу. Бала қонақтайтын отбасы**

**Ескерту. 4-бөлім 18-1-тaraумен толықтырылды - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **137-1-бап. Бала қонақтайтын отбасы**

Баланы қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар және бала тұрып жатқан ұйым, баланың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган арасында жасалған, баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт баланы қонақтайтын отбасына беруге негіз болып табылады.

Бала қонақтайтын отбасы бірнеше жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығының қалған баланы қабылдай алады.

2. Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органды бекітеді.

### **137-2-бап. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт**

1. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шартта баланы күтіп-бағу және тәрбиелеу шарттары, баланы қонақтайтын отбасына қабылдаған адамдардың құқықтары мен міндеттері,

корғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, бала тұрып жатқан ұйымның міндеттері, сондай-ақ мұндай шартты тоқтату негіздері мен салдарлары көзделуге тиіс.

Бала қонақтайтын отбасына көрсетілген шартта көзделген мерзімге беріледі.

Бала қонақтайтын отбасына берілген әрбір балаға бөлек шарт жасалады.

2. Қонақта тәрбиелеу кезінде баланы күтіп-бағуға арналған ақшалай төлем және баланы қонақтайтын отбасына қабылдаған адамның еңбегіне ақы төлеу жүргізілмейді.

3. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (науқасы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасында жанжалдар және басқалар) болған кезде бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адамдардың бастамасы бойынша;

2) баланы күтіп-бағу мен тәрбиелеу үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде корғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, бала тұрып жатқан ұйымның бастамасы бойынша;

3) бала қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, асырап алған отбасына, патронатқа берілген немесе баланы асырап алған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

### **137-3-бап. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам**

1. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдайтын адамға баланы беру ол Республикалық деректер банкінде тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам оның занды өкілі болып табылмайды және ол:

1) баланы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге әкетуді жүзеге асыруға;

2) баланы медициналық көмек көрсете үшін медициналық ұйымға орналастыру немесе ішкі істер органдарына жеткізу жағдайларынан басқа, баланы үшінші тұлғалардың (жеке және (немесе) занды тұлғалардың) қадағалауына қалдыруға;

3) бала қонақтайтын отбасына баланы беру туралы шарттың өзге де талаптарын бұзуға құқылы емес.

3. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам:

1) бала отбасында уақытша болған кезеңде оның өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болуға;

2) бала қонақтайтын отбасына беру туралы шарт мерзімі өткен соң бала тұрып жатқан ұйымға баланы дереу қайтаруға;

3) баланың өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдың туындағаны, баланың науқастанғаны, оның жаракат алғаны, оның медициналық ұйымға немесе ішкі істер органдарына орналастырылғаны туралы жиырма төрт сағат ішінде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға немесе бала тұрып жатқан ұйымға хабарлауға;

4) Бала қонақтайтын отбасы туралы ереженің өзге де шарттарын сақтауға міндетті.

### **137-4-бап. Бала қонақтайтын отбасына берілетін бала**

1. Шарт бойынша бала қонақтайтын отбасына баланы беру үшін баланы алдын ала таңдауды бала тұрып жатқан білім беру ұйымымен және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша бала қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адам жүзеге асырады.

Балалардың мұддесіне сай келетін және балалар өзінің туыстық қатынасы туралы білмейтін, бірге тұрмажан және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

2. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдауға тілек білдірген адамға баланы беру оның пікірі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған бала оның келісімімен ғана берілуі мүмкін.

## **5-БӨЛІМ. ОТБАСЫ МУШЕЛЕРІНІҢ АЛИМЕНТТИК ҚАТЫНАСТАРЫ**

### **19-тарау. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ АЛИМЕНТТИК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

### **138-бап. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттері**

1. Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндettі. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындаиды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы.

2. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

3. Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде, кәмелетке толмаған балаларға күтіп-бағу қаражаты берілмеген кезде және сотқа талап-арыз берілмеген кезде корғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алимент өндіріп алу туралы талап-арыз беруге құқылы.

### **139-бап. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері**

1. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасты табысының және (немесе) өзге де кірісінің - терттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға төң жартысын өндіріп алады.

2. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аудараптық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

### **140-бап. Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кірістің түрлері**

Ата-ананың алатын және алимент ұсталатын жалақысы және (немесе) өзге де кірісі түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

**Ескеरту. 140-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы реңни жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **141-бап. Тұрақты ақша сомасында балаларға алимент өндіріп алу**

1. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде және ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста алимент өндіріп алу мүмкін болмаған, қыындық тудырған немесе тараптардың бірінің мұдделерін елеулі түрде бұзатын жағдайларда, сот тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға құқылы.

Мұндай жағдайларға тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі бар не, егер ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай алатын ата-аналардан алимент өндіріп алу жатады.

2. Күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі балаларға күтіп-бағу қаражатын өндіріп алу алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот тәртібімен тұрақты ақша сомасында жүргізіледі.

3. Тұрақты ақша сомасының мөлшерін сот тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аудараптық мән-жайларды ескере отырып, баланың бұрынғы қамтамасыз етілу деңгейін мүмкіндігінше сақтайтын көлемдегі айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге алғып айқындаиды.

4. Егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, алименттің мөлшері оның біреуінен аз қамтылған екіншісінің пайдасына осы баптың 3-тармағына сәйкес ай сайын өндіріп алынатын және сот айқындаитын тұрақты ақша сомасында белгіленеді.

### **142-бап. Ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға алимент өндіріп алу және оны пайдалану**

Ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға алимент осы Кодекстің 138-141-баптарына сәйкес өндіріп алынады және балалардың қорғаншысына немесе қамқоршысына немесе олардың патронат тәрбиешілеріне төленеді.

Қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронат тәрбиешіге берілген балаларға арналған алимент төлемдерінің сомасы екінші деңгейдегі банктерде ашылған осы балалардың депозиттік шоттарына аударылады.

#### **143-бап. Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың алимент алуға құқығы**

1. Еңбекке жарамды ата-аналар өздерінің көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

2. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент мөлшерін сот алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аудараптық мүдделерін негізге ала отырып, айқындаиды.

#### **144-бап. Ата-аналардың балаларды күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуы**

1. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде және ерекше жағдайлар (кәмелетке толмаған балалардың немесе көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың ауыр науқастануы, мертігуі, оларға бөгде адамның бағып-күтуіне ақы төлеу қажеттігі және басқа да мән-жайлар) болған кезде сот осы мән-жайлардан туындаған қосымша шығыстарды көтеруге қатысуға ата-аналардың әрқайсысын тартуы мүмкін.

2. Егер ата-аналардың қосымша шығыстарды көтеруге қатыстырылу тәртібі және осы шығыстардың мөлшері екіжақты келісім бойынша айқындалмаса, онда сот ата-аналардың, басқа да балалардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың назар аудараптық мүдделерін негізге ала отырып, ай сайын төленуге тиісті алиментті төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

3. Сот ата-аналардың нақты шеккен қосымша шығыстарды өтеуге де, балаларды күтіп-бағуға болашақта жасалуға тиіс қосымша шығыстарды өтеуге де қатысуын міндеттеуге құқылы.

#### **145-бап. Кәмелетке толған балалардың ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттері**

1. Еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті.

2. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарға алимент олардың еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан сот тәртібімен өндіріп алынады.

3. Балалардың әрқайсысынан өндіріп алынатын алименттің мөлшерін сот ата-аналары мен балаларының материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың басқа да назар аудараптық мүдделерін негізге ала отырып, алимент төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

4. Алимент мөлшерін айқындау кезінде сот балалардың бәріне, олардың біреуіне немесе бірнешеуіне талап қойылғанына қарамастан, осы ата-аналарын еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларының бәрін ескеруге құқылы.

5. Егер сот ата-аналардың осы балаларына қатысты ата-аналық міндеттерін орындаудан бұрын жалтарғанын анықтаса, балалар өздерінің көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттерінен босатылуы мүмкін.

Балалары ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарына алимент төлеуден босатылады.

6. Кәмелетке толған, асырап алынған балалардың асырап алушыларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттері балалардың ата-аналары алдындағы міндеттері сияқты айқындалады.

#### **146-бап. Кәмелетке толған балалардың ата-аналарына жасалған қосымша шығыстарға қатысуы**

1. Кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасамаған кезде және ерекше мән-жайлар (ата-аналарының ауыр науқастануы, мертігуі, оны бөгде адамның бағып-күткені үшін ақы төлеу қажеттігі, оны медициналық-әлеуметтік мекемеге орналастыру және басқалары) болған кезде сот кәмелетке толған балаларын осы мән-жайлардан туындаған қосымша шығыстарды көтеруге тартуы мүмкін.

2. Кәмелетке толған балалардың әрқайсысының қосымша шығыстарды көтеру тәртібі мен осы шығыстардың мөлшерін сот осы Кодекстің 145-бабының 3, 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптар сақталған кезде ата-аналар мен балаларының материалдық және отбасылық жағдайларын және тараптардың басқа да назар аудараптық мүдделерін ескере отырып айқындайды.

3. Қосымша шығыстарды көтеру тәртібі мен осы шығыстардың мөлшері тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін, мұндай келісім болмаган жағдайда дау сот тәртібімен шешіледі.

## **20-тaraу. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БҰРЫНҒЫ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ АЛИМЕНТТИК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

### **147-бап. Ерлі-зайыптылардың бірін-бірі құтіп-бағу жөніндегі міндеттері**

1. Ерлі-зайыптылар бірін-бірі материалдық жағынан қолдауға міндетті.

2. Мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылардың арасында алимент төлеу туралы келісім болмаган жағдайда, алимент төлеуге қажетті қаражаты бар екінші жұбайдан:

1) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайдының;

2) жүктілігі кезеңінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы зайыбының;

3) ортақ мүгедек баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-құтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж жұбайдының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар.

### **148-бап. Бұрынғы жұбайдың неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін алимент алуға құқығы**

1. Алимент төлеуге қажетті қаражаты бар бұрынғы жұбайдынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге:

1) жүктілігі кезеңінде және ортақ баласы үш жасқа толғанға дейін бұрынғы зайыбының;

2) ортақ мүгедек баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-құтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайдының;

3) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз бұрынғы жұбайдының құқығы бар.

2. Алименттің мөлшері және оны неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін бұрынғы жұбайдына беру тәртібі бұрынғы ерлі-зайыптылардың арасындағы келісіммен айқындалуы не сот айқындауы мүмкін.

### **149-бап. Ерлі-зайыптылардан және бұрынғы ерлі-зайыптылардан сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері**

Ерлі-зайыптылардың (бұрынғы ерлі-зайыптылардың) арасында алимент төлеу туралы келісім болмаган кезде, жұбайдан (бұрынғы жұбайдан) сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшерін ерлі-зайыптылардың (бұрынғы ерлі-зайыптылардың) материалдық және отбасылық жағдайларын және тараптардың басқа да назар аудараптық мүдделерін негізге ала отырып, алимент төлеу кезеңдегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында сот айқындайды.

### **150-бап. Жұбайды екінші жұбайды құтіп-бағу жөніндегі міндеттен босату немесе бұл міндеттің мерзімін шектеу**

1. Сот жұбайдың көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз екінші жұбайды құтіп-бағу міндеттінен босатуы немесе некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңде де, неке бұзылғаннан кейін де бұл міндетті белгілі бір мерзімге:

1) егер көмекке мұқтаж жұбайдының еңбекке қабілетсіздігі спирттік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдалануы салдарынан немесе оның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауы салдарынан басталған;

2) ерлі-зайыптылар некеде (ерлі-зайыптылықта) ұзақ тұрмаған (бес жылға дейін);

3) алимент төлеуді талап ететін жұбай отбасында лайықсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайларда шектеуі мүмкін.

2. Бұрынғы жұбайдын құтіп-бағу жөніндегі міндет мынадай жағдайларда:

1) күтіп-багуға құқығы бар жұбай жаңа некеге отырса (ерлі-зайыпты болса);

2) осы Кодекстің 148-бабында көзделген мән-жайлар жойылса, сot шешімімен тоқтатылады.

**Ескеरту. 150-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-В Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **21-тарау. ОТБАСЫНЫҢ БАСҚА МУШЕЛЕРИНІҢ АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

**151-бап. Еңбекке жарамды ағалары мен апаларының өздерінің кәмелетке толмаған туған інілері (қарындастары)мен сінлілерін күтіп-багу жөніндегі міндеттері**

Кәмелетке толмаған көмекке мүқтаж інілері (қарындастары) мен сінлілерінің өз ата-аналарынан күтіп-багу қаражатын алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмелетке толған бірге туған ағалары мен апаларынан сot тәртібімен алимент алуға құқығы бар.

**152-бап. Атасы мен әжесінің немерелерін күтіп-багу жөніндегі міндеттері**

Өздерінің еңбекке жарамды ата-аналарынан, бірге туған кәмелетке толған еңбекке жарамды ағалары мен апаларынан күтіп-багу қаражатын алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, кәмелетке толмаған көмекке мүқтаж немерелердің өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар әжесі мен атасынан сot тәртібімен алимент алуға құқығы бар.

**153-бап. Немерелердің атасы мен әжесін күтіп-багу міндеті**

Өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) күтіп-багу қаражатын алу мүмкін болмаған жағдайда, көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз атасы мен әжесі өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды кәмелетке толған немерелерінен сot тәртібімен алимент талап етуге құқылы.

**154-бап. Тәрбиеленушілердің өздерін іс жүзінде тәрбиелеген адамдарды күтіп-багу міндеті**

1. Кәмелетке толмаған балаларды іс жүзінде тәрбиелеген және күтіп-баққан еңбекке жарамсыз мүқтаж адамдардың, егер олар өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе немерелерінен не жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) күтіп-багу қаражатын ала алмаса, өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды тәрбиеленушілерінен сot тәртібімен күтіп-багу қаражатын беруді талап етуге құқығы бар.

2. Егер іс жүзінде тәрбиелеген адамдар тәрбиеленушілерді бес жылдан аз уақыт күтіп-бақса және тәрбиелесе, сондай-ақ өздерінің тәрбиеленушілерін тиісті түрде күтіп-бақпаса және тәрбиелемесе, сot тәрбиеленушілерді осы адамдарды күтіп-багу жөніндегі міндеттен босатуға құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттер қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы не патронаттағы адамдарға жүктелмейді.

**155-бап. Әгей үлдар мен әгей қыздардың әгей әкесін және әгей шешесін күтіп-багу жөніндегі міндеттері**

1. Өздерінің әгей үлдарын немесе әгей қыздарын тәрбиелеген және күтіп-баққан, көмекке мүқтаж, еңбекке жарамсыз әгей әке мен әгей шеше, егер олар өздерінің кәмелетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе немерелерінен не жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) күтіп-багу қаражатын ала алмаса, осыған қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмелетке толған әгей үлдарынан немесе әгей қыздарынан сot тәртібімен күтіп-багу қаражатын беруді талап етуге құқылы.

2. Егер әгей әке мен әгей шеше әгей балалары мен әгей қыздарын бес жылдан аз уақыт тәрбиелесе және күтіп-бақса, сондай-ақ олар өздерінің тәрбиелеу немесе күтіп-багу жөніндегі міндеттерін тиісті түрде атқармаса, сot әгей үлдар мен әгей қыздарды әгей әкесін немесе әгей шешесін күтіп-багу міндеттерінен босатуға құқылы.

**156-бап. Отбасының басқа мүшелерінен сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері**

1. Осы Кодекстің 151-155-баптарында аталған адамдарға алименттің мөлшері мен оны төлеу тәртібі тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін.

2. Тараптардың келісімі болмаған кезде сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшерін сот әрбір жеке жағдайда алимент төлеуші мен алушының материалдық және

отбасылық жағдайлары мен тараптардың басқа да назар аудараптық мұдделерін негізге ала отырып, алимент төлеген кезде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

3. Егер отбасының алимент талап етуші мүшесін бір мезгілде бірнеше адам күтіп-бағуға міндettі болса, сот олардың материалдық және отбасылық жағдайларына қарай олардың әрқайсысының алимент төлеу жөніндегі міндettін орындауға қатысу мөлшерін айқындаиды. Алимент мөлшерін айқындау кезінде сот алимент төлеуге міндettі адамдардың бәріне, олардың біреуіне немесе бірнешеуіне талап-арыз берілгеніне қарамастан, сол адамдардың бәрін ескеруге құқылы.

## **22-тарау. АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

### **157-бап. Алимент төлеу туралы келісім жасау**

Алимент төлеу (алименттің мөлшері, оны төлеудің шарттары мен тәртібі) туралы келісім алиментті төлеуге міндettі адам мен оны алушының арасында, ал алиментті төлеуге міндettі адам және (немесе) алимент алушы әрекетке қабілетсіз болған кезде, осы адамдардың занды өкілдерінің арасында жасалады.

### **158-бап. Алимент төлеу туралы келісімнің нысаны**

Алимент төлеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және ол нотариатта куәландастыруға тиіс.

Алимент төлеу туралы келісімнің занда белгіленген нысанын сақтамау Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларында көзделген салдарларға әкеп соғады.

### **159-бап. Алимент төлеу туралы келісімді жасау, орындау, өзгерту, бұзу және жарамсыз деп тану тәртібі**

1. Алимент төлеу туралы келісімді жасауға, орындауға, өзгертуге, бұзуға және жарамсыз деп тануға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауды, орындауды, өзгертуді, бұзуды және жарамсыз деп тануды реттейтін нормалары қолданылады.

2. Алимент төлеу туралы келісімді орындаудан біржакты бас тартуға немесе оның шарттарын біржакты өзгертуге тыйым салынады.

3. Тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайлары елеулі түрде өзгеріске ұшыраған жағдайда және алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу жөніндегі келісімге қол жетпеген кезде, мұдделі тарап осы келісімді өзгерту туралы немесе бұзу туралы сотқа талап-арызben жүгінуге құқылы. Алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы мәселені шешу кезінде сот тараптардың назар аудараптық кез келген мұддесін ескеруге құқылы.

### **160-бап. Алимент алушының мұддесін бұзатын алимент төлеу туралы келісімді жарамсыз деп тану**

Егер алимент төлеу туралы келісімде көзделген кәмелетке толмаған баланы немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесін күтіп-бағу шарттары олардың мұдделерін елеулі түрде бұзатын болса, атап айтқанда, осы Кодекстің 161-бабы 2-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда, мұндай келісім кәмелетке толмаған баланың немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесінің занды өкілінің, сондай-ақ қорғаныштық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның немесе прокурордың талап етуі бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

### **161-бап. Алимент төлеу туралы келісім бойынша төленетін алименттің мөлшері**

1. Алимент төлеу туралы келісім бойынша төленетін алименттің мөлшерін тараптар осы келісімде айқындаиды.

2. Кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеу туралы келісім бойынша белгіленетін алименттің мөлшері олардың сот тәртібімен алимент өндіріп алған кездегі алуы мүмкін алименттің мөлшерінен төмен болмауға тиіс.

### **162-бап. Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеудің тәсілдері мен тәртібі**

1. Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеудің тәсілдері мен тәртібі осы келісімде айқындалады.

2. Алимент оны төлеуге міндетті адамның табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлеспен кезең-кезеңмен төленіп тұратын тұрақты ақша сомасымен; біржолғы төленетін тұрақты ақша сомасымен; мүлік беру жолымен, сондай-ақ келісімде қол жеткізілген өзге де тәсілдермен төленіу мүмкін.

Алимент төлеу туралы келісімде алимент төлеудің әртүрлі тәсілдерін ұштастыру көзделуі мүмкін.

## **23-тарау. АЛИМЕНТТІ СОТ ТӘРТІБІМЕН ТӨЛЕТТИРУ ЖӘНЕ ӨНДІРІП АЛУ ТӘРТІБІ**

### **163-бап. Алиментті сот шешімі бойынша өндіріп алу**

Осы Кодекстің 143-155-балтарында аталған отбасы мүшелері алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде алимент өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

### **164-бап. Алимент алу үшін өтініш беру мерзімдері**

1. Алимент алуға құқығы бар адам, егер бұрын алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төленбеген болса, алимент алу құқығы туындаған кезден бастап өткен мерзімге қарамастан, сотқа алимент өндіріп алу туралы өтініш жасауға құқылы.

2. Алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап тағайындалады.

Егер сотқа өтініш беруден бұрын құтіп-бағуға қаражат алу шаралары қолданылғанын, бірақ алиментті төлеуге міндетті адамның оны төлеуден жалтаруы салдарынан алимент алынбағанын сот анықтаған болса, сотқа өтініш жасалған кезден бастап үш жыл мерзім шегінде өткен кезеңге алимент өндіріп алынуы мүмкін.

### **165-бап. Ұйымның лауазымды адамының алиментті ұстап қалу міндетті**

Алимент төлеуге міндетті адамның жұмыс орны бойынша ұйымның лауазымды адамы нотариатта куәландағылған алимент төлеу туралы келісімнің негізінде немесе атқару құжатының негізінде оның жалақысынан және өзге де кірісінен алимент алатын адамның пайдасына ай сайын алимент ұстап қалуға және оны алимент төлеуге міндетті адамның есебінен жалақының және өзге де кірістің төленген күннінен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей төлеуге немесе аударуға міндетті.

Төлеушіден ұсталған, бірақ алушыға уақтылы аударылмаған алиментті төлеуді кешіктіргені үшін жауапкершілік ұйымның лауазымды адамына жүктеледі.

### **166-бап. Алимент төлеу туралы келісімнің негізінде алиментті ұстап қалу**

Нотариатта куәландағылған алимент төлеу туралы келісімнің негізінде алиментті ұстап қалу, егер осындай келісімнің және атқару құжаттарының негізінде ұстап қалудың жалпы сомасы алимент төлеуге міндетті адам жалақысының және өзге де кірісінің елу пайзынан аспайтын болса, жүргізіледі.

### **167-бап. Алимент төлеуге міндетті адамның жұмыс орнын немесе тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы хабарлау міндетті**

1. Сот шешімі немесе нотариатта куәландағылған алимент төлеу туралы келісім негізінде алиментті ұстап қалатын ұйымның лауазымды адамы алиментті өндіріп алу туралы шешімнің орындалатын жері бойынша сот орындаушысына және алимент алушы адамға алиментті төлеуге міндетті адамның жұмыстан босағаны туралы, сондай-ақ, егер бұл өзіне белгілі болса, оның жаңа жұмыс орны немесе тұрғылықты жері туралы үш күн мерзімде хабарлауға міндетті.

2. Алимент төлеуге міндетті адам сот орындаушысы белгілеген мерзімде осы сот орындаушысына және сондай-ақ алимент алушы адамға жұмыс орнының немесе тұрғылықты жерінің өзгергені туралы, ал кәмелетке толмаған балаларға алимент төлеген кезде қосымша табысының немесе өзге де кірісінің болуы туралы хабарлауға және хабарлаганы туралы растама алуға тиіс.

### **168-бап. Алимент төлеуге міндетті адамның мүлкінен өндіріп алу**

1. Алимент төлеу туралы келісіммен немесе сот шешімімен белгіленген мөлшерде алиментті өндіріп алу, сондай-ақ алимент бойынша берешекті өндіріп алу алимент төлеуге міндетті адамның табысынан және өзге де кірісінен жүргізіледі, табысы және өзге де кірісі жеткіліксіз болған кезде алимент сол алимент төлеуге міндетті адамның банктердегі шотындағы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де

ұйымдардағы ақшалай қаражатынан ұсталады. Бұл қаражат жеткіліксіз болған кезде ол алимент төлеуге міндettі адамның заң бойынша өндіріп алуға болатын кез келген мүлкінен өндіріп алынады.

2. Алимент төлеуге міндettі адамның шотындағы ақшалай қаражатынан және оның өзге де мүлкінен алимент өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

### **169-бап. Алимент бойынша берешек мөлшерін белгілеу**

1. Алимент төлеу туралы келісімнің негізінде немесе атқару құжатының негізінде өткен кезең үшін алимент өндіріп алу атқару құжаты не нотариатта куәландырылған алимент төлеу туралы келісім табыс етілгенге дейінгі үш жыл мерзім шегінде жүргізіледі.

Алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де кірістерден қатарынан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған кезде борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлкінен басқа мүлкінен өндіріп алынады.

2. Атқару құжатының негізінде немесе нотариатта куәландырылған келісімнің негізінде алимент ұстап қалу алиментті төлеуге міндettі адамның іздестірлуіне байланысты жүргізілмеген жағдайларда, осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімге қарамастан және күтіп-бағуға алимент тағайындалған адамның кәмелетке толғанына қарамастан, алимент бүкіл кезең үшін өндіріп алынады.

3. Осы Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға төленетін алимент бойынша берешектің мөлшерін алимент төлеуге міндettі адамның алимент өндіріп алынбаған кезеңдегі жалақысы мен өзге де кірісін негізге ала отырып, сот орындаушысы айқындалады. Егер алимент төлеуге міндettі адам осы кезеңде жұмыс іstemеген болса немесе оның табысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар тапсырылмаса, алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдар үшін, егер борышкер осы кезеңде жұмыс іstemеген болса, алимент бойынша берешек бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалады.

4. Сот орындаушының алимент бойынша берешекті айқындауымен келіспеген кезде кез келген тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сот орындаушының іс-әрекетіне шағым жасай алады.

5. Баланың алимент төлеуден жалтарып жүрген ата-анасын іздестіру кезеңінде төленген, балаға Қазақстан Республикасының балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы заңнамасында белгіленген ай сайынғы жәрдемақы сомалары төленген сомалардың он пайызын бюджет кірісіне есептеу арқылы сол ата-аналардан өндіріп алынады.

**Ескеrtу. 169-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен (алғашкы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **170-бап. Алимент бойынша берешекті төлеуден босату**

1. Алимент бойынша берешекті төлеуден босату немесе тараптардың келісімі бойынша алимент төлеген кезде осы берешекті азайту, кәмелетке толмаған балаларға алимент төлейтін жағдайларды қоспағанда, тараптардың өзара келісімі бойынша жүргізуі мүмкін.

2. Алимент төлеуге міндettі адамның талап-арызы бойынша сот, егер алимент осы адамның науқастануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептер бойынша төленбегенін және оның материалдық және отбасылық жағдайы алимент бойынша пайда болған берешекті өтеуге мүмкіндік бермейтінін анықтаса, оны алимент бойынша берешекті төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы.

### **171-бап. Алиментті уақтылы төлемеу**

1. Алимент төлеу туралы келісім бойынша алимент төлеуге міндettі адамның және (немесе) сот шешімі бойынша алимент төлеуге міндettі адамның кінәсінен берешек пайда болған кезде кінәлі адам алимент алушыға кешіктірген әрбір күні үшін төленбеген алимент сомасының оннан бір пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыппұллын төлейді.

2. Алимент алушы алименттің уақтылы төленбеуіне кінәлі адамнан алиментті төлеу жөніндегі міндettін орындауды кешіктіруден келтірілген бүкіл залалының тұрақсыздық айыппұллымен жабылмаған бөлігін де өндіріп алуға құқылы.

## **172-бап. Алиментті есепке жатқызуға және кері өндіріп алуға жол бермеу**

1. Алиментті басқа қарсы талаптармен есепке жатқызуға болмайды.
2. Төленген алимент сомасын:
  - 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген;
  - 2) алимент алушы тарарапынан алда, қорқытып немесе күш қолданып жасалған алиментті төлеу жөніндегі келісім жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, кері талап етуге болмайды.
  3. Егер осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында тізбеленген іс-әрекеттерді кәмелетке толмаған баланың немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз алимент алушының өкілі жасаса, алимент кері өндіріп алынбайды, ал төленген алименттің сомасы алимент төлеуге міндетті адамның талап-арызы бойынша кінәлі өкілден өндіріп алынады.

## **173-бап. Алиментті индекстеу**

Сот шешімі бойынша тұрақты ақша сомасында өндіріп алынатын алименттің индекстелуін алиментті ұстап қалатын орын бойынша ұйымның әкімшілігі айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне барабар түрде жүргізеді.

## **174-бап. Алимент төлеуге міндетті адам Қазақстаннан тыс жерлерге уақытша кеткен немесе тұрақты тұруға кеткен жағдайда алимент төлеу**

1. Алимент төлеуге міндетті адам Қазақстаннан тыс жерлерге уақытша кеткен немесе тұрақты тұруға кеткен жағдайда, ол заң бойынша күтіп-бағуға қаражат беруге міндетті отбасы мүшелерімен осы Кодекстің 157-162-баптарына сәйкес алимент төлеу туралы келісім жасасуға құқылы.

2. Келісімге қол жеткізілмеген кезде мүдделі адам алименттің мөлшерін тұрақты ақша сомасында белгілеу туралы немесе алиментті біржолғы төлеу туралы не белгілі бір мүлікті алимент есебіне беру туралы немесе алиментті өзге де тәсілмен төлеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Алиментті төлегенін растайтын құжаттары болмаған жағдайда борышкерге Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат берілмейді.

## **175-бап. Сот бұрын белгілеген алимент мөлшерін өзгерту және алимент төлеуден босату**

1. Егер алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде алимент мөлшері сот тәртібімен белгіленгеннен кейін тараптардың бірінің материалдық немесе отбасылық жағдайы өзгерсе, сот кез келген тараптың талап етуі бойынша белгіленген алимент мөлшерін өзгертуге немесе алимент төлеуге міндетті адамды оны төлеуден босатуға құқылы. Алимент мөлшері өзгертилген немесе оны төлеуден босатылған кезде сот тараптардың назар аудараптық өзге де мүддесін ескеруге құқылы.

2. Егер кәмелетке толған әрекетке қабілетті адамның алименттер төлеуге міндетті адамға қатысты қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны анықталса немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетті адам отбасында лайықсыз міnez-құлық көрсеткен жағдайда, сот оған алименттер өндіріп беруден бас тартуға құқылы.

**Ескеरту. 175-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V Занымен (01.01.2015 бастап  
қолданысқа  
енгізіледі).**

## **176-бап. Алимент төлеу жөніндегі міндеттерді тоқтату**

1. Алимент төлеу туралы келісімде белгіленген алимент төлеу жөніндегі міндет осы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанда немесе осы келісімде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ тараптардың бірі қайтыс болғанда тоқтатылады.

2. Сот тәртібімен өндіріп алынатын алиментті төлеу:

1) бала кәмелетке толғанда немесе кәмелетке толмаған балалар кәмелетке толғанға дейін толық әрекетке қабілетті болған жағдайда немесе алимент төлеу туралы келісімде көрсетілген жасқа толғанда;

2) күтіп-бағу үшін алимент өндіріп алынған бала асырап алынғанда;

3) сот алимент алушының енбекке жарамдылығы қалпына келтірілген немесе көмекке мұқтаждығы тоқтатылған деп танығанда;

4) енбекке жарамсыз, бұрынғы жұбайының көмегіне мұқтаж болып келген алимент алушы жаңа некеге отырғанда (ерлі-зайыпты болғанда);

5) алимент алушы адам немесе алимент төлеуге міндетті адам қайтыс болғанда тоқтатылады.

**ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**  
**6-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІ**  
**24-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**177-бап. Мемлекеттік тіркеуге жататын азаматтық хал актілері**

Туу, қайтыс болу, неке қио (ерлі-зайыпты болу), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, бала асырап алу, әке (ана) болуды анықтау, атын, әкесінің атын және тегін өзгерту тіркеуші органдарда осы Кодексте белгіленген мерзімде міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады.

Басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуіне тыйым салынады және ол танылмайды.

**178-бап. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы бастанқы және қайтадан күәліктөр беру**

1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркегеннен кейін өздеріне қатысты акт жазбасы жасалған адамдарға құжатты берген тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрімен бекітілген, белгіленген үлгідегі азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы күәлік беріледі.

Бастанқы күәлік жоғалған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайда мұрағаттық акт жазбасының негізінде азаматтық хал актісін тіркеу туралы күәлік қайтадан беріледі.

2. Өздеріне қатысты ата-ана құқықтарынан айрылған ата-аналарға, оны қалпына келтіргенге дейін баланың туу туралы күәлігі қайтадан берілмейді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған ерлі-зайыптыларға және некесі (ерлі-зайыптылығы) жарамсыз деп танылған ерлі-зайыптыларға неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы күәлік қайтадан берілмейді.

3. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы күәліктер қазақ тілінде немесе орыс тілінде толтырылады.

Азаматтар (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, бала асырап алушылар) туралы мәліметтер олардың жеке басын күәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы күәліктер нотариатта күәландырылған сенімхат бойынша берілуі мүмкін.

**179-бап. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүргізетін органдар**

1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар жүргізеді.

2. Мұндай бөлімдер жоқ жерлерде ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өздерінің аумағында тұратын азаматтардың азаматтық хал актілерін тіркеуге арналған құжаттарды қабылдауды және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу және оларды осы Кодексте көзделген мерзімдерде Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға мәліметтер енгізу үшін ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың тіркеуші органына беруді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу туралы күәліктер беру мен тапсыруды жүргізеді.

3. Ауыл, кент, ауылдық округ тұрғындарының азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру тәртібін ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша аумақтық әділет органдары айқындаиды.

4. Тіркеуші органдардың лауазымды адамдары өздеріне, өздерінің жұбайларына және жақын туыстарына қатысты азаматтық хал актілерін тіркеуді жүргізуге құқылды емес. Мұндай жағдайларда азаматтық хал актілерін тіркеуді тіркеуші органның басқа да лауазымды адамы немесе басқа тіркеуші орган жүргізеді.

Ескеरту. 179-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

**180-бап. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеудің қағидалары мен тәртібі**

1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеудің қағидалары, сондай-ақ некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың денсаулық жағдайы мен отбасылық жағдайы туралы бір-бірін өзара хабардар етуі, олардың болашақ ерлі-зайыптылар және ата-аналар ретіндегі күкіншіліктер мен міндеттерін түсіндіру тәртібі осы Кодекске сәйкес белгіленеді.

2. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібін әділет органдары айқындауды.

### **181-бап. Акт кітаптары. Оларды сақтау тәртібі мен мерзімдері**

1. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актісі кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалар негізінде берілетін куәліктердің нысандарын Қазақстан Республикасының әділет органдары бекітеді.

2. Акт кітаптары катаң жүйелі түрде тігілген және нөмірленген, оны құрастырған тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрімен бекемделген бірдей жұз акт жазбасын қамтып, екі данада жасалады. Акт жазбаларының бірдейлігін тіркеуші органдың лауазымды адамдары қамтамасыз етеді.

Акт кітаптарының бірінші даналары - азаматтық хал актісін бастапқы тіркеу орны бойынша ауданның (қаланың) тіркеуші органдың мұрағатында, екінші данасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тіркеуші органдың мұрағатында сақталады.

3. Акт кітаптарының бірінші және екінші даналарын бір үй-жайда (ғимаратта) сақтауға тыйым салынады.

4. Республика бойынша акт жазбаларының электрондық нұсқалары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған уәкілдегі органдарда Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дереккөрдің орталық серверінде сақталады.

5. Бастапқы тіркеу орны бойынша акт кітаптары жетпіс бес жыл бойы сақталады, содан кейін тиісті мемлекеттік мұрағатқа беріледі.

6. Екінші даналардың акт кітаптары белгіленген мерзім өткеннен кейін жойылуға жатады.

**Ескеरту. 181-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **182-бап. Мемлекеттік баж**

1. Азаматтық хал актілерінің тіркелгені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

2. Тууды, қайтыс болуды, әке болуды анықтауды, Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алуын тіркеу, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты қайтадан куәліктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынбай жүргізіледі.

### **183-бап. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгерту, толықтыру және түзету тәртібі**

1. Тіркеу туралы бастапқы акт жазбалары, сондай-ақ жеткілікті негіздер болған кезде және мүдделі адамдардың арасында дау болмаған кезде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді тіркеуші орган жүргізеді. Мүдделі адамдардың арасында дау болған кезде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мәселелері медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен шешіледі.

2. Азаматтық хал актілерінде жазылған жазбаларға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініштер өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға беріледі.

3. Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы бастапқы жазбаның сақталған орны бойынша тіркеуші органға беріледі.

4. Азаматтық хал актілерінде жазылған жазбаларға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді жазба жасалған жер бойынша тіркеуші орган жүргізеді. Азаматтық хал актілеріндегі жазбаларға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 183-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **184-бап. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру**

1. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбаларын қалпына келтіру туралы өтініш сол өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға, ал шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы бастапқы жазбаның мемлекеттік тіркелген (жоғалған) орны бойынша тіркеуші органға беріледі.

2. Азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру тиісті жазбаның бұрын болғанын растайтын құжаттар болған кезде немесе мемлекеттік тіркеу орны мен уақыты көрсетіле отырып, акт жазбасын қалпына келтіру туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

3. Тарихи отанына қайта оралған адамдарға қатысты туу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру жеткілікті негіздер болған кезде және осы фактіні құжаттық растау (акт жазбасының болмауы (жоғалғаны) туралы анықтама немесе хабарлама) мүмкін болған кезде немесе ішкі істер органдарының осы адамдардың Қазақстан Республикасына занды түрде келгені туралы растамасы және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтініші болған кезде ғана жүргізіледі.

Оралмандардың туу туралы қалпына келтірілген жазбаларын мемлекеттік тіркеу олардың тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі.

4. Азаматтық хал актілері жазбаларының жоғалғанын сол жоғалған жазба жасалған жер бойынша азаматтық хал актілері жазбасының облыстық (қалалық) мұрағаты растауға тиіс.

5. Тіркеуші органдың жоғалған жазбаны қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу фактісі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген қағидалар бойынша сот тәртібімен белгіленеді.

6. Азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіруді мемлекеттік тіркеуді жоғалған жазба жасалған жер бойынша тіркеуші орган жүргізеді.

#### **185-бап. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою**

1. Азаматтық хал актілерінің жазбасы:

- 1) сот шешімінің негізінде;
- 2) мүдделі адамдардың өтініші бойынша;

3) жойылуға жататын бастапқы, қалпына келтірілген немесе қайтадан жазылған жазбаны тапқан тіркеуші органдың бастамасы бойынша жойылуы мүмкін.

2. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою туралы өтініш сотқа немесе өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға, ал шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы жойылуға жататын акт жазбасының сақталу орны бойынша тіркеуші органға беріледі.

3. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою, жойылуға жататын жазба жасалған жер бойынша жүргізіледі.

#### **186-бап. Жеке адамдардың азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін сақтау міндеті**

1. Жеке адамдар осы Кодексте белгіленген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін сақтауға міндettі.

2. Тіркеуші органдарда азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде мемлекеттік тіркеу міндеті азаматтарға жүктеледі.

3. Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайларды жасыруға немесе жалған мәліметтер беруге тыйым салынады.

4. Өкіл арқылы ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеуге, баланың ата-анасының

бірлескен өтініші негізінде еке болуды анықтауға, тегін, атын, әкесінің атын өзгертуге жол берілмейді.

## 25-тарау. БАЛАНЫҢ ТУУЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

### 187-бап. Баланың тууын тіркеу үшін негіз

1. Баланың тууын тіркеу үшін түу туралы медициналық қуәлік немесе түу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негіз болып табылады.

Медициналық ұйымнан тыс жерде, оның ішінде үйде босанған жағдайда, түу туралы медициналық қуәлікті анасының жеке басын күеландыратын құжаттарына сәйкес босанғаннан кейін ол өтініш жасаған медициналық ұйымның қызметкері немесе босандырган және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке адам ресімдейді.

Мемлекеттік тіркеу кезінде дәлелді себеп бойынша ата-анасының жеке басын күеландыратын құжаттары болмаған жағдайда, ата-анасы туралы мәліметтер неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы қуәлікке не осы тіркеуші органдағы неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына сәйкес толтырылады. Ата-анасының аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі, үлтты туралы азаматтық хал актілерін жазу кітаптарындағы ата-аналары туралы жазба осы Кодекстің 50, 51 және 63-баптарына сәйкес жүргізіледі.

Баланы суррогат ана туған жағдайда түу туралы медициналық қуәлік тіркеу үшін негіз болып табылады.

2. Баланың туу туралы медициналық қуәлігі баланың анасы туралы барлық қажетті мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), сондай-ақ баланың туған күнін, айын, жылын және жынысын, құжаттың берілген күнін қамтуға тиіс. Куәлік медициналық ұйымныңлауазымды адамының қолтанбасымен және мөрімен расталуға тиіс.

3. Кәмелетке толмаған ата-аналардың бала тууын, сондай-ақ суррогат ана туған баланы мемлекеттік тіркеу жалпы тәртіппен жүргізіледі.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген түуды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болмаған кезде баланың тууын мемлекеттік тіркеу осы әйелдің баланы түу фактісін анықтау туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

### 188-бап. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны

1. Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар баланың туған жері бойынша немесе ата-анасының не олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

Баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қабылдауды тіркеуші орган, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады не ол "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Ата-анасының тұрғылықты жері олардың занды мекенжайына сәйкес айқындалады.

2. Егер ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса (ерлі-зайыпты болмаса), ортақ баланың тууы өзін баланың әкесімін деп мойындаған адамың тұрғылықты жері бойынша тіркелуі мүмкін. Баланың тууын тіркеу туралы өтінішпен бір мезгілде еке болуды анықтау туралы өтініш беріледі.

3. Түу туралы актінің жазбасында баланың туған жері болып түуды мемлекеттік тіркеу кезінде қабылданған Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің атауына сәйкес баланың нақты туған жерінің атауы көрсетіледі.

4. Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде не ата-аналары немесе олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша шетелдік тіркеуші органдарда тіркелуіне қарамастан, осы Кодексте белгіленген мерзімдерде тіркеуші органды жүргізіледі. Баланың тууын ата-аналары не олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеген жағдайда, баланың туған жері болып осы елді мекен көрсетіледі.

5. Экспедицияларда және тіркеуші орган жоқ шалғай жерлерде, сондай-ақ анасының теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе поездада болған уақытында туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-анасының немесе олар тұрғылықты жеріне қайтып келген соң олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органды жүргізіледі.

Мұндай жағдайларда баланың туған жері болып баланың тууын мемлекеттік тіркеу жүргізілген әкімшілік-аумақтық бірлік көрсетіледі.

Ескерту. 188-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **189-бап. Баланың тууы туралы өтініш беру мерзімдері**

Баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мұдделі адамдар тіркеуші органдарға ол туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс, ал бала өлі туған жағдайда, босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей медициналық ұйымның жауаптылаузында адамы өтінішті береді.

Үш жұмыс күні өткен соң берілген өтініш бойынша баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган жасаған қорытындының негізінде жүргізіледі.

Бала Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған жағдайда баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мұдделі адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оның туған күннен бастап екі айдан кешіктірмей беруге тиіс.

Ескерту. 189-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V Зандарымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **190-бап. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті ата-анасы немесе олардың біреуі, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өзге де себептермен өтініш жасау мүмкін болмаған жағдайда – мұдделі адамдар немесе бала туған кезде анасы жатқан медициналық ұйымның әкімшілігі жазбаша нысанда береді. Өтінішке ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттардың, сондай-ақ неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы күәліктің көшірмелері қоса беріледі.

Баланың тууы белгіленген мерзімді бұза отырып тіркелген жағдайда ата-анасының түсініктемесі, баланың туған жері мен ата-анасының түрғылықты жері бойынша туу туралы жазбаның болмауы туралы анықтама, баланың денсаулығы туралы анықтама қосымша беріледі.

Егер баланың тууын мемлекеттік тіркеуге ата-анасы емес, басқа адамдар өтініш жасаса, онда осы адамдар өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ баланың тууын тіркеуге оның өкілеттігін растайтын құжатты ұсынуы тиіс.

Екі немесе одан да көп баланы мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш әрқайсысына қатысты бөлек беріледі.

2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш жасаған кезде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес беріледі.

Ескерту. 190-бап жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **191-бап. Әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін не неке жарамсыз деп танылғаннан кейін туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу**

Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезде бойға біткен және әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін не неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылғаннан кейін туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу, егер әкесі қайтыс болған немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған не ол жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жұз сексен күннен аспаса, жалпы негізде жүргізіледі.

### **192-бап. Баланың туу туралы акт жазбасына ата-аналары туралы мәліметтерді енгізу тәртібі**

1. Бір-бірімен некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) әкесі мен анасы туу туралы жазбалар кітабына олардың кез келгенінің өтініші бойынша баланың ата-аналары болып жазылады. Мұндай жазбаға неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы күәлік негіз болып табылады.

2. Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға өз келісімін жазбаша нысанда берген адамдар, осы әдістерді қолдану нәтижесінде өздерінде бала туылған жағдайда туу туралы актілер жазбасының кітabyна оның ата-аналары болып жазылады.

Суррогат ана болу шартына сәйкес бала туылған жағдайда, ерлі-зайыптылар туу туралы актілер жазбасының кітabyна оның ата-аналары болып жазылады.

3. Бала тууды тіркеу кезінде, егер ата-аналарының арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, оны сот жарамсыз деп таныған немесе жұбайы қайтыс болған жағдайда, бірақ неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, оны жарамсыз деп таныған немесе жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күннен аспаса, анасы туралы мәлімет осы Кодекстің 187-бабында көрсетілген құжаттардың негізінде, баланың әкесі туралы мәлімет неке қиу немесе некени (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің, әкесінің қайтыс болуы туралы куәліктің негізінде енгізіледі.

Егер бала неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, оны жарамсыз деп таныған күннен бастап екі жүз сексен күн өткеннен кейін туса, бұрынғы жұбайы әке болуды анықтау туралы актілер жазбасының негізінде ғана баланың әкесі болып жазылуы мүмкін.

Босанған эйелдің жұбайы болып табылмайтын адам жазбаша мойындаған жағдайда және оның күйеуінің жазбаша келісімі болған кезде әке болуды анықтауды тіркеу және тууды тіркеу кезінде баланың әкесі болып осы адам жазылады.

4. Егер баланың ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса (ерлі-зайыпты болмаса), анасы туралы мәлімет осы Кодекстің 187-бабында көрсетілген құжаттардың негізінде енгізіледі.

Мұндай жағдайда әкесі туралы мәліметтер:

1) егер баланың тууын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде әкесі белгілі болған және тіркелген жағдайда, әке болуды анықтау туралы актілер жазбасының негізінде;

2) егер әкесі анықталмаса, некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының өтініші бойынша енгізіледі.

Тууды жазу кітabyнда баланың әкесінің тегі - анасының тегі бойынша, баланың аты мен әкесінің аты оның көрсетуі бойынша жазылады. Енгізілген мәліметтер әке болуды анықтау туралы мәселені шешуге кедергі болып табылмайды.

Баланың әкесі туралы мәліметтер анасының тілегі бойынша туу туралы актілер жазбасына енгізілмеуі мүмкін;

3) өзін баланың әкесінің деп мойындаған адамның өтініші бойынша, оған баланың анасының келісімі болған кезде енгізіледі.

Анасы туралы мәліметтер осы Кодекстің 187-бабында көрсетілген құжаттардың негізінде енгізіледі, әкесі туралы мәліметтер осы адамның көрсетуі бойынша жазылады.

Бұдан әрі баланың анасы туу туралы акт жазбасына енгізілген баланың әкесі туралы мәліметтермен келіспеген кезде түзетулер белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

### **193-бап. Бала ата-анасының қай ұлтқа жататынын жазу тәртібі**

Егер тууды тіркеу кезінде өтініш беруші ата-анасының қай ұлтқа жататынын көрсетуге тілек білдірсе, онда баланың туу туралы акт жазбасында ата-анасының - Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген ұлтына сәйкес көрсетіледі.

Шетелдік болып табылатын ата-анасының қай ұлтқа жататыны туралы мәлімет оның шетелдік паспортына сәйкес көрсетіледі.

Шетелдіктің шетелдік паспортында ұлты туралы мәлімет болмаған кезде оның ұлты өзі азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы берген құжатқа сәйкес айқындалуы мүмкін.

**Ескерту. 193-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы реcми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **194-бап. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде оған тегін, атын, әкесінің атын беру тәртібі**

1. Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде баланың тегі ата-аналарының тегімен айқындалады. Ата-аналарының тегі әртүрлі болған кезде балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі. Ата-аналарының тілегі бойынша баланың тегі ұлттық

дәстүрлер ескеріле отырып, баланың әкесінің немесе атасының атымен жазылады. Баланың тегіне қатысты ата-аналарының арасында туындаған келіспеушілктер сот тәртібімен шешіледі.

2. Азаматтардың тілегі бойынша ұлты қазақ адамдардың тегі мен әкесінің атын жазуда қазақ тіліне тән емес: -ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -н, -ины, -на, -овна, -евна, -ович, -евич аффикстері алып тасталады, ал олардың орнына әкесінің атына: -ұлы, -қызы деген сөздер қосылып бірге жазылады.

Жеке адамның тегіне "тегі", "ұрпағы", "немересі", "шөбересі", "келіні" деген және басқа да сөздерді қосып жазуға жол берілмейді.

3. Ұлты қазақ адамдардың әкесінің аты тегін ауыстырган кезде оның міндепті түрде бірінші болып тұруына, одан кейін атының жазылуына жол беріледі, ал әкесінің аты жазылмайды.

4. Басқа ұлт адамдарының тілегі бойынша олардың тегін, атын және әкесінің атын жазу олардың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

#### **195-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу**

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу келген елдің аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде не басқа елде қызметтің қоса атқаратын Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде жүргізіледі.

#### **196-бап. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууын мемлекеттік тіркеу тәртібі**

1. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру үйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық үйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірілмей тіркелуге тиіс.

Отінішке бала тауып алынған кездегі уақыт, орын және мән-жайлар көрсетіле отырып, ішкі істер органы немесе қорғанышылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жасаған хаттама немесе акт; тауып алынған баланың жасы мен жынысын растайтын медициналық үйым берген құжат және басқа да бала туралы дербес мәліметтер қоса тіркеледі.

2. Медициналық үйымда баладан бас тартылған жағдайда, осы үйымның әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша анасының жазбаша өтінішін ресімдеу жөнінде шаралар қолданады.

3. Баланы белгісіз ана қалдырып кеткен жағдайда медициналық үйымның әкімшілігі еki күәгердің қатысуымен хаттама жасайды. Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде хаттамалар тастанды (ата-анасы бас тартқан) баланы тіркеу туралы медициналық үйымның лауазымды адамының өтінішіне қоса беріледі.

#### **197-бап. Өлі туған немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген баланы мемлекеттік тіркеу**

1. Өлі туған баланы және өмірінің алғашқы аптасында шетінеген баланы мемлекеттік тіркеу тіркеуші органда бала туған немесе шетінеген кезден бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Баланың өлі тууы медициналық үйым немесе жеке дәрігерлік практикамен айналысадын дәрігер берген перинатальдық қайтыс болуы туралы медициналық күәліктің негізінде тіркеледі.

Өлі туған баланың туу туралы күәлігі берілмейді. Ата-анасының өтініші бойынша өлі туған баланы мемлекеттік тіркеу фактісін растайтын құжат беріледі.

3. Бала өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болған жағдайда оның тууын мемлекеттік тіркеу - туу туралы медициналық анықтамаың негізінде, ал қайтыс болған жағдайда перинатальдық қайтыс болуы туралы күәліктің негізінде жүргізіледі.

Туу және қайтыс болу туралы жасалған актілер жазбаларының негізінде тек қайтыс болуы туралы күәлік қана беріледі. Ата-анасының өтініші бойынша баланың тууын мемлекеттік тіркеу фактісін растайтын құжат беріледі.

Одан эрі қайтыс болу туралы күәлік қана қайтадан беріледі.

4. Тіркеуші органға баланың өлі тууы туралы немесе баланың тууы және өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болғандығы туралы мәлімдеу міндеті:

1) бала туылған немесе бала шетінеген медициналық үйымның басшысына;

2) дәрігері баланың өлі тууы, баланың өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болуы фактісін анықтаған медициналық үйымның басшысына;

3) медициналық үйымнан тыс жерде туган жағдайда жеке дәрігерлік практикамен айналысатын дәрігерге жүктеледі.

### **198-бап. Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу**

1. Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу медициналық үйим немесе жеке дәрігерлік практикамен айналысатын дәрігер берген белгіленген нысандағы туу туралы құжаты болған кезде ата-аналарының немесе өзге де мұдделі адамдардың жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

Бала кәмелетке толғаннан кейін тууын мемлекеттік тіркеу оның жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

Өтінішке туу туралы медициналық күәлік, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тіркеуші органдының туу туралы акт жазбасының жоқтығы туралы хабарламасы, денсаулық жағдайы туралы анықтамалар, ата-анасының жеке басын, некесін (ерлі-зайыптылығын) күәландыратын құжаттар, өтініш берушінің жеке басын күәландыратын құжат қоса берілуге тиіс.

2. Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеуді облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің тіркеуші органдың қорытындысы негізінде ауданының, қаланың тіркеуші органды жүргізеді.

**Ескерту. 198-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **199-бап. Шетелдіктердің балаларының тууын мемлекеттік тіркеу**

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетелдіктердің балаларының тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстанның аумағында орналасқан тиісті шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде не, егер Қазақстан Республикасында мұндай жоқ болса, қызметін қоса атқаратын шетелдегі мекемелерде жүргізіледі.

Шетелдіктердің балаларының тууын мемлекеттік тіркеу ол жөнінде Жеке адамдар туралы мемлекеттік дереккорға мәліметтер енгізілместен және балаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілместен, олардың тілегі бойынша өздерінің тұрақты немесе уақытша тұратын жеріндегі тіркеуші органдарда жүргізіледі.

### **200-бап. Баланың туу туралы салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу**

Ата-аналардың тілегі бойынша тіркеуші орган баланың тууын салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеуді өз үй-жайында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында қамтамасыз етеді.

### **201-бап. Баланың туу туралы жазбалар кітабына енгізілетін мәліметтер**

Баланың туу туралы акт жазбасына мынадай деректер:

1) баланың тууын мемлекеттік тіркеу күні;

2) балаға берілген жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) баланың туу туралы акт жазбасының нөмірі;

4) тегі, аты, қалауы бойынша - әкесінің аты, баланың жынысы, тұған күні, айы, жылды, тұған жері;

5) тұған балалардың саны (біреу, егіз немесе одан да көп бала);

6) баланың тірі тұғандығы туралы немесе баланың өлі тұғандығы туралы белгі;

7) баланың туу фактісін раставтын құжат туралы мәліметтер;

8) баланың занды мекенжайы;

9) ата-аналарының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), тұған күні, айы, жылды, жасы, тұрақты тұрғылықты жері, занды мекенжайы, азаматтығы, табыс көзі немесе жұмыс орны, білімі және, егер жеке басын күәландыратын құжаттарда көрсетілген болса, олардың ұлты;

10) соның негізінде баланың әкесі туралы мәліметтер енгізілген құжат туралы мәліметтер;

11) өтініш беруші туралы мәліметтер;

12) берілген туу туралы күәліктің сериясы мен нөмірі енгізіледі.

## **202-бап. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы күәлік беру**

Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасының негізінде белгіленген ұлғідегі туу туралы күәлік беріледі.

Туу туралы күәлік жаңа туған баланың ата-аналарына, басқа уәкілетті адамдарға немесе бала тұратын үйымның өкілдеріне беріледі.

Екі немесе одан да көп бала туған жағдайда туу туралы күәлік әрбір балага беріледі.

## **203-бап. Баланың туу туралы күәлігі**

Баланың туу туралы күәлігі мынадай мәліметтерді:

1) баланың тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса), туған қуні, айы, жылы мен туған жерін;

2) акт жазбасының жасалған қунін және нөмірін;

3) жеке сәйкестендіру нөмірін;

4) ата-аналарының тектерін, аттарын, әкелерінің аттарын (егер бар болса), егер жеке басын күәланышыратын құжаттарда көрсетілген болса, ұлтын;

5) ата-аналарының азаматтығын;

6) мемлекеттік тіркеу орнын (тіркеуші органның атауын);

7) туу туралы күәліктің берілген қунін қамтиды.

## **26-тарау. ЭКЕ БОЛУДЫ АНЫҚТАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

### **204-бап. Эке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу үшін негіз**

1. Эке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу:

1) баланың ата-анасының эке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші;

2) анасы қайтыс болған, анасы қайтыс болды деп жарияланған; анасы психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған; анасы ата-ана құқықтарынан айырылған не оның ата-ана құқықтары шектелген; баланың анасының тұрғылықты жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда баланың әкесінің өтініші;

3) эке болуды анықтау туралы, сондай-ақ эке болуды тану фактісін және эке болу фактісін анықтау туралы сот шешімі негізінде тіркеуші органдарда жүргізіледі.

2. Психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның, сондай-ақ осы әрекетке қабілетсіз адамның қорғаншысының өтініші бойынша эке болуды анықтауға тыйым салынады.

### **205-бап. Эке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу орны**

Эке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар баланың туған жері бойынша, баланың әкесінің немесе анасының тұрғылықты жері бойынша не эке болуды анықтау туралы немесе әкелікті тану фактісін және эке болу фактісін анықтау туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша жүргізді.

Анасы қайтыс болған немесе оны әрекетке қабілетсіз деп таныған, анасының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда немесе оны ата-ана құқықтарынан айырған жағдайда, баланың орналасқан жері әке болуды анықтауды тіркеу орны болып табылады.

### **206-бап. Баланың ата-аналарының бірлескен өтініші негізінде эке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу**

1. Ата-аналарының эке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші баланың туған жері бойынша немесе олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға беріледі. Бірлескен өтініш беру қын болған жағдайда баланың әкесі мен анасы тіркеуші органға жеке-жеке өтініш бере алады.

2. Егер ата-аналарының біреуі дәлелді себеппен әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға өзі келе алмаған жағдайда, оның өтініштегі қолтаңбасы нотариатта күәланышыруға тиис.

3. Ата-аналарының әке болуды анықтау туралы өтініш беруі бала туғаннан кейін мүмкін болмайтын немесе қындық тудырған жағдайда, әлі тумаған балаға қатысты бірлескен немесе бөлек өтінішті тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға медициналық анықтамамен расталған анасының жүктілігі кезінде алдын ала беруге рұқсат етіледі. Баланың ата-анасы туралы жазба бала туғаннан кейін жасалады.

Мұндай өтінішті баланың ата-анасы әке болуды анықтайтын мемлекеттік тіркеу жасалғанға дейін кез келген уақытта қайтарып алуды мүмкін.

4. Ата-аналарының әке болуды анықтау туралы бірлескен өтінішімен бірге ата-аналарының жеке басын қуәландыратын құжаттар және баланың туу туралы қуәлігі, ал мұндай өтініш бала туғанға дейін берілген жағдайда медициналық ұйым немесе жеке дәрігерлік практикамен айналысатын дәрігер берген анысының жүктілігін растайтын медициналық анықтама ұсынылады.

Егер әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу тууды мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүргізілсе, баланың туу туралы қуәлігін қоса беру талап етілмейді.

5. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, әке болуды анықтауды тіркеуші орган ата-анасының екеуінің қатысуымен өтініш берілген күні жүргізеді.  
**207-бап. Ата-аналарының әке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші кезінде балаға тегін, әкесінің атын беру**

1. Ата-аналарының әке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші кезінде баланың тегі - ата-аналарының келісімі бойынша, ал келісім болмаған кезде сот тәртібімен айқындалады.

Баланың таңдал алынған тегі әке болуды анықтау туралы өтініште көрсетілуге тиіс.

2. Баланың әкесінің аты, оның ішінде кәмелетке толған балаға да қатысты, егер оның тарапынан қарсылық болмаса, әкесінің аты бойынша өзгертіледі.

Баланың туу туралы акт жазбасында бүрын көрсетілген (анасының көрсетуі бойынша) баланың әкесінің аты баланың әкесі деп танылған адамның атымен сәйкес келмеген жағдайда, тіркеуші орган әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы емес.

3. Егер баланың ата-аналары ол туғаннан кейін некеге отырса (ерлі-зайыпты болса), әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеместен, әкесі туралы мәліметтерді баланың туу туралы акт жазбасына енгізуге жол берілмейді.

**208-бап. Өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтініші бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу**

1. Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның жазбаша өтініші бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтінішіне оның жеке басын қуәландыратын және анысының болмауының мән-жайын растайтын құжаттар: анысының қайтыс болуы туралы қуәлік; психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан анысын әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, оны қайтыс болды деп жариялау туралы, анысын ата-ана құқықтарынан айыру не оны шектеу туралы сот шешімі; анысының тұрғылықты жерін анықтаудың мүмкін еместігі туралы анықтама қоса беріледі.

**209-бап. Өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтініші бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде балаға тегін, әкесінің атын беру**

1. Баланың тегі өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтініші бойынша қорғанышлық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен айқындалады.

2. Баланың әкесінің аты, оның ішінде кәмелетке толған балаға да қатысты, егер оның тарапынан қарсылық болмаса, әкесінің аты бойынша өзгертіледі.

**210-бап. Әке болуды анықтау, әкелікті тану фактісі және әке болу фактісі туралы сот шешімінің негізінде әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу**

1. Әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу фактісін және әкелікті тану фактісін анықтау туралы сот шешімінің негізінде әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу баланың анысының, әкесінің немесе қорғанышсының не қамқоршысының өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Өтінішке сottтың заңды қүшіне енген шешімінің көшірмесі, өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжаттар және баланың туу туралы қуәлігі қоса беріледі.

3. Әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу фактісін және әкелікті тану фактісін анықтау туралы шешім шығарған сот осы шешімнің көшірмесін ол заңды қүшіне енген күннен бастап үш күн мерзімде сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуші органға жіберуге міндетті.

**211-бап. Сот шешімі бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде балаға тегін, әкесінің атын беру**

1. Сот шешімі бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде әкесі туралы мәліметтер сот шешімінде сәйкес көрсетіледі.

Әкесінің тұрақты тұрғылықты жері, оның жұмыс орны, егер осы мәліметтер сот шешімінде көрсетілмесе, өтініш берушінің айтуымен жазылуы мүмкін.

Сот шешімінде әкесінің ұлты туралы мәліметтер болмаған кезде әке болуды анықтауды туралы акт жазбасындағы ұлты туралы баған оның жеке басын қуәландыратын құжаттың негізінде толтырылады.

2. Балаға тегі - сот шешіміне сәйкес, ал мұндай жазба болмаған кезде өтініш берушінің көрсетуі бойынша беріледі. Бұл мәселе бойынша дау туындаған жағдайда тегі сот шешімі бойынша жазылады.

## **212-бап. Баланың тууын және әке болуды анықтауды бір мезгілде мемлекеттік тіркеу**

Баланың тууын және әке болуды анықтауды бір мезгілде мемлекеттік тіркеу кезінде міндетті түрде туу туралы және әке болуды анықтауды туралы актілер жазбасы жасалады. Туу туралы акт жазбасында баланың тегі анасының тегі бойынша, әкесінің аты мен әкесі туралы мәліметтер әкесінің өтініші немесе ата-аналарының бірлескен өтініші бойынша көрсетіледі.

## **213-бап. Қемелетке толған балаға қатысты әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу тәртібі**

Қемелетке толған адамдарға қатысты әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуге – олардың жазбаша келісімімен ғана, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылса, оның қорғаншысының немесе қорғаншылық немесе қамкоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен жол беріледі.

Қемелетке толған адамның келісімі жеке өтініште не ата-аналарының бірлескен өтінішіндегі өзінің қолтаңбасымен көрсетілуге тиіс. Өтініш берген кезде бір мезгілде қемелетке толған бала не оның қорғаншысы әкесінің тегін алғысы келетіндігін не анасының тегін сақтағысы келетіндігін көрсетеді.

## **214-бап. Әке болуды анықтауды туралы өтініш**

Әке болуды анықтауды туралы өтінішті ата-аналары немесе олардың біреуі, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өтініш жасау өзге де себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сенім білдірілген адамдар жазбаша нысанда береді.

Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті ата-аналары емес, басқа адам берген кезде өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжат ұсынылуға тиіс.

## **215-бап. Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде өзгерістер енгізу тәртібі**

1. Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде туу туралы акт жазбасына әке болуды анықтауды туралы акт жазбасының негізінде тиісті өзгерістер енгізіледі.

Баланың тегі, әкесінің аты, сондай-ақ әкесі туралы мәліметтер осы Кодекстің 207, 209 және 211-баптарына сәйкес енгізіледі.

2. Туу туралы акт жазбасына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін өтініш берушіге (өтініш берушілерге) баланың туу туралы жаңа қуәлігі беріледі.

## **216-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде анықталған әке болуды тану**

Егер ата-аналарының ең болмаса біреуінде Қазақстан Республикасының азаматтығы бар болса, ол балаға қатысты Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері тіркеген әке болу танылады.

## **217-бап. Әке болуды анықтауды туралы жазбалар кітabyна енгізіletіn мәlіmetter**

Әке болуды анықтауды туралы акт жазбасына мынадай деректер:

- 1) баланың тууын мемлекеттік тіркеу күні;
- 2) баланың туу туралы акт жазбасының номірі;
- 3) баланың әке болуды анықтағанға дейінгі және одан кейінгі тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- 4) баланың туған уақыты мен туған жері;
- 5) ата-аналарының тектері, аттары, әкелерінің аттары (егер бар болса), туған күні, айы, жылды, тұрақты тұрғылықты жері, занды мекенжайы, азаматтығы, табыс көзі немесе жұмыс орны, егер жеке басын қуәландыратын құжаттарда көрсетілген болса, ұлты;
- 6) оның негізінде әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу жүргізілген құжат туралы мәліметтер;

- 7) өтініш иесі туралы мәліметтер;
- 8) берілген қуәліктің сериясы мен нөмірі енгізіледі.

## **218-бап. Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікті беру**

Әке болуды анықтау туралы қуәлікті әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасының негізінде тіркеуши орган береді.

Әке болуды анықтау туралы қуәлік мемлекеттік тіркеу орны бойынша ата-аналарының біреуіне беріледі немесе олардың тілегі бойынша әрқайсысана берілуі мүмкін.

## **219-бап. Әке болуды анықтау туралы қуәлік**

Әке болуды анықтау туралы қуәлік мынадай мәліметтерді:

- 1) баланың әкесінің тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса);
- 2) баланың тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса), туған күнін, айын, жылын;
- 3) баланың анасының тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса);
- 4) акт жазбасының жасалған күнін және нөмірін;
- 5) мемлекеттік тіркеу орнын, тіркеуші органның атауын;
- 6) әке болуды анықтау туралы қуәліктің берілген күнін қамтиды.

## **27-тарау. НЕКЕ ҚИЮДЫ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУДЫ) МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

### **220-бап. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үшін негіз**

Тіркеуші органдар неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен жазбаша өтініштің негізінде жүргізеді.

### **221-бап. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны**

Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың тілегі бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүргізіледі.

### **222-бап. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш беру мерзімі және неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу мерзімі**

1. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркегенге дейін бір ай бұрын беріледі.

2. Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң тіркеуші орган жүргізеді.

Мерзімнің өтуі өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айданың тиісті күні біtedі. Егер осы күн жұмыс күні болмаса, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу уақытын тіркеуші орган некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамдардың келісімі бойынша тағайындалады. Мемлекеттік тіркеу уақыты сол үй-жайда қайтыс болуды және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеген уақытпен сәйкес келмейтіндегі есеппен тағайындалуға тиіс.

3. Егер неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш берген кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың екеуінің бірдей тіркеуші органда болуы мүмкін болмаса немесе оған қатысуы тым қын болса (бір-бірінен алыста тұруы, ауыр науқастануы, жүріп-тұру қындығымен байланысты мүгедектігі, әскери қызмет өткеруі және басқалары), белгіленген нысан бойынша толтырылған және некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың екеуі бірдей қол қойған неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы өтінішті олардың біреуі бере алады.

Жоқ адамның қолтаңбасын тіркеуші органның бастығы қуәландыруы және азаматтың тұрған жері бойынша тіркеуші органның, нотариустың немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес нотариаттың іс-әрекеттер жасауға құқық берілген өзге де лауазымды адамның мөрімен бекітілуі мүмкін, сондай-ақ мынадай тәртіппен:

1) әскери қызметшілерді – тиісті әскери бөлімнің командири;

2) жұзу уақытында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүретін теңіз кемелерінде немесе ішкі жұзу кемелерінде болатын Қазақстан Республикасының азаматтарын – осы кемелердің капитандары;

- 3) экспедицияларда болатын адамдарды – осы экспедициялардың бастықтары;
- 4) стационарлық медициналық ұйымдарда болатын адамдарды – осы ұйымдардың бас дәрігерлері;
- 5) қамауға алу және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындастын мекемелерде отырған адамдарды – тиісті мекемелердің бастықтары;
- 6) жүріп-тұруы қын мүгедектерді дәрігерлік-консультативтік комиссияның төрағасы қуәландыруы мүмкін.

Ескеरту. 222-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **223-бап. Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу мерзімдерін қысқарту және ұзарту**

1. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлескен өтініші бойынша тиісті құжаттармен расталған (дәрігерлік-біліктілік комиссиясының жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын анықтамалар) дәлелді себептер (жүктілік, баланың тууы, тарараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде тіркеуші органның бастығы неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша бір ай өткенге дейін некені қиоға (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат етеді не бұл мерзімді ұзартады, бірақ ол бір айдан аспауга тиіс.

Мерзімді қысқарту уақыты әрбір жеке жағдайда накты мән-жайларға байланысты айқындалады.

2. Жекелеген жағдайларда неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді күту мерзімі неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуге кедергі келтіретін мән-жайлар болған кезде ғана тіркеуші органның бастамасы бойынша ұзартылуы мүмкін. Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы жазба жасалғанға дейін лауазымды адам жазбаны тоқтата тұруға және өтініш берушіден бір айдан асыруға болмайтын белгіленген мерзімде тиісті деректі айғақтар беруді талап етуге міндетті.

Тіркеуші орган мүдделі адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен қажетті тексеруді жүргізеді. Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді кейінге қалдыру туралы некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш берген адамдар хабардар етіледі. Неке қиоға (ерлі-зайыпты болуға) занды кедергілер болған кезде тіркеуші орган оны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Егер мұндай кедергілер туралы мәліметтер расталмаған болса, некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу жалпы негіздерде жүргізіледі. Аталған мән-жайларды тексеру бір ай мерзімде аяқталуға тиіс.

Айлық мерзімді қысқарту немесе ұзарту туралы рұқсатты тіркеуші органның бастығы, ал ол болмаған кезде оның міндетін атқарушы адам некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтінішке қарар түрінде береді.

Егер некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер дәлелді себептер бойынша белгіленген күні тіркеуші органға келе алмайтын болса, неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу мерзімі олардың өтініші бойынша басқа уақытқа ауыстырылады.

## **224-бап. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш**

1. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш жазбаша түрде жасалуға тиіс. Белгіленген үлгідегі өтініш нысаны болмаған жағдайда, өтініштің мәтінінде көзделген мәліметтердің бәрі еркін түрде қамтылуға тиіс.

Өтініш нысанында қамтылған барлық сұрақтарға толық әрі дәл жауаптар берілуге тиіс.

2. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш беру кезінде:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматы жеке күәлігін не паспортын; шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы - оның шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есепке алынғаны туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға

арналған ықтиярхатын ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасының ішкі істер органы берген Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат ететін құжатын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның күелігін ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген құжатын ұсынады.

Басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік, азаматтығы жоқ адам жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар олардың мәтінінің нотариатта куәландырылған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын беруге тиіс.

Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттардың мәтіні аудармасының дұрыстығы шетелдік азаматы болып табылатын мемлекеттің немесе азаматтығы жоқ адам тұрақты тұратын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде немесе консулдық мекемесінде не сыртқы саясат ведомствосында куәландырылуы мүмкін;

2) осы Кодекстің 10-бабында көрсетілген белгіленген неке жасын азайту қажеттігін растайтын құжаттарды;

3) бұрынғы некелері (ерлі-зайыптылықтары) туралы мәліметтерді;

4) балалары бар екендігі туралы мәліметтерді;

5) бір-бірінің денсаулық жағдайы және материалдық жағдайы туралы, сондай-ақ некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) кедергінің жоқтығы туралы хабардар екендігі туралы қолхатты ұсыну қажет.

**Ескерту.** 224-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **225-бап. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде ерлі-зайыптылардың тектерін жазу тәртібі**

1. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тегін екінші жұбайының тегіне өзгертуге тілек білдірген жұбайға неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында ортақ тек ретінде таңдалған тегі көрсетіледі.

2. Неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасын жасаған кезде бұрынғы тектерінде қалуға тілек білдірген ерлі-зайыптылардың тектері өзгертилмейді.

3. Өзінің некеге дейінгі тегіне екінші жұбайының тегін қосып жазуға тілек білдірген жұбайға неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында қосылатын тегі некеге дейінгі тегінен кейін сзызықша арқылы жазылады.

4. Ерлі-зайыптылардың тектерін таңдауы некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен жазбаша өтініште көрсетіледі.

## **226-бап. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу тәртібі**

1. Неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізеді.

2. Егер некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдар (адамдардың біреуі) ауыр науқастануы салдарынан немесе басқа да дәлелді себеп бойынша тіркеуші органдар келе алмайтын жағдайда, неке қиуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу оның үйінде, медициналық немесе өзге де үйимда некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

3. Тіркеуші органның лауазымды адамы:

1) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдіргені туралы берілген өтініштерді жария етеді;

2) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарға болашақ жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

3) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) келісімді және жұбайлардың таңдаған тегі туралы шешімді анықтайды;

4) неке қиуға (ерлі-зайыпты болуға) кедергінің жоқ екендігін анықтайды;

5) мемлекет атынан неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы белгіленген үлгідегі күелікті тапсырады.

4. Неке қиуға (ерлі-зайыпты болуга) кедергі болмаған кезде азаматтық хал актілерін жазу кітабына некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қолы қойылған және тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрімен бекітілген неке (ерлі-зайыптылық) туралы жазба енгізіледі.

5. Егер неке қиуға (ерлі-зайыпты болуга) кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін растайтын айғақтары болса, тіркеуші орган неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

6. Тіркеуші органның неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартуына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

## **227-бап. Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу**

Неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) тілегі бойынша тіркеуші органдардың арнайы жабдықталынған үй-жайларында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында жүргізіледі.

## **228-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қионын (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қионын (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде не некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адам азаматы болып табылатын шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде, консулдық мекемесінде жүргізіледі.

2. Шетелдікпен некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш берумен бір мезгілде шетелдік өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органдынан некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) рұқсатты, егер мұндай рұқсат алу шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес талап етілсе, ұсынуға тиіс.

Мұндай рұқсат болмаған кезде тіркеуші орган өтінішті қабылдау кезінде некеге отырушыларға (ерлі-зайыпты болушыларға) және бірінші кезекте Қазақстан Республикасының азаматына (азаматшасына), олардың некесі (ерлі-зайыптылығы) ол некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адам азаматы болып табылатын елде жарамсыз болып танылуы мүмкін екендігін түсіндіруге тиіс.

Егер мұндай түсіндірулерге қарамастан, өтініш берушілер неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді талап етіп сұраса, бұл неке (ерлі-зайыптылық) тіркеледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының оралмандармен некесін қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтығы жоқ адаммен неке қио (ерлі-зайыпты болу) шарттары, егер ол адамның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

## **229-бап. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде, дипломатиялық өкілдіктерінде және шет мемлекеттердің шетелдік мекемелерінде неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы неке (ерлі-зайыптылық) Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде қыллады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде шетелдіктер арасында қылған неке (ерлі-зайыптылық) Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

## **230-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылған некені (ерлі-зайыптылықты) тану**

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасы азаматтарының арасында және Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктердің немесе

азаматтығы жок адамдардың арасында қылған неке (ерлі-зайыптылық), ол аумағында неке қылған мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып жасалса, осы Кодекстің 10 және 11-баптарында көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

2. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде шетелдіктер арасында қылған неке (ерлі-зайыптылық), ол аумағында жасалған мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып қылса, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

### **231-бап. Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылған некенің (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыздығы**

Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылған некенің (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыздығы неке қио (ерлі-зайыпты болу) кезінде қолданылған Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

### **232-бап. Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтамалар беру тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын не бұрын тұрған азаматтарға беріледі.

2. Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тіркеуші органдардың тіркеуші органдарының мұрағаты бойынша тексерулер негізінде өтініш жасалған күні береді.

Егер адам Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткенге дейін бір әкімшілік-аумақтың бірлікте тұрақты тұрған болса, неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасының бар екендігін тексеру он алты жастан бастап жүргізіледі, өзге жағдайда анықтама осы аумақта тұрған кезден бастап беріледі.

3. Анықтамалар алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын қуәландыратын құжатты;
- 2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті немесе егер өтініш беруші некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса), жұбайының қайтыс болуы туралы куәлікті ұсынады.

### **233-бап. Бас бостандығынан айыру орындарында құзетпен қамауда отырған немесе жазасын өтеп жүрген адаммен неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу**

1. Бас бостандығынан айыру орындарында құзетпен қамауда отырған немесе жазасын өтеп жүрген адаммен неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар некеге тұратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен осы Кодексте көзделген неке қио (ерлі-зайыпты болу) шарттарын сақтай отырып, адамның құзетпен ұстау немесе жазасын өтеп жүрген орны бойынша, тиісті мекеменің әкімшілігі айқындаған үй-жайда жүргізеді.

2. Құзетпен қамауда отырған адаммен неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган осы іс жүргізуінде жатқан адамды немесе органды хабардар еткеннен кейін жүргізеді.

Ескерту. 233-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Занымен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **234-бап. Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасының мазмұны**

1. Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына мынадай мәліметтер:

1) некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) әрқайсысының тегі (неке қылғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейінгі және одан кейінгі), аты, әкесінің аты (егер бар болса), туған күні, айы, жылды мен туған жері, жасы, азаматтығы, егер жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген болса, ұлты, табыс көзі немесе жұмыс орны, тұрғылықты жері және заңды мекенжайы, білімі, отбасылық жағдайы;

2) ортақ балалары туралы мәліметтер;

3) некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) жеке басын қуәландыратын құжаттардың деректемелері;

4) акт жазбасының жасалған күні және нөмірі;

5) неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы берілген куәліктің нөмірі енгізіледі.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған немесе жарамсыз деп танылған жағдайда неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына қажетті мәліметтер енгізіледі. Мұндай мәліметтерді енгізу некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің не ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы жазбаның негізінде жүргізіледі.

### **235-бап. Мұдделі адамның өтініші бойынша неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы жазбаны тоқтата тұру**

Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы жазба жасалғанға дейін мұдделі адамнан неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үшін кедергілердің бар екендігі туралы өтініш түсken жағдайда, тіркеуші органның бастығы жазбаны тоқтата тұруға және өтініш берушіден белгіленген мерзімде тиісті деректі айғақтар беруді талап етуге міндетті. Жазбаны тоқтата тұру мерзімі бір айдан аспауға тиіс.

### **236-бап. Ерлі-зайыптыларға неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік беру**

Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік ерлі-зайыптыларға неке қылған жер бойынша неке (ерлі-зайыптылық) мемлекеттік тіркелген күні беріледі.

Қажет болған кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың әрқайсысына неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік берілуі мүмкін.

### **237-бап. Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік**

Неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік мынадай мәліметтерді:

- 1) некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардын) әрқайсысының тегін неке қылғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейінгі, атын, әкесінің атын (егер бар болса), туған күні, айы, жылды мен туған жерін, азаматтығын, егер жеке басын құеландыратын құжатта көрсетілген болса, ұлтын;
- 2) некенің қылған (ерлі-зайыпты болған) күнін;
- 3) актінің жасалған күнін және нөмірін;
- 4) ерлі-зайыптылардың тегін таңдау туралы мәліметтерді;
- 5) неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орнын, тіркеуші органның атауын;
- 6) неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің берілген күнін;
- 7) неке қио (ерлі-зайыпты болу) туралы берілген куәліктің сериясы мен нөмірін қамтиды.

## **28-тaraу. НЕКЕНІ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚТЫ) БҰЗУДЫ МЕМЛЕКЕТТИК ТІРКЕУ**

### **238-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін негіздер**

1. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші, белгіленген тәртіппен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқығы бар ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші, сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың заңды құшінен енген шешімі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуге негіздер болып табылады.

2. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеуші органдарда мемлекеттік тіркеу кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мұліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі кезінде жүргізіледі.

3. Ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары болған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

4. Ерлі-зайыптылардың ортақ кәмелетке толмаған балаларының болуына қарамастан, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша:

- 1) жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы соттың заңды құшінен енген шешімінің;
- 2) жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы соттың заңды құшінен енген шешімінің;
- 3) жұбайының қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімінің негізінде тіркеуші органдарда бұзылады.

### **239-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу орны**

1. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің тұргылықты жері бойынша тіркеуіші органда жүргізіледі.

2. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды 238-баптың 4-тармағы негізінде мемлекеттік тіркеген жағдайда, өтініш осы өтінішті берген жұбайдың тұргылықты жері бойынша тіркеуіші органға беріледі.

3. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеуді некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуіші орган жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасы азаматының некесін (ерлі-зайыптылығын) бұзуды мемлекеттік тіркеу шет мемлекеттің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзушылардың өздері қатысқан кезде жүргізеді.

#### **240-бап. Ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы бірлескен өтініші бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу мерзімдері**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді тіркеуіші орган некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзушылардың өздері қатысқан кезде жүргізеді.

Мерзімнің өтуі өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдан үтісті күнінде біtedі. Егер бұл күн жұмыс күніне тұра келмесе, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Айлық мерзімнің қысқартылуы мүмкін емес.

Егер ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін өздеріне белгіленген күні тіркеуіші органға келе алмаса, олар тіркеуіші органға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтінішпен қайтадан жұгіне алады, ол некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін қайтадан айлық мерзімді тағайындауды.

#### **241-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы, жұбайдын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы заңды күніне енген сот шешімінің; жұбайдын әрекетке қабілетсіз деп тану туралы заңды күніне енген сот шешімінің; жұбайдының қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

2. Осы Кодекстің 238-бабының 2 және 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтінішке неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік қоса берілуге тиіс.

Егер ерлі-зайыптыларда осы куәлік жоқ болса және неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасы тіркеуіші органда сақталмаса, неке (ерлі-зайыптылық) туралы актінің жазбасын қалпына келтіру талап етіледі.

Өтініш беруші мынадай құжаттарды:

1) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзатын адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін осы Кодекстің 238-бабының 4-тармағында көзделген негіздерді;

3) қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның әрекетке қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншы тағайындау туралы қорытындысын;

4) мемлекеттік бажды төлегені туралы құжатты ұсынуға тиіс.

3. Бұрынғы ерлі-зайыптылар (олардың әрқайсысы) немесе әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысы басқа адамдардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы мәлімдеме жасауына нотариатта куәландырылған сенімхат негізінде уәкілеттік бере алады.

4. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға келе алмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес оларға, оның мұдделерін білдіру үшін сенімхат беріледі.

**242-бап. Хабар-ошарсыз кеткен деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу**

Хабар-ошарсыз кеткен деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеген жағдайда, тіркеуші орган өтініш түскен күннен бастап бір апта мерзімде ол туралы қамауда жатқан жұбайға не әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысына немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншыға хабарламаны алған күннен бастап қырық бес күн мерзім белгілей отырып хабарлауға міндепті, осы мерзім ішінде олар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш бойынша өздерінің арасында дау бар екені туралы жазбаша хабарлауға құқылы.

**243-бап. Ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаннан кейін тектерін сақтауы немесе өзгертуі**

Некеге отыру (ерлі-зайыптылықта тұру) кезінде өз тегін басқа текке өзгертуен жұбай, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде ортақ тегін сақтау немесе осы тегін некеге дейінгі тегіне өзгерту туралы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініште көрсетуге тиіс.

**244-бап. Шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар арасындағы некені (ерлі-зайыптылықты), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер арасындағы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жұбайдымен (зайыбымен) некені (ерлі-зайыптылықты) оның азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының сотында бұзуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеуші органда бұзуға жол берілген жағдайда, неке (ерлі-зайыптылық) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде бұзылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар арасында Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тиісті шет мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып, жасалған некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

4. Шетелдіктер арасында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тиісті шет мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып, жасалған некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

**245-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасының мазмұны**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасына мынадай мәліметтер:

1) бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының тегі неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейінгі және одан кейінгі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), туған күні, айы, жылы мен туған жері, жасы, азаматтығы, егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе, ұлты, тұрғылықты жері және заңды мекенжайы, білімі, табыс көзі немесе жұмыс орны, некенің (ерлі-зайыптылықтың) саны туралы мәліметтер;

2) неке қилю (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасының жасалған күні, нөмірі және неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу жүргізілген тіркеуші органның атауы;

3) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға негіз болып табылатын құжат;

4) некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күні;

5) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттардың деректемелері;

6) мемлекеттік бажды төлеген туралы мәліметтер;

7) өтініш беруші туралы мәліметтер;

8) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі енгізіледі.

## **246-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік беру**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасының негізінде белгіленген үлгідегі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті тіркеуші орган олардың өтініші бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу уақытына қарамастаң, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу мемлекеттік тіркелген орны бойынша ерлі-зайыптылардың әрқайсысына береді.

## **247-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік**

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік мынадай мәліметтерді:

1) атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейінгі және одан кейінгі, туған күні, айы, жылды мен туған жерін, азаматтығын, егер бұрынғы ерлі-зайыптылардың әрқайсысының жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса, ұлтын;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құжат туралы мәліметтерді;

3) некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылған күнін;

4) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы актінің жасалған күні мен нөмірін;

5) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік берілген адамның атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін;

6) құжаттың берілген күнін және оны берген тіркеуші органның атауын;

7) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің сериясы мен нөмірін қамтиды.

Егер неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылса, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікте некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің заңды құшіне енетін күні көрсетілуге тиіс.

## **29-тарау. БАЛА АСЫРАП АЛУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

### **248-бап. Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеудің негізі**

Бала асырап алу баланы асырап алу туралы заңды құшіне енген сот шешімі және баланың заңды өкілдерінің өтініші негізінде тіркеуші органда тіркеледі.

Бала асырап алу баланың тууын тіркегеннен немесе оның туу туралы жоғалған акт жазбасын қалпына келтіргеннен кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Бала асырап алу туралы акт жазбасына бала және бала асырап алушылар туралы мәліметтер сottың шешімінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес енгізіледі.

### **249-бап. Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны**

Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу бала асырап алу туралы сот шешім шығарған, баланың туған немесе тұрған жері бойынша тіркеуші органда жүргізіледі.

### **250-бап. Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу жеке басын куәландыратын құжаттардың көрсеткен және сottың бала асырап алу туралы заңды құшіне енген шешімінің көшірмесін ұсынған кезде бала асырап алушының жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

Бала асырап алушылар бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беруге жазбаша нотариатта куәландырылған нысанда басқа адамдарға үәкілеттік беруге құқылы.

2. Егер бала асырап алушылар немесе үәкілетті адам сottың бала асырап алу туралы шешімі заңды құшіне енген күннен бастап бір ай ішінде бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш жасамаған жағдайда, тіркеуші орган бала асырап алу туралы шешім шығарған сottан түсken шешімнің көшірмесі немесе сот шешімінің үзінді көшірмесі негізінде бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы жазбаны дербес жүргізеді.

### **251-бап. Шетелдіктердің бала асырап алуын мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктердің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алуын мемлекеттік тіркеу, оның ішінде бала асырап алудың құшін жою осы Кодекстің талаптарын сактай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Шетелдіктерге асырап алуға берілген балаларды бақылауды Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері және Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органды жүзеге асырады.

#### **252-бап. Бала асырап алу туралы акт жазбасының мазмұны**

Бала асырап алу туралы акт жазбасына мынадай мәліметтер:

1) баланы асырап алушы мемлекеттік тіркегенге дейінгі және одан кейінгі баланың аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі;

2) баланың туған күні, айы, жылы, туған жері және азаматтығы;

3) ата-ана аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі, азаматтығы, акт жазбасында немесе баланың туу туралы күзіндегі болған кезде, ұлты;

4) бала асырап алу туралы акт жазбасының жасалған күні және нөмірі, баланың тууын мемлекеттік тіркеудің жүргізген тіркеуші органдың атауы;

5) бала асырап алу туралы актінің жасалған күні;

6) бала асырап алушылардың аттары, әкелерінің аттары (егер бар болса), тектері, азаматтығы, егер жеке басын күзіндегі тіркегенде болған кезде, ұлты, табыс көзі немесе жұмыс орны, тұрақты тұрғылықты жері;

7) бала асырап алушылардың баланың ата-ана аты болып жазылғаны не жазылмағаны;

8) бала асырап алушы мемлекеттік тіркеу үшін негіз болып табылатын күжат туралы мәліметтер;

9) бала асырап алу туралы күзіндегі сериясы мен нөмірі енгізіледі.

#### **253-бап. Бала асырап алу туралы күзіндегі және баланың туу туралы жаңа күзіндегі беру**

Бала асырап алу туралы күзіндегі бала асырап алушыларға мемлекеттік тіркелген орны бойынша тіркеуші орган береді. Асырап алынған баланың туған күні, айы, жылы мен туған жерін, тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен, сол сияқты бала асырап алушыны туу туралы актілерді жазу кітаптарына асырап алынған баланың ата-ана атын ретінде жазған кезде баланың туу туралы жаңа күзіндегі беріледі.

Екі немесе одан да көп бала асырап алған жағдайда бала асырап алу туралы күзіндегі беріледі.

#### **254-бап. Бала асырап алу туралы күзіндегі**

Бала асырап алу туралы күзіндегі мәліметтерді:

1) асырап алынған баланың атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін, туған жерін;

2) бала асырап алушы мемлекеттік тіркеу үшін негіздерді;

3) бала асырап алушылардың аттарын, әкесінің аттарын (егер бар болса), тектерін;

4) бала асырап алушы мемлекеттік тіркегеннен кейін берілген баланың атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін;

5) мемлекеттік тіркеу күнін, орнын, тіркеуші органдың атауын;

6) бала асырап алу туралы күзіндегі берілген күнін;

7) бала асырап алу туралы күзіндегі сериясы мен нөмірін қамтиды.

#### **255-бап. Бала асырап алу туралы жазбаның күшін жою**

1. Бала асырап алу туралы жазба бала асырап алушың күшін жою туралы немесе бала асырап алушы жарамсыз деп тану туралы занды күшіне енген сот шешімінде негізінде жойылады.

2. Егер бала асырап алушың күші олардың өтініші бойынша жойылса, бала асырап алушы туралы өтінішті баланың ата-ана аты немесе, егер бала асырап алушың күші жойылған болса, оның талап етуі бойынша қорғанышылық немесе қамқорышылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган береді.

#### **256-бап. Тіркеуші органдардың бала асырап алушың құпиясын қамтамасыз етуі**

1. Тіркеуші органдардың қызыметкерлері бала асырап алушының келісімінсіз бала асырап алу туралы қандай да бір мәліметтерді хабарлауға және бала асырап алушылар асырап алынған баланың ата-ана аты емес екені олардың мазмұнынан көрініп түртатын құжаттарды беруге құқылы емес.

2. Асырап алынған бала туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша ғана беріледі.

## **30-тaraу. Атын, әкесінің атын және тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу**

### **257-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу үшін негіз**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді он алты жасқа толған және атын және (немесе) әкесінің атын, тегін ауыстыруға тілек білдірген адамның жеке өтініші бойынша тіркеуші органдар жүргізеді.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру мынадай дәлелді себептер:

- 1) атының, әкесінің атының, тегінің оғаш естілуі;
- 2) атының, әкесінің атының, тегінің айтуға қыындық келтіруі;
- 3) егер некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тектерінде қалса, жұбайымен ортақ текте болғысы келген жұбайдың тілегі;
- 4) егер неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезде бұл туралы мәлімделмесе, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;
- 5) бұрынғы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған балаларымен ортақ текте болғысы келуі;
- 6) жұбайы қайтыс болған жағдайда некеге дейінгі тегін алғысы келуі;
- 7) жұбайы қайтыс болған жағдайда өтініш беруші некеге дейінгі тегінде болғанда, балаларымен ортақ текте болғысы келуі;
- 8) өтініш беруші таңдаған ата-аналарының бірінің ұлтына (ата-аналарының ұлты әртүрлі болған кезде) сәйкес келетін атты және (немесе) текті алғысы келуі;
- 9) құжаттардағы атынан өзгеше, өмірде нақты қалыптасқан атын алғысы келуі;
- 10) егер некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде жұбайының тегі қабылданса, некеге дейінгі тегін алғысы келуі;
- 11) ұлттық дәстүрлерге байланысты әкесінің немесе атасының аты бойынша текте болғысы келуі;
- 12) өтініш берушінің іс жүзінде тәрбиелеген адамның тегі мен аты бойынша текті және әкесінің атын алғысы келуі;
- 13) жынысын хирургиялық жолмен өзгертуден кезде таңдаған жынысқа сәйкес келетін атты, әкесінің атын, текті алғысы келуі кезінде жүргізіледі.

### **258-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу орны**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш тіркеуші органға өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша беріледі.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш қанағаттандырылған жағдайда мемлекеттік тіркеу азаматтың тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі.

### **259-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініште мынадай мәліметтер:

- 1) өтініш берушінің аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі;
- 2) таңдаған аты, әкесінің аты, тегі;
- 3) атын, әкесінің атын, тегін ауыстырудың себептері көрсетілуге тиіс.

### **260-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті қарау мерзімдері**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішті қарауды тіркеуші орган Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

### **261-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтінішке өтініш берушінің атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды өтінуіне байланысты себептерді растайтын мынадай құжаттар:

- 1) өтініш берушінің туу туралы куәлігі;
- 2) егер өтініш беруші некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса), неке қиу (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік;
- 3) егер өтініш берушінің кәмелетке толмаған балалары болса, баланың туу туралы куәліктері;
- 4) егер оларды тіркеуші органдар тіркеген болса, бала асырап алу туралы куәлік не әке болуды анықтау туралы куәлік;

5) егер өтініш беруші некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуга байланысты өзіне некеге дейінгі тегін беру туралы өтініш жасаса, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы күелік;

6) өтініш берушінің екі фотосуреті қоса беріледі.

Қажет болған жағдайда, өтініш берушінің атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды өтінуіне байланысты себептерді растайтын қосымша құжаттар талап етіледі.

## **262-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуден бас тарту**

Тіркеуші органның атын, әкесінің атын, тегін ауыстырудан бас тартуына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

## **263-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында жазбасының мазмұны**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында жазбасына мынадай мәліметтер:

1) адамның мемлекеттік тіркеуге дейінгі және одан кейінгі аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі;

2) туған күні, айы, жылды, туған жері;

3) азаматтығы, егер жеке басын күеландыратын құжатта көрсетілген болса, ұлты;

4) тіркелген жері, туу туралы акт жазбасының жасалған күні және нөмірі;

5) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында жазбасының негізі;

6) жеке басын күеландыратын құжаттардың деректемелері;

7) мемлекеттік баждың төленген туралы мәліметтер;

8) құжаттың берілген күні және оны берген тіркеуші органның атауы;

9) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күеліктің сериясы мен нөмірі енгізіледі.

## **264-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгертуге жататын мәліметтер**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты бұл туралы акт жазбасының негізінде адамның өзіне қатысты жасалған туу туралы акт жазбасына ғана өзгеріс енгізіледі. Басқа жазбаларға өзгерістер енгізу жүргізілмейді.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру жүргізілгенін растау үшін белгіленген ұлгідегі атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік көрсетіледі.

## **265-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік беру**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу жасалғаннан кейін азаматқа атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік беріледі.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік тек қана ауыстыру жүргізілген адамға мемлекеттік тіркеу орны бойынша беріледі.

## **266-бап. Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік**

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күелік мынадай мәліметтерді:

1) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында мемлекеттік тіркеуге дейінгі және одан кейінгі атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін;

2) туған күні, айы, жылды мен туған жерін;

3) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында жазбасының жасалған күнін және нөмірін;

4) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді жүргізген тіркеуші органның атауын;

5) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күеліктің берілген күнін;

6) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру турагында күеліктің сериясы мен нөмірін қамтиды.

## **267-бап. Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылған турагында хабарланатын мемлекеттік органдар тізбесі**

Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылған жағдайда, бұл туралы хабарлама бір апта мерзімде азаматтың тұрақты тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, прокуратура органдарына, жергілікті әскери басқару органдарына, сыйайлар жемқорлыққа қарсы қызметке, мемлекеттік кіріс органдарына, сондай-ақ тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар жіберіледі.

**Ескерту. 267-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **268-бап. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін негіз**

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін:

- 1) медициналық үйім берген, қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы құжат;
- 2) қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы соптың заңды құшіне енген шешімі негіз болып табылады.

## **269-бап. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу орны**

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу қайтыс болған адамның тұрган жері бойынша немесе ол қайтыс болған жер бойынша тіркеуші органдарда жүргізіледі.

## **270-бап. Қайтыс болу туралы мәлімдеме**

1. Қайтыс болу туралы мәлімдемені қайтыс болған адаммен бірге тұрган адамдар, ал ондай адамдар болмаған жағдайда көршілері, тұрғын-үй пайдалану үйімдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар, қайтыс болған адамды күтіп-баққан не адам сонда қайтыс болған үйімның әкімшілігі немесе мәйітті тапқан ішкі істер органы жазбаша немесе ауызша нысанда береді.

2. Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті қайтыс болған адамның тұрған жері бойынша сот-медициналық сараптамасы үйімінде жасалып жазбаша нысанда береді.

3. Мәлімдеме жасаушы қайтыс болу туралы мәлімдемеде қайтыс болған адам туралы мынадай мәліметтерді: қайтыс болған адамның атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін, туған жылын, соңғы тұрғылықты жерін және оның отбасылық жағдайын, қайтыс болған жылын, айы мен күнін, қайтыс болу себебін, сондай-ақ қайтыс болу туралы мәлімдеме жасаған адамның атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін және тұрғылықты жерін көрсетеді.

4. Қайтыс болуды тіркеу кезінде қайтыс болған адамның жеке басын куәландыратын құжаттары, әскери билеті тіркеуші органға тапсырылуға жатады.

**Ескеरту. 270-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **271-бап. Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу**

Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар мәйіттің жатқан жері бойынша немесе сот-медициналық сараптаманың қорытындысын берген жер бойынша жүргізеді.

Мәйіттері танылмаған адамдардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу кезінде қайтыс болу туралы актінің жазбасына қайтыс болу туралы медициналық куәлікте қамтылған, мемлекеттік тіркеу үшін қажетті мәліметтер ғана енгізіледі.

Егер қайтыс болған адам кейіннен танылған болса, ол туралы жетіспейтін мәліметтер қайтыс болу туралы медициналық куәліктің және мәлімдеме жасаушының жазбаша өтінішінің негізінде қайтыс болу туралы актінің жазбасына қорытынды жасалмастан енгізіледі.

Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың мемлекеттік тіркелгені туралы жергілікті атқарушы органдардың тиісті қызметіне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша қайтыс болу туралы анықтама беріледі.

## **272-бап. Қайтыс болу туралы акт жазбасының мазмұны**

Қайтыс болу туралы акт жазбасына мынадай мәліметтер:

- 1) қайтыс болған адамның аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі, туған күні, айы, жылы мен туған жері, соңғы тұрғылықты жері, жынысы, азаматтығы, егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе, ұлты, қайтыс болған күні мен орны;
- 2) қайтыс болу фактісін раставтын құжаттың негізінде қайтыс болу себебі;
- 3) қайтыс болу фактісін раставтын құжат;
- 4) қайтыс болу туралы мәлімдеме жасаған мәлімдеме жасаушының аты, әкесінің аты (егер бар болса), тегі, тұрғылықты жері не органның, үйімның атауы және заңды мекенжайы;
- 5) қайтыс болу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі енгізіледі.

## **273-бап. Қайтыс болу туралы куәлік беру**

Қайтыс болу мемлекеттік тіркелгеннен кейін қайтыс болған адамның мұрагерлерінің аясына кіретін жақын туыстарына не қайтыс болған адам қамқорлықтарында болған

азаматтарға, сондай-ақ қайтыс болған адам тұрған немесе жазасын өтеген мемлекеттік ұйымдар әкімшілігінің өкілдеріне қайтыс болу туралы куәлік беріледі.

Басқа туыстарына қайтыс болу туралы куәлік мұрагерлік іс қарауында жатқан нотариустың хабарламасы бойынша беріледі.

Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуы туралы куәлік қайтыс болу туралы акт жазбасына барлық қажетті мәліметтер енгізілгеннен кейін ғана беріледі.

## **274-бап. Қайтыс болу туралы куәлік**

Қайтыс болу туралы куәлік мынадай мәліметтерді:

- 1) қайтыс болған адамның атын, әкесінің атын (егер бар болса), тегін, туган күні, айы, жылды мен туган жерін, жасын, қайтыс болған күні мен орнын;
- 2) қайтыс болу туралы акт жазбасының жасалған күні мен нөмірін;
- 3) құжаттың берілген күнін және оны берген тіркеуші органның атауын;
- 4) қайтыс болу туралы куәліктің сериясы мен нөмірін қамтиды.

## **7-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢНАМАСЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

### **32-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢНАМАСЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРҒА ҚОЛДАНЫЛУЫ**

## **275-бап. Ерлі-зайыптылардың мүліктік емес және мүліктік жеке құқықтары мен міндеттері**

Ерлі-зайыптылардың мүліктік емес және мүліктік жеке құқықтары мен міндеттері аумағында өздері бірге тұратын тұрғылықты жері бар мемлекеттің заңнамасымен, ал бірге тұратын тұрғылықты жері болмаған кезде аумағында олардың соңғы бірге тұратын тұрғылықты жері болған мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Бұрын бірге тұратын тұрғылықты жері болмаған ерлі-зайыптылардың мүліктік емес және мүліктік жеке құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

## **276-бап. Әке (ана) болуды анықтау және оны даулау**

1. Әке (ана) болуды анықтау және оған дау айтуда тұған кезде азаматы болған мемлекеттің заңнамасымен айқындалады.

2. Әке (ана) болуды анықтаудың және оған дау айтудың тәртібі Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тіркеуші органдарда әке (ана) болуды анықтауға жол берілсе, баланың Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тұратын ең болмаса біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын ата-аналары әке (ана) болуды анықтау туралы Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне өтініш беруге құқылы.

## **277-бап. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері**

Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде ата-аналардың балаларын күтіп-бағу жөніндегі міндеті аумағында олардың бірге тұратын тұрғылықты жері бар мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Ата-аналар мен балалардың бірге тұратын тұрғылықты жері болмаған кезде ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттері бала азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Талапкердің талап етуі бойынша алименттік міндеттемелерге және ата-аналар мен балалардың арасындағы басқа да қатынастарға аумағында бала тұрақты тұрып жатқан мемлекеттің заңнамасы қолданылуы мүмкін.

## **278-бап. Кәмелетке толған балалардың, сондай-ақ отбасының басқа да мүшелерінің алименттік міндеттемелері**

Ата-аналардың пайдасына алименттік міндеттемелер, сондай-ақ отбасының басқа да мүшелерінің алименттік міндеттемелері аумағында олардың бірге тұратын тұрғылықты жері бар мемлекеттің заңнамасымен айқындалады. Бірге тұратын тұрғылықты жері болмаған кезде

мұндай міндеттемелер алимент алуға құқығы бар адам азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасымен айқындалады.

## **279-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу**

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді және олар жасаган акт жазбалары Қазақстан Республикасының астанасы әкімдігінің тіркеуші органына беріледі.

2. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу кезінде, егер мұдделі адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

**Ескерту. 279-бапка өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **280-бап. Азаматтық хал актілерінің жасалуын растайтын шет мемлекеттердің құжаттарын тану**

Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты тиісті мемлекеттердің заңдары бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдары берген Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде азаматтық хал актілерінің жасалғанын растайтын құжаттар, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, сондай-ақ консулдық ресмилендірілген не арнайы мөртаңба (апостиль) болған кезде Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

Қазақстан Республикасының құзыретті органдары босқындар мен мәжбүрлеп қоныс аударушыларға бұрынғы тұрган жері бойынша неке киу (ерлі-зайыпты болу), туу туралы қуәліктерді және азаматтық хал актілерінің басқа да құжаттарын алуға жәрдем көрсетуге міндетті.

## **33-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **281-бап. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

### **282-бап. Осы Кодексті қолдану тәртібі**

1. Осы Кодекс оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

2. Осы Кодекстің 112-бабы 2-тармағының 8), 9) және 10) тармақшаларының ережелері қолданысқа енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттеуді алған бала асырап алу жөніндегі агенттіктер көрсетілген тармақшалардың ережелері қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үәкілетті органына тиісті міндеттемелер ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң осы Кодекстің 112-бабының 2-тармағы 8), 9) және 10) тармақшаларының ережелеріне сәйкес міндеттемелер ұсынбаған бала асырап алу жөніндегі агенттіктер Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін тоқтатады.

**Ескерту. 282-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 501-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **283-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Кодекс алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жарышы, 1998 ж., № 23, 430-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының	
Президенті	Н. НАЗАРБАЕВ